

**"Қазақстан Республикасының мемлекеттік қаржысын басқарудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 30 сәуірдегі № 276 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасының мемлекеттік қаржысын басқарудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

*Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі*

*Ә. Смайылов*

**Қазақстан Республикасының мемлекеттік қаржысын басқарудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 13 қыркүйектегі № 659 Жарлығымен бекітілген Мемлекет басшысының 2021 жылғы 1 қыркүйектегі "Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі" атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі жалпыұлттық іс-шаралар жоспарының 5-тармағына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының мемлекеттік қаржысын басқарудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасы бекітілсін.
2. Осы Жарлыққа қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарының күші жойылды деп танылсын.
3. Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей есеп беретін және бағынатын мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдар осы Жарлықтан туындайтын шараларды қабылдасын.
4. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жүктелсін.
5. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Президенті*

*Қ. Тоқаев*

Қазақстан Республикасы  
Президентінің  
2022 жылғы  
№ Жарлығымен  
БЕКІТІЛГЕН

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАРЖЫСЫН БАСҚАРУДЫҢ 2030 ЖЫЛҒА ДЕЙІНГІ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ МАЗМҰНЫ

1-бөлім. Паспорт (негізгі параметрлер)

2-бөлім. Ағымдағы ахуалды талдау

2.1. Мемлекеттік қаржы саласындағы қолданыстағы мемлекеттік реттеуді бағалау

2.2. Түйінді проблемалар және Мемлекеттік қаржыны басқару тұжырымдамасын әзірлеу қажеттігінің негіздемесі

3-бөлім. Халықаралық тәжірибеге шолу

4-бөлім. Мемлекеттік қаржыны басқарудың даму пайымы

5-бөлім. Мемлекеттік қаржыны басқару саясатын қалыптастырудың негізгі қағидаттары мен тәсілдері

5.1. Мемлекеттік қаржыны басқару саясатының негізгі қағидаттары

5.2. Мемлекеттік қаржыны басқару саясатының негізгі тәсілдері

5.3. Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражатын қалыптастыру және пайдалану саясаты

5.4. Салық-бюджет саясаты

5.4.1. Бюджеттік қағидалар жиынтығын айқындау

5.4.2. Бюджеттің кіріс бөлігін нығайту (салық саясаты)

5.4.3. Бюджет шығыстарының тиімділігі мен экономикалық қайтарымдылығын арттыру

5.5. Мемлекеттік борышты басқару саясаты

5.6. Мемлекеттік қаржыны басқару процесінің ашықтығы мен айқындығын арттыру

5.7. Мемлекеттік қаржыны басқару процесін автоматтандыру және цифрландыру

6-бөлім. Нысаналы индикаторлар және күтілетін нәтижелер

7-бөлім. Қазақстан Республикасының мемлекеттік қаржысын басқарудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспары

## 1-БӨЛІМ. ПАСПОРТ (НЕГІЗГІ ПАРАМЕТРЛЕР)

Атауы	Қазақстан Республикасының мемлекеттік қаржысын басқарудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасы
Әзірлеу үшін негіздеме	Қазақстанның 2050 жылға дейінгі даму стратегиясы; Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі ұлттық даму жоспары; Мемлекет басшысының 2020 жылғы 1 қыркүйектегі "Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі" атты Қазақстан халқына Жолдауы; Мемлекет басшысының 2021 жылғы 1 қыркүйектегі "Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі" атты Қазақстан халқына Жолдауы

Тұжырымдаманы әзірлеуге жауапты мемлекеттік орган	Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі
Тұжырымдаманы іске асыруға жауапты мемлекеттік органдар, ұйымдар	Орталық және жергілікті атқарушы органдар, квазимемлекеттік сектор субъектілері
Іске асыру мерзімі	2022 – 2030 жылдар

## 2-БӨЛІМ.

### АҒЫМДАҒЫ АХУАЛДЫ ТАЛДАУ

#### 2.1. Бюджет саласындағы қолданыстағы мемлекеттік реттеуді бағалау

Қазақстан тәуелсіздік алған сәттен бері бюджеттік реттеу жүйесін қалыптастыру мен жетілдірудің даңғыл жолынан өтті.

Бюджет саласында бірқатар маңызды, өзара байланысты және жақсы ойластырылған реформалар жүргізілді.

Мұнайдан түсетін кірістерді жинақтау болашақ ұрпақ үшін қаржы ресурстарын жинау, сондай-ақ республикалық бюджеттің әлемдік шикізат нарықтарындағы ахуалға тәуелділігін азайту арқылы мақсатында 2000 жылы Қазақстан Республикасының Ұлттық қорының (бұдан әрі – ҚРҰҚ) құрылуы Қазақстанның бюджет жүйесінің маңызды реформасы болды. ҚРҰҚ елдегі макроэкономикалық тұрақтылықты қолдаудың маңызды құралына айналды.

ҚРҰҚ-ның құрылуы шикізат нарықтарындағы бағалар деңгейінің "шарықтауы" кезеңінде дағдарысқа қарсы ауқымды бағдарламаларды іске асыруға қаражат бөлу арқылы 2000-шы жылдардағы дағдарыстардың сыртқы соққыларын жұмсартуға мүмкіндік берді.

Мұнайдан түсетін кірістердің негізгі көлемін бюджетке тіркелген трансфертпен үйлестіре отырып ҚРҰҚ-ға жіберудің мақсаты мұнай кірістері құбылмалылығының бюджетке ықпалын шектеу және бюджеттік тәртіпті арттыру болып табылады.

Мемлекеттік басқарудың барлық деңгейлеріндегі бюджет процесі 2008 жылы қабылданған Қазақстан Республикасының Бюджет кодексімен (бұдан әрі – Бюджет кодексі) реттеледі.

ҚРҰҚ-ның қаражатын қалыптастыруды және пайдалануды қоса алғанда, бюджет саясатының бағыттары Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 26 маусымдағы № 590 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының жаңа бюджет саясатының тұжырымдамасында (бұдан әрі – Бюджет саясатының тұжырымдамасы) және Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 8 желтоқсандағы № 385 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражатын қалыптастыру және пайдалану тұжырымдамасында (бұдан әрі – ҚРҰҚ тұжырымдамасы) айқындалған.

Бюджет саясатының тұжырымдамасы 2020 жылға дейінгі фискалдық саясатты қалыптастырудың пайымын, негізгі тәсілдерін және мемлекеттік қаржы саласындағы

кешенді реформаларды қамтамасыз етуге бағытталған шараларды айқындайды. Бюджет саясатының тұжырымдамасында мемлекеттік бюджет тапшылығы мен борышына қатысты қағидалар да белгіленген.

Бұл фискалдық негіз ҚРҰҚ тұжырымдамасында жетілдірілді, онда бюджеттің мұнайға қатысты емес тапшылығына, үкіметтік борышқа және ҚРҰҚ активтерінің ең аз көлеміне қатысты қосымша қағидалар белгіленіп, сондай-ақ ҚРҰҚ-дан республикалық бюджетке берілетін трансферттер жүйесі өзгертілді.

2017 жылдан бастап Бюджет кодексіне енгізілген толықтыруларды ескере отырып, мұнайға қатысты емес тапшылық деңгейі үш жылдық республикалық бюджет туралы заңда бекітіледі.

Бүгінгі таңда Қазақстанның бюджеттік жүйесі бюджеттік қағидаларға негізделеді.

Бюджеттің тапшылығы мен мұнайға қатысты емес тапшылығын шектейтін, сондай-ақ мемлекеттік борыштың параметрлері мен ҚРҰҚ қаржы активтерінің төменгі шегін белгілейтін бюджеттік қағидалардың мақсаты – мемлекет қаржысының орнықтылығын ұстап тұру мақсатын көздейді.

2018 – 2020 жылдары ҚРҰҚ-дан республикалық бюджетке берілетін кепілдендірілген трансферт, мұнайға қатысты емес тапшылық бойынша қағидаларға қатысты және борышты тұрақтандыру үшін ҚРҰҚ тұжырымдамасына өзгерістер енгізілді.

Өзгерістерге сәйкес Ұлттық қордан республикалық бюджетке берілетін кепілдендірілген трансферттің мөлшері 2019 – 2021 жылдары жыл сайын 2 700 млрд теңгені құрауға тиіс. Келесі жылдары кепілдендірілген трансферттің мөлшері кезең-кезеңімен төмендетілуге тиіс. Мұнайға қатысты емес 2019 – 2020 жылдарға арналған тапшылықтың лимиті жеңілдетілді.

Ұлттық қордың активтерін үкіметтік борышпен алмастыруды болғызбау мақсатында мынадай шектеулер енгізілді:

үкіметтік борышты өтеуге және қызмет көрсетуге арналған шығыстар Ұлттық қордан алынатын трансферттерді қоса алғанда, республикалық бюджет кірістерінің 15 %-ынан аспауға тиіс;

Үкіметтің сыртқы борышының (мемлекет кепілдік берген сыртқы борышты ескере отырып) және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің сыртқы борышының көлемі Ұлттық қордың валюталық активтерінің жалпы мөлшерінен аспауға тиіс.

Осы мақсаттарда үкіметтік борыш пен мемлекет кепілдік берген борыштың лимиттерін айқындай отырып, квазимемлекеттік сектордың сыртқы қарыз алуына оның көлемін Үкіметпен келісу арқылы шектеу белгіленетін болады. Бұл шектеу Бюджет кодексінде бекітілген.

2020 жылы Бюджет кодексінде ҚРҰҚ-дан кепілдендірілген трансферттің мөлшерін регламенттейтін бюджеттік қағида бекітілді. Қағидаға сәйкес кепілдік берілген

трансферттің мөлшері мұнайдың белгіленген "кесімді" бағасы кезінде мұнай секторынан ҚРҰҚ-ға түсетін болжамды түсімдерден аспауға тиіс.

Қазақстанда ел экономикасына ықпал етуі мүмкін тәуекелдердің түрлерін Үкімет республикалық бюджетті жоспарлаудың негізі болып табылатын Орта мерзімді кезеңге арналған Әлеуметтік –экономикалық даму болжамын (бұдан әрі – ӘЭДБ) әзірлеу кезінде қарайды.

2018 жылдан бастап ӘЭДБ құрамында мемлекет қаржысының тұрақтылығын бағалау ұсынылады.

Халықаралық валюта қоры сарапшыларының пікірінше, ӘЭДБ тәуекелдер жиынтығының ашылуына қарамастан, модельдеудің қолданыстағы әдістері макроэкономикалық тәуекелдердің әсер ету тетіктерінің бір бағыттағы диапазонын талдаумен шектеліп, экономикадағы ұсыныс аспектісі бойынша құрылған. Нәтижесінде экономикалық күйзелістердің бюджеттік позицияларға ықпал ету дәрежелері толық бағаланбайды, бұл бюджеттік тәуекелдердің іске асырылуына әкеледі.

Сонымен қатар әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері бес жылға болжанады, ал бюджет параметрлері үш жылға жасалады. Қолданыстағы жүйеде 10 жылдан астам кезеңді қамтитын ұзақ мерзімді болжамдарды әзірлеу талабы бекітілмеген. Халықтың қартаюы, бала туудың артуы сияқты демографиялық көрсеткіштерге немесе климаттың өзгеруіне байланысты басқа елдерде байқалып отырған үрдіс Қазақстан үшін де өзекті, өйткені экономикалық өсуге, зейнетақымен қамсыздандыруға, денсаулық сақтауға және әлеуметтік қызмет көрсету бағдарламаларына, салық салу және басқаларына әсер етеді, бұл да мемлекеттік бюджет параметрлерінен көрініс табады.

Болжау мен елді жоспарлаудың қолданыстағы жүйесін бюджеттік практиканың озық желісіне жақындату мақсатында халықаралық сарапшылар жеке құжат жариялауды ұсынады, ол Үкіметтің бюджет тәуекелдерін талдау мен басқару, мемлекеттік қаржының орнықтылығын бағалау жұмысын одан әрі жетілдіру жолындағы маңызды кезең болмақ.

2022 жылғы 1 қаңтардан бастап қабылданған бюджет заңнамасының нормасы ( Бюджет кодексінің 74-бабы 1-тармағының 1-1) тармақшасы) бюджет тәуекелдері мен мемлекеттік қаржының ұзақ мерзімді орнықтылығы туралы талдамалық есепті әзірлеу үшін негіз болады, оны Қазақстан Республикасының Үкіметі жоспарлы кезеңге арналған республикалық бюджет туралы заң жобасымен бір мезгілде Қазақстан Республикасының Парламентіне ұсынады.

Қазақстан үшін бюджеттік тәуекелдерді басқару және мемлекеттік қаржының ұзақ мерзімді орнықтылығын бағалау жүйесін енгізу бюджет процесінде қазіргі уақытта қолданылатын стратегиялық жоспарлауға маңызды қосымша болып табылады. Бюджеттік тәуекелдерді ашу және ұзақ мерзімді орнықтылықты бағалау саяси шешімдер қабылдау кезінде шығасылар мен пайдалар теңгерімін айқындауға ықпал ететін болады, қысымның ұзақ мерзімді нүктелерін түсінуді қамтамасыз етеді.

Бюджеттің кіріс базасын нығайту цифрлық технологияларды пайдалануды ескере отырып, салықтық және кедендік әкімшілендірудің сапасын арттыру бөлігінде қабылданатын шаралар есебінен жүзеге асырылады, оның нәтижесінде республикалық бюджет кірісіне жыл сайын шамамен 700-800 млрд теңге қосымша түсімдер қамтамасыз етіледі. Соңғы 3 жылда (2019 – 2021 жылдары) бюджет 2,3 трлн теңгеден астам қосымша түсімдер алды (2019 жылы 916 млрд теңге, 2020 жылы 710 млрд теңге, 2021 жылы 683 млрд теңге).

2022 жылға арналған түсімдердің болжамында салықтық және кедендік әкімшілендіру шаралары және оларды цифрландыру есебінен 726 млрд теңге көлемінде қосымша түсімдер ескерілген. Бұл көлеңкелі экономика деңгейін 2018 жылғы ЖІӨ-ге қарағанда 27 %-дан 2020 жылы 20,2 %-ға дейін төмендетуге мүмкіндік берді (2019 жылы 23,6 %).

Осы бағыттағы жұмыс 2022 жылы ақпараттық жүйелер кешені болып табылатын Тауарларды қадағалаудың ұлттық жүйесінің толыққанды жұмыс істеуін ескере отырып, жалғастырылатын болады.

Бұдан басқа халықаралық тәжірибені ескере отырып, бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган тараптардың өзара келісуі бойынша салық органдарының ірі бизнес бухгалтериясымен қашықтықтан ақпараттық өзара іс-қимылына негізделген ірі бизнестің деңгейлес мониторингі бойынша жобаны бастады, бұл болашақта салықтық түгел есептеулер мен айыппұлдарды алып тастайды.

Қолданыстағы трансферттік баға белгілеу туралы заңнамаға сәйкес Қазақстан Республикасының (бұдан әрі – ҚР) тауар биржалары туралы заңнамасына сәйкес биржалық тауарлармен тауар биржасында жасалған мәмілелер бойынша бақылау жүзеге асырылмайды.

2015 – 2020 жылдар кезеңінде стратегиялық маңызды тауарларды (мұнай, газ, мұнай өнімдері, металдар, кендер мен концентраттар, көмір, астық) экспорттаушыларда трансферттік баға белгілеу бойынша барлығы 147 тексеру жүргізілді, олардың нәтижелері бойынша бюджетке 50 млрд теңге сомасында салық өндірілді.

Бұдан басқа Қазақстанның тауар биржалары арқылы өткізілген сұйытылған газ бен астық бойынша 2019 жылғы мәмілелерге мониторинг жүргізу кезінде импорт еліндегі (Өзбекстан, Тәжікстан, Ауғанстан) нарықтық бағалардан 10-25 %-ға төмендету айқындалды.

Сондай-ақ іс жүзінде жасанды делдалдық құрылымдар құрылады, олар экспортталатын өнімді кейіннен сату кезінде ең аз тәуекелді қабылдайды және оларды өзара байланысты тараптар мойындамайды.

Мұндай мәмілелер трансферттік баға белгілеу туралы заңнамамен бақыланбайды және ҚР капитал шығару жүргізіледі.

Салық міндеттемелерін орындауды түбегейлі жеңілдету үшін ыңғайлы және қарапайым функционалы бар мобильді қосымшалар іске қосылды. Бұл – жеке тұлғалар үшін "E-Salyq-Azamat" және 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап жеке кәсіпкерлерге арналған "E-Salyq-business".

Сонымен бірге отандық салық заңнамасында преференциялардың, кейінге қалдырулардың, шегерімдердің, жеңілдіктер болып табылатын, салық төлеу тәсілдері мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер өзгерістерінің кең спектрі бар.

Салықтық жеңілдіктер мен преференцияларды талдау тұрақты негізде жүргізіледі. Қолданыстағы Салық кодексінде 277 салық жеңілдігі бар.

Бұл жеңілдіктердің сомасы 2018 жылы 4 511,4 млрд теңгені құрады.

Салықтар бөлінісінде қосылған құн салығы (бұдан әрі – ҚҚС) жеңілдіктері бойынша сома – 2 700,4 млрд теңге, корпоративтік табыс салығы (бұдан әрі – КТС) бойынша – 1 786,5 млрд теңге, қалған жеңілдіктер бойынша – 24,5 млрд теңге, яғни құрылымдағы басым үлесті ҚҚС және КТС бойынша жеңілдіктер алады (99,5 %).

2019 жылы жеңілдіктер сомасы – 4 017,7 млрд теңгені, 2020 жылы 4 401,9 млрд теңгені құрады. Жеңілдіктер құрылымы сақталды.

Бұлардың негізгі бөлігі стандарт жеңілдіктер, яғни халықаралық практикаға сәйкес келеді.

2020 жылы ҚҚС бойынша жеңілдіктер сомасы 3 153,4 млрд теңгені (71,6 %) құрады

2020 жылы КТС бойынша жеңілдіктер сомасы 1 224,6 млрд теңгені (27,8 %) құрады

Салықтық жеңілдіктердің көп мөлшері мемлекет үшін жоғалған кірістің едәуір мөлшері болып табылады.

2014 – 2020 жылдары Бюджет саясаты тұжырымдамасына және 100 нақты қадам – Ұлт жоспарына сәйкес бюджет жүйесінің тиімділігін арттыру бойынша жұмыстар жүргізілді.

Реформалар кешенді түрде жүргізілді. Осы кезеңдегі реформалардың негізгі бағыты "бюджет қаражатын басқарудан" "нәтижелерді басқаруға" көшу бойынша жұмысты жалғастыру болып табылады.

Осыған байланысты 2013 жылы нәтижеге бағдарланған Мемлекеттік жоспарлау жүйесін жетілдіру тұжырымдамасы (бұдан әрі – Тұжырымдама) қабылданды.

Тұжырымдама осы уақытқа дейін Мемлекеттік жоспарлау жүйесін одан әрі дамытудың негізгі қағидаттары мен тәсілдерін қамтиды, сондай-ақ мемлекеттік жоспарлау мәселелері бойынша мемлекеттік саясатты іске асырудың мақсаттары мен міндеттерін айқындайды.

Төменгі деңгейдегі құжаттарды бір деңгейге жоғары тұрған құжаттарға байланысты әзірлеудің қажеттігі мен заңдылығы негізгі қағидаттары болып табылады.

Бұл нысаналы индикаторлар мен нәтижелер көрсеткіштері мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжаттарының иерархиясына сүйене отырып бөлшектелуі және айқындалуы тиіс екенін білдіреді.

Өз кезегінде бюджет шығыстары мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарында белгіленген нысаналы индикаторлар мен нәтижелер көрсеткіштеріне қол жеткізуге, яғни "нәтижелерді басқаруға" бағытталуға тиіс.

"Нәтижелерді басқарудың" негізгі тәсілдері мыналарды болжайды:

бюджет мемлекеттік саясаттың мақсаттары мен нәтижелері негізінде қалыптастырылады;

шығыстарды жоспарлау кезінде бюджеттік бағдарламалар шеңберінде түпкілікті нәтижелерді негіздеуге басты назар аударылады;

бюджет қаражатын бюджет қаражаты әкімшілерінің және (немесе) олар іске асыратын бюджеттік бағдарламалардың арасында бөлу елдің бағдарламалық құжаттарында белгіленген басымдықтарға сәйкес түпкілікті нәтижелерге қол жеткізуге тікелей байланыста жүзеге асырылады;

бюджет қаражаты әкімшілері қызметінің нәтижелерін бағалау қол жеткізілген нәтижелер бойынша жүзеге асырылады.

Нәтижеге бағдарланған бюджеттеуді пайдалану мыналарға:

бюджет шығыстарын экономиканы дамытудың басым бағыттарына шоғырландыруға;

бюджеттік бағдарламалардың күтілетін нәтижелері мен қажетті ресурстар көлемі арасында өзара байланыс орнатуға;

бюджет шығыстарының негізділігін арттыруға;

бюджеттік бағдарламаларды іске асыру үшін мемлекеттік органдардың жауапкершілігін арттыра отырып, олардың дербестігін кеңейтуге мүмкіндік береді.

Нәтижеге бағдарланған бюджеттеу қағидаттарын іске асыру үшін бюджет процесіне қатысатын құжаттардың құрылымы мен мазмұнын қайта қарау қажет болды.

Мемлекеттік органның стратегиялық жоспарының жаңа форматы мен аумақтарды дамыту жоспары енгізілді.

Мемлекеттік орган қызметінің мақсаттары мен нысаналы индикаторлары мемлекеттік органның стратегиялық жоспарында белгіленеді. Мемлекеттік органның стратегиялық жоспарынан бюджеттік бағдарламалар жеке құжат болып бөлінді.

Бюджет қаражатын жұмсау есебінен қол жеткізілетін тікелей және түпкілікті нәтижелерді айқындайтын және бюджет қаражатының стратегиялық жоспардың нысаналы индикаторларымен өзара байланысын қамтамасыз ететін негізгі құжат ретінде бюджеттік бағдарламаның рөлі күшейтілді. Сонымен қатар Бюджет кодексінде "тікелей нәтиже" және "түпкілікті нәтиже" ұғымдарына нақты анықтамалар берілді.



Бір стратегиялық мақсатқа, түпкілікті нәтижеге қол жеткізуге бағытталған шығыстарды бір бюджеттік бағдарламаға енгізу бюджеттік бағдарламаны қалыптастырудың негізгі қағидаты болып табылады.

Осыған байланысты бюджеттік бағдарламалар мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарының және аумақтарды дамыту жоспарларының мақсаттарына сәйкес ірілендірілді.

Бюджеттік бағдарламалардың ірілендірілуімен мемлекеттік органдарға белгілі бір дербестік берілді, ол – бюджетті атқару барысында жоспарланған нысаналы индикаторларға қол жеткізу мақсатында бір бюджеттік бағдарлама шегінде қаражатты қайта бөлу.

Сонымен қоса мемлекеттік органдардың бірінші басшыларының және бюджеттік бағдарламалар басшыларының бюджеттік бағдарламалардың тікелей және түпкілікті нәтижелеріне қол жеткізбегені үшін (бюджет қаражатын толық игерген, сол сияқты толық игермеген кезде) жауапкершілігі нақтыланып, күшейтілді.

Осылайша "нәтижеге бағдарланған бюджеттеу" қағидаттарында жұмыс істейтін бюджет жүйесі құрылды.

2021 – 2023 қаржы жылдарына арналған бюджетті қалыптастырудан бастап, үнемділік пен экономикалық қайтарымдылық қағидаттарына негізделген бюджетті жоспарлаудың жаңа жүйесі енгізілді.

Бюджеттік жоспарлаудың жаңа тәсілдері енгізілгеннен бастап бюджет процесі шығыстар бойынша лимиттен емес, стратегиялық мақсаттар мен міндеттерге басымдық беруден басталады.

Бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері бюджеттік өтінім шеңберінде бюджеттік инвестициялар мен бюджеттік субсидиялар бойынша мәлімделген шығыстардың тиімділігін бағалауды жүзеге асырады.

Бұл жаңашылдықтар бюджет қаражатын тиімді пайдалануды қамтамасыз етеді.

Енді бюджет қаражаты негізінен болашақ бюджет кірістері, жұмыс орындары және жеке инвестициялар түріндегі экономикаға ең көп қайтарымды шығыстарға бөлінеді.

Әр министрліктің жанынан әкімшілердің тұрақты шығыстар бойынша өтінімдерін бекітетін ведомстволық бюджет комиссиялары құрылды. Дербестікпен қатар бұл мемлекеттік органдардың өз деңгейінде жоспарлау сапасын арттырады.

Осылайша бюджет заңнамасы бір мезгілде жауапкершілікті арттыра отырып, мемлекеттік органдар дербестігінің шекарасын айтарлықтай кеңейтті.

Өзгерістер бюджет жобасын және оның атқарылуы туралы есепті ұсынудың, оларды Парламентте қараудың форматына қатысты болды. Бұл рәсімдер "ақшаны басқарудан" "нәтижелерді басқаруға" көшу қағидатына сәйкес нәтижелерге қол жеткізуге бағытталған.

Мәселен, бүгінгі күні Парламентке бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган енгізетін құжаттар мен материалдардан басқа, бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің

құжаттары стратегиялық жоспарлар мен бюджеттік бағдарламалар, бюджеттік инвестициялар мен субсидияларға мәлімделген шығыстардың экономикалық әсерін бағалау түрінде ұсынылады.

Парламентте жылдық есепті талқылау кезінде уәкілетті тұлғалардың, бюджеттік бағдарламалар әкімшілері басшыларының тікелей және түпкілікті нәтижелерге қол жеткізу туралы және әкімдердің республикалық бюджеттен алынған нысаналы трансферттер мен бюджеттік кредиттер туралы есептері тыңдалады.

Түсіндірме жазбаларда стратегиялық жоспарлардың, аумақтарды дамыту бағдарламаларының нысаналы индикаторларына, бюджеттік бағдарламалар нәтижелерінің көрсеткіштері қол жеткізу, оларға қол жеткізілмеу себептері туралы ақпарат көрсетіледі.

2021 жылы елімізде жаңа Мемлекеттік жоспарлау жүйесі қабылданды: ҚР Президентінің жарлықтарымен Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі ұлттық басымдықтары және Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспары бекітілді.

Заңнамалық негізде бюджет процесіне интеграцияланып ұлттық жобалар бекітілді. Бюджет кодексінің талаптарына сәйкес ұлттық жобалар іс-шараларын қаржыландыру бюджет жүйесінің қағидаттары сақталып, басым тәртіппен жүзеге асырылады.

Мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарлары мен аумақтарды дамыту бағдарламаларын тиісінше мемлекеттік органдардың даму жоспарлары мен облыстарды, республикалық маңызы бар қалаларды, астананы дамыту жоспарларына ауыстыру қамтамасыз етілді.

Елде құрылып жатқан, нәтижелерге бағдарланған бюджеттеу жүйесі бағалаудың жаңа құралдарын енгізе отырып, нәтижелерді бағалау жүйесін одан әрі дамытуды талап етті.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы № 954 Жарлығымен орталық мемлекеттік органдар мен облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары қызметінің тиімділігін арттыру құралы ретінде Мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін жыл сайынғы бағалау жүйесі енгізілді.

Мемлекеттік органның жүктелген міндеттер мен функцияларды іске асыру дәрежесі орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдар қызметінің тиімділігін бағалау нысанасы болып айқындалды. Бағалау мемлекеттік органдар қызметінің мынадай бағыттары бойынша жүргізілді:

1) жетекшілік ететін саладағы/аядағы/өңірдегі стратегиялық мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу;

2) Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Қазақстан Республикасы

Премьер-Министрінің, оның орынбасарларының, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Кеңесі Басшысының актілері мен тапсырмаларын орындау;

- 3) бюджетті атқару кезінде бюджеттік бағдарламаларды іске асыру;
- 4) мемлекеттік қызметтер көрсету;
- 5) персоналды басқару;
- 6) ақпараттық технологияларды қолдану.

Қазақстан үшін бюджет шығыстарын бағалау мәселесі нәтижеге бағдарланған бюджеттік жоспарлаудың жаңа жүйесін енгізу процесінде өзектілікке ие болды.

2017 жылы Бюджет кодексінде бағалау жүйесінің кешенділігін айқындаған норма заңнамалық түрде бекітілді, оған сәйкес нәтижелерді бағалау Мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжаттарының іске асырылуын бағалауға, орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдар қызметінің тиімділігін бағалауға және тиімділік аудитіне негізделеді.

Қазіргі уақытта Қазақстанның мемлекеттік басқару жүйесінде мынадай бағалау түрлері қолданылады:

- Мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжаттарының іске асырылуын бағалау;
- мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін бағалау;
- бюджеттік инвестициялардың іске асырылуын бағалау;
- мемлекеттік мүлікті басқару тиімділігін бағалау.

Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарын бағалау "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 29 қарашадағы № 790 қаулысына сәйкес жүзеге асырылады, елдің әлеуметтік-экономикалық және/немесе қоғамдық-саяси дамуына әсер ете отырып, олардың іске асырылу есептері негізінде нақты жоспарланған нәтижелерге қол жеткізуді бағалауға мүмкіндік береді.

Орталық мемлекеттік органдардың және жергілікті атқарушы органдардың (бұдан әрі – ЖАО) қызметінің тиімділігін бағалау "Орталық мемлекеттік органдар мен облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары қызметінің тиімділігін жыл сайынғы бағалау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы № 954 Жарлығына сәйкес жүзеге асырылады, мемлекеттік органдардың даму жоспарларының мақсаттарына қол жеткізілуін, сондай-ақ бюджеттік бағдарламалар көрсеткіштерінің нәтижелілігін бағалауға мүмкіндік береді.

Бюджеттік инвестициялардың іске асырылуын бағалау Бюджет кодексінің 157 және 159-баптарына сәйкес жүзеге асырылады, бюджеттік инвестицияларды іске асырудан экономикалық және әлеуметтік қайтарымның ұзақ мерзімді көрсеткіштеріне қол жеткізуді ескере отырып, оларды іске асырудың тиімділігін бағалауға мүмкіндік береді.

Мемлекеттік мүлікті бағалау Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 11 наурыздағы № 193 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу

тізілімінде № 10681 болып тіркелген) бекітілген мемлекеттік мүлікті басқару тиімділігін бағалау қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады. Ол мемлекеттік мүлікті, оның ішінде мемлекеттік заңды тұлғаларға бекітілген мүлікті және заңды тұлғалардың жарғылық капиталындағы мемлекетке тиесілі акциялар мен қатысу үлестерін басқарудың тиімділігін, олардың қаржылық жай-күйінің орнықтылығын және ағымдағы өтімділік коэффициентін меншікті айналым қаражатымен қамтамасыз етілу коэффициентіне қатысты есептеу арқылы төлем қабілетсіздігін анықтауға мүмкіндік береді.

Нәтижелерді бағалаудың барлық көрсетілген түрлері уәкілетті және жоғары тұрған органдарға тиісті қорытындылары мен ұсынымдары бар бағалау нәтижелерін ұсына отырып, жыл сайынғы негізде жүргізіледі.

Сонымен қатар бағалау нәтижелері бойынша ұсынымдарды пайдалануды талдау, сондай-ақ бюджеттік жоспарлау процесін жетілдіру бойынша жүргізіліп жатқан жұмыс бағалау нәтижелерінің талап етілуінде және ресурстарды бөлу бойынша шешімдер қабылдау кезінде оларды пайдалануда белгілі бір проблемалар бар екенін көрсетіп отыр.

Бюджет саясатының тұжырымдамасын іске асыру шеңберінде бюджеттік инвестицияларды жоспарлау жүйесі қайта қаралды, онда техникалық-экономикалық негіздемелер мен жобалау-сметалық құжаттама (бұдан әрі – ЖСҚ) әзірленгенге дейін инвестициялық ұсыныстарды қалыптастыру сатысында жобаларды тиісті өлшемшарттар бойынша қатаң іріктеу жүргізіледі және оларды қаржыландыру схемасы айқындалады.

Бюджеттік инвестицияларды жоспарлау және іске асыру кезінде артық рәсімдерді қысқарту мақсатында 2013 жылы Бюджет кодексіне "бюджеттік компаратор" қағидаты бойынша мемлекеттік инвестициялық жобаларды іріктеу әдісі енгізілді, ол инвестициялық ұсыныс сатысында мемлекеттік инвестициялық жобаларды бюджеттік не жеке инвестициялар есебінен қаржыландырудың ықтимал түрі мен тәсілдерін айқындауды, яғни жобаны бюджеттік инвестициялық жоба, бюджеттік кредит заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту, мемлекеттік-жекешелік жоба ретінде не жеке инвестициялар есебінен іске асыруды болжайды.

Бюджеттік инвестицияларды жоспарлау мен іске асырудың бюджеттік рәсімдерін жетілдіру бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстарға қарамастан, бүгінгі күннің маңызды мәселелерінің бірі бірыңғай платформада жобаларды жоспарлау кезеңінен бастап нақты пайдалануға бергенге дейін (тікелей және түпкілікті нәтижелерге қол жеткізу) олар бойынша тарихи деректерді жинақтай және сақтай отырып, барлық жоспарланатын және іске асырылатын бюджеттік инвестицияларды толыққанды есепке алуды және мониторингтеуді жүргізуге мүмкіндік беретін бюджеттік инвестициялар бойынша бірыңғай деректер базасының болмауы болып табылады.

Осы мәселені шешу үшін қазіргі уақытта бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органмен бірлесіп, "Мемлекеттік жоспарлаудың ақпараттық жүйесін" дамыту шеңберінде "Мемлекеттік инвестициялық жобалар" жеке модулін қосу және дамыту мәселелерін пысықтауда.

Жоғарыда аталған ақпараттық жүйе пайдалануға берілгеннен кейін барлық мүдделі мемлекеттік органдарды бірыңғай ақпараттық жүйеге қосу арқылы бизнес-процестерді оңтайландыру күтіліп отыр және сол арқылы электрондық құжат айналымына толық көшуді аяқтауға мүмкіндік береді.

Сондай-ақ жоғарыда аталған модульді пайдалануға беру кейбір өзекті мәселелерді шешуге, оның ішінде мемлекеттік инвестициялық жобалар бойынша деректер базасын енгізуге және техникалық-экономикалық негіздемелер мен ЖСҚ-ны қарау үшін "бір терезе" тәсілін енгізуге уақтылы жәрдемдеседі деп күтілуде.

2015 жылғы 31 қазанда "Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – МЖӘ туралы заң) қабылдануымен толыққанды мемлекеттік-жекешелік әріптестік институты (бұдан әрі – МЖӘ) енгізілді.

МЖӘ туралы заң экономиканың көптеген салаларында МЖӘ іске асыру мүмкіндігін ашты, оның келісімшарттық нысандарын кеңейтті, сондай-ақ тек конкурс негізінде емес, сонымен қатар тікелей келіссөздер арқылы шарттар жасасуға мүмкіндік берді.

2019 жылы МЖӘ бойынша заңнамаға жобалардың басымдығы мен сапасын арттыру жөнінде өзгерістер енгізілді, онда МЖӘ жобалары бойынша шешім жобаның халық үшін құндылығы мен мерзімділігі ескеріле отырып қабылдануы қажет екені бекітілген. Жобаларды әзірлеуге, есепке алынбаған тәуекелдерді азайтуға, сыбайлас жемқорлықты азайтуға кешенді әрі жан-жақты тәсілді қамтамасыз ету үшін міндетті түрде Ведомствоаралық жобалық топ құру енгізілді.

МЖӘ институты жұмыс істегеннен бері 2015 жылдан бастап 2021 жылғы 1 желтоқсанға дейін жалпы сомасы 2 098 млрд теңгеге 876 МЖӘ шарты жасалды, оның ішінде 1-санаттағы жобалар саны – 331

(1 873,3 млрд теңге), 2-санат – 212 (118 млрд теңге), 3-санат – 333 (107,1 млрд теңге).

Бюджетке түсетін жүктеме МЖӘ жобаларын қандай да бір санатқа жатқызуға байланысты, өйткені 1-санат – бюджеттен барлық шығындарды толық өтеу, 2-санат – бюджеттен шығындарды ішінара өтеу және 3-санат – тарифтер мен ақылы қызметтер есебінен өзін-өзі ақтайтын жобалар.

2020 жылдан бастап жергілікті өзін-өзі басқару органдарының дербес бюджеттері жаппай енгізілген сәттен бастап Қазақстанның бюджет жүйесі республикалық және облыстық (республикалық маңызы бар қалалар, астана), аудандық (облыстық маңызы бар қалалар), аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер және ауылдық округтер түрінде жергілікті бюджеттердің үш деңгейінен тұратын мемлекеттік бюджеттің төрт деңгейлік жүйесін білдіреді.

Елімізде тиімді мемлекеттік басқаруды қамтамасыз ету мәселелерінде жергілікті бюджеттер есебінен іске асырылатын өңірлік саясаттың маңызы зор. Өз кезегінде, жергілікті бюджеттердің табысты жұмыс істеуінде орталық пен өңірлер арасындағы бюджетаралық қатынастар жүйесіне маңызды рөл беріледі.

Қолданыстағы жүйеге сәйкес бюджетаралық қатынастар жалпы сипаттағы трансферттермен (бюджеттік субвенциялар және алып қоюлар), нысаналы трансферттермен (ағымдағы нысаналы трансферттер және даму трансферттері) және кредиттермен реттеледі.

Жалпы сипаттағы трансферттер бюджеттік қамтамасыз етілу деңгейін теңестіруге (жергілікті бюджеттердің кірістері мен шығыстарын теңестіруге) және мемлекет кепілдік берген қызметтерді ұсыну үшін өңірлердің тең фискалдық мүмкіндіктерін қамтамасыз етуге бағытталған.

Нысаналы трансферттер жалпы сипаттағы үш жылдық трансферттердің қолданылуы кезеңінде бюджетаралық қатынастарды жедел реттеу құралы болып табылады.

Ағымдағы нысаналы трансферттер – нормативтік құқықтық актілерді қабылдаудан туындайтын жергілікті бюджеттердің шығындарын өтеу үшін, ал нысаналы даму трансферттері – өңірлердің әлеуметтік инфрақұрылыммен және тіршілікті қамтамасыз ету объектілерімен қамтамасыз етілуін теңестіруге бөлінеді.

Республикалық және жергілікті бюджеттер арасындағы бюджеттік субвенциялар мен алып қоюлардың көлемі үш жылдық кезеңге арналған заңмен бекітіледі және үш жыл ішінде өзгертілмеуге тиіс.

Бюджеттік субвенциялар мен алып қоюларды 3 жылға бекіту өңірлер үшін ынталандырушы сипатқа ие, өйткені әкімдерге жергілікті маңызы бар мәселелерді шешу үшін жалпы сипаттағы үш жылдық трансферттердің қолданылу кезеңінде түскен қосымша табыстарға өз бетінше билік етуге мүмкіндік береді.

ЖАО болжамнан артық алған кірістері, сондай-ақ жыл басындағы бюджет қаражатының бос қалдықтары олардың иелігінде қалады және республикалық бюджетке алынбайды, бұл жергілікті бюджетке түсетін салықтар бойынша салық базасын ұлғайтуға ынталандырады.

Мәселен, егер 2013 – 2019 жылдары жергілікті бюджеттердің кірістері бойынша болжамды жыл сайын асыра орындау алдыңғы жылға қарағанда орташа есеппен 109,2 %-ды құраса, 2020 – 2021 жылдар кезеңінде алдыңғы жылға қарағанда орташа есеппен 124,5 %-ды құрады.

Жыл сайын жыл қорытындысы бойынша пайдаланылмаған жергілікті бюджет қаражатының қалдықтары болады. 2013 жылдың соңында өңірлердің бюджет қаражатының қалдықтары 98,3 млрд теңгені құрады, ал 2021 жылдың соңында 414,5 млрд теңгені құрады.

Бұл қаражатты өңірлер әлеуметтік-экономикалық проблемаларды шешуге, оның ішінде инфрақұрылымды дамытуға дербес бағыттайды.

Жергілікті бюджеттерге сыртқы факторларға тәуелді емес тұрақты сипаттағы салық түсімдері бекітілген.

Ағымдағы салықтар, жеке табыс салығы, әлеуметтік салық, көлік, мүлік және жер салықтары мен жергілікті бюджетке түсетін басқа да алымдар ЖАО кірістерінің тұрақты көзі болып табылады және экономикалық циклдердің әсеріне аз ұшырайды.

Бұдан басқа бұл салықтар нақты аумаққа бекітілген салық базасынан алынады, оның жиналу деңгейі жоғары.

Мұның бәрі жергілікті бюджеттер кірістерінің тұрақтылығын қамтамасыз етеді.

Сондай-ақ 2020 жылдан бастап өңірлік экономиканы әртараптандыру, сондай-ақ шикізаттық емес сектордың шағын және орта бизнесін (бұдан әрі – ШОБ) дамыту арқылы әкімдердің салық базасын кеңейтуге мүдделілігін күшейту үшін ШОБ-тан түсетін КТС түсімдері жергілікті бюджеттерге берілді.

Нәтижесінде 2021 жылы жергілікті бюджеттерге қосымша 304 млрд теңге немесе болжамға қатысты 70,8 % (болжам – 429 млрд теңге) түсті.

Өңірдегі экономикалық белсенділікті арттыру, ШОБ-ты дамыту және бюджет заңнамасын жетілдіру шеңберінде жергілікті бюджеттердің кірістерін ұлғайту бойынша ЖАО-ның ынталануын күшейту мақсатында ШОБ-тан түсетін КТС түсімдерінің кемінде 50 %-ын облыстық бюджеттен аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджетке бөлудің шекті нормативтерін бекіту көзделген.

2021 жылы жалпы сипаттағы трансферттерді есептеу әдістемесі жетілдірілді, көрсеткіштер мен коэффициенттер олардың өзектілігін және өңірлік ерекшелікті, халықтың өмір сүру деңгейін арттыруға бағытталуын есепке ала отырып қайта қаралды.

Өңірлердегі инфрақұрылымның ағымдағы жай-күйін ескеретін қосымша салалық коэффициенттер енгізілді.

Жергілікті бюджеттердің ағымдағы шығындарының болжамын айқындау жөніндегі тәсіл қайта қаралды. Есептік база ретінде әрбір өңірдің ағымдағы шығыстарының нақты қалыптасқан деңгейі пайдаланылады.

Бұл әрбір өңірдің ерекшелігін және өңірдің бір тұрғынға (бюджеттік көрсетілетін қызметтерді алушыға) ағымдағы шығындарының қалыптасқан деңгейін объективті және барынша ескереді.

Бюджет жүйесіндегі реформалар есепке алу және есептілік салаларына да қатысты болды.

Халықаралық тәжірибеге сәйкес есепке жатқызу әдісі бойынша есептілікті қалыптастырудың негізі қаланды. Осыған байланысты қазіргі уақытта мемлекеттік секторда ақпараттың екі ағыны бар, олар: кассалық негізде және есепке жатқызу әдісі бойынша.

Бухгалтерлік есепке алудың шоттар жоспарын пайдалана отырып қалыптастырылатын мемлекеттік мекемелердің қаржылық есептілігі есепке жатқызу әдісі бойынша ақпарат болып табылады.

Бірыңғай бюджеттік сыныптаманы пайдалана отырып, бюджеттік есептілік және бюджет жобасы кассалық негіздегі ақпарат ағыны болып табылады.

Реформаны одан әрі іске асыру үшін осы екі ақпарат ағынын біріктіру қажет, осы мақсатта 2024 жылдан бастап Бірыңғай шоттар жоспарын бухгалтерлік есеп, бюджеттік есепке алу және бірыңғай бюджеттік сыныптама шоттарының кодификациясы ретінде қолдану көзделген.

Қазіргі уақытта республикалық бюджеттің атқарылуын қамтамасыз ету, жергілікті бюджетке есеп айырысу-кассалық қызмет көрсету, бюджеттің барлық деңгейлері бойынша кассалық негізде бюджеттің кірістері мен шығыстары туралы дұрыс бюджеттік есептілікті қалыптастыру, сондай-ақ есептеу әдісіне шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасау жөніндегі функциялар 1994 жылдан бастап бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның құрылымында аумақтық бөлімшелері бар ведомство болып табылатын қазынашылық органдарына жүктелген.

Қазынашылық органдары, Бірыңғай қазынашылық шотта (бұдан әрі – БҚШ) ҚРҰҚ-ға түсетін түсімдерді, республикалық және жергілікті бюджеттердің, сыртқы үкіметтік қарыздар мен гранттардың, заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарын қалыптастыруға және ұлғайтуға арналған қаражатын шоғырландыра отырып, оларды күнделікті жедел өңдеуді және бюджеттік есептілікті қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

Қазынашылық жүйесін одан әрі жетілдіру, көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыру, басқа да аралас ақпараттық жүйелермен интеграциялау нәтижесінде қазіргі уақытта қазынашылық органдары жүргізілетін қаржылық операциялардың ашықтығын, бюджет ақшасын экономиканың нақты секторына жедел жеткізуді, жүйеге қатысушылармен қаржылық құжаттарды өңдеуге кететін уақытты 2010 жылғы 3 күннен 2021 жылы 6 сағатқа дейін қысқарта отырып, толық қағазсыз құжат айналымын қамтамасыз етеді.

Мемлекеттік қаржының тұрақтылығына квазимемлекеттік сектор субъектілерінің бюджет қаражаты есебінен белсенді қаржыландырылуына байланысты мемлекеттік мүлікті басқарудың тиімділігі белгілі бір ықпал етеді.

Тәуелсіздік жылдарында Қазақстан мемлекеттік активтерді басқару мәселелерінде белгілі бір прогреске қол жеткізді.

Қарқынды дамып келе жатқан жеке сектордың және өндіруші өнеркәсіпке тұрақты тәуелділіктің болмауында нақ осы квазимемлекеттік сектор елдің экономикалық дамуын ынталандырудың негізгі құралдарының бірі болуы тиіс еді.

Бастапқы кезеңде квазимемлекеттік сектор субъектілерін құру мемлекеттің белгілі бір міндеттерін шешуге, оның ішінде стратегиялық маңызды және толық дамымаған



нарықтарды дамытуға, кейіннен квазимемлекеттік сектор субъектілерінің бәсекелі нарықтан шығуымен экономиканың шикізаттық емес секторларында технологиялық өндірістер құруға бағытталды.

Мемлекеттің меншік иесі және басқарушы ретіндегі рөлін бөлу жүргізілді, мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі ұлттық холдингтер мен даму институттары қалыптастырылды. Бұл институт сондай-ақ мемлекеттік аппаратқа жүктемені азайтуға және басқару мен еңбекақы төлеу мәселелерінде икемділікті қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.

Мемлекеттің экономикаға қатысуын қысқарту мақсатында 2016 – 2020 жылдары Жекешелендірудің кешенді жоспарын іске асыру шеңберінде 506 объект сатылды, 301 объект қайта ұйымдастырылды және таратылды. Активтерді сатудан 629,5 млрд теңге түсті.

Мемлекеттің экономикаға қатысуын қысқарту жөніндегі одан арғы жұмыс мемлекеттік меншік пен квазимемлекеттік сектордың 721 объектісін қамтитын Жекешелендірудің 2021 – 2025 жылдарға арналған кешенді жоспарын іске асыру шеңберінде жүргізілуде.

Жүргізіліп жатқан жұмысқа қарамастан, бүгінгі күні мемлекеттің экономикаға қатысуының елеулі үлесі және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің саны әлі де көп.

Бүгінде квазимемлекеттік сектор субъектілері үшін ұйымдық-құқықтық нысандардың үш түрі заңды түрде айқындалды: акционерлік қоғам, жауапкершілігі шектеулі серіктестік, республикалық және коммуналдық кәсіпорын.

Мәселен, елімізде 2020 жылы 6,5 мыңға жуық ұйым жұмыс істейді.

Олардың едәуір бөлігі (80 %) – әлеуметтік (денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет, спорт салалары), олар негізінен қазыналық кәсіпорындар (4,2 мың) және шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындар (1,3 мың) ретінде жұмыс істейді.

Бұл ретте акционерлік қоғамдар – 300, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер – 600 (ҰӘҚ және "Бәйтерек" компаниялар тобына кіретін ұйымдарды ескергенде).

Жалпы алғанда Бюджет саясатының тұжырымдамасы мен ҚРҰҚ тұжырымдамасын іске асыру үшін қабылданған шаралар мемлекеттік қаржыны ел дамуының басым бағыттарын іске асыруға шоғырландыруға, мемлекеттік қаржыны басқарудың тиімділігін арттыруға, бюджет қаражаты мен мемлекет активтерін пайдалану сапасын жақсартуға мүмкіндік береді.

Реформалар нәтижесінде Қазақстанда мемлекеттік қаржыны басқару жүйесі тиісті халықаралық практика қағидаттарын сақтау бағытында алға жылжыды, мәселен:

стратегиялық жоспарлау мен бюджет шығыстары арасында айтарлықтай күшті өзара байланыс бар;

бюджеттің ұзақ мерзімді орнықтылығын және болашақ экономикалық күйзелістер жағдайында қажетті буферді қамтамасыз ететін фискалдық қағидалар жиынтығы айқындалды;

бюджеттің ашықтығы айтарлықтай жақсарды және "Ашық бюджеттер" онлайн-порталын енгізу және қоғамдық кеңестер енгізу арқылы азаматтардың қатысуы артты;

халықаралық стандарттарға сәйкес есептеу әдісі бойынша есепке алу қабылданды, бұл мемлекеттік қаржының сапасы мен ашықтығын арттырады.

## **2.2. Түйінді проблемалар және Мемлекеттік қаржыны басқару тұжырымдамасын әзірлеу қажеттілігінің негіздемесі**

Тұтастай алғанда, Үкімет белгілеген негізгі ұлттық бағдарларға қол жеткізудегі басымдықтар Қазақстанның 2050 жылға дейінгі стратегиясының, Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі ұлттық даму жоспарының мақсаттарына сәйкес келеді.

Орта және ұзақ мерзімді кезеңге арналған даму басымдықтарын ескере отырып, бюджет саясатының мақсаты мемлекеттік қаржының орнықтылығын одан әрі нығайтып, мемлекеттік қаржының теңгерімділігі мен бюджет тиімділігін қамтамасыз ету болды.


Сонымен бірге салық-бюджет саясатын қалыптастыруда Бюджет саясаты және ҚРҰҚ тұжырымдамаларында бекітілген мемлекеттік қаржы параметрлері бойынша нысаналы бағдарларды сақтамауға байланысты елеулі проблемалар мен теріс үрдістер сақталуда.

Мемлекеттік бюджет пен Ұлттық қордың теңгерімділігін қамтамасыз ету мақсатында салық-бюджет саясаты ЖІӨ-ге қатысты мұнай емес тапшылықты 2025 жылға қарай 6,0 %-ға дейін біртіндеп төмендету негізге алына отырып қалыптастырылуға тиіс еді.

2013 – 2021 жылдары индикатордың орындалу траекториясы

2017 – 2020 жылдары 2013 жылғы 7,3 %-дан 2017 жылы 12,4 %-ға және 2020 жылы 11,5 %-ға күрт ұлғаю арқылы орнықсыздығымен сипатталады.

**ҚР 2025 жылға дейінгі ұлттық даму жоспары мен мемлекеттік бюджеттің мұнай емес тапшылығының нысаналы мәнінің серпіні, ЖІӨ-ге қатысты %-бен**



Дереккөз: Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің статистикалық бюллетені , Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі

Орта мерзімді нысаналы бағдарлардың орнықсыздығы салық-бюджет тұрақтылығын сақтау үшін және тұтастай алғанда, мәлімделген мәндерде Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі ұлттық даму жоспарының көрсеткіштеріне қол жеткізу үшін елеулі тәуекелдердің болуын көрсетеді.

Ағымдағы шығыстарды қаржыландыруға мүмкіндік беретін шараларды айқындай отырып, сондай-ақ бюджет кірістері мен шығыстарының сальдосын елеулі түзетуге және борыштық міндеттемелерді өсіруге жүгінбей, ұзақ мерзімді басымдықтарды қаржыландыруды қамтамасыз ете отырып, фискалдық тәуекелдерді басқару жөніндегі мақсатты жұмыстың жеткіліксіздігі мемлекеттік қаржының теңгерімсіздік тәуекелдеріне алып келді.

Мемлекеттік шығыстар көлемінің ұлғаюы тиісті салық салынатын базамен және бюджеттің кіріс бөлігінің толықтығымен қатар жүрген жоқ.

2013 – 2021 жылдар аралығындағы кезеңде трансферттерді есепке алмағанда мемлекеттік бюджеттің кірістері орта есеппен ЖІӨ-ге қатысты 14 %-ды құрады, ал мемлекеттік бюджет шығыстары 2013 жылғы ЖІӨ-ге қатысты 20 %-дан жекелеген жылдары ЖІӨ-ге қатысты 23-25 %-ға дейін тұрақты өсу серпініне ие болды.

Бұл ретте мемлекеттік бюджет шығыстарының жалпы көлемінде даму бюджетінің үлесі 2013 жылғы 18,9 %-дан 2021 жылы 11,6 %-ға дейін қысқарды.

Шығыстардың кірістерден озыңқы өсу қарқыны ҚРҰҚ-дан қаражаттың көбірек алынуына және бюджеттің фискалдық тапшылығының ұлғаюына ықпал етті.

**2013 жылдан 2021 жылға дейінгі мемлекеттік бюджеттің параметрлері**



Дереккөз: Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің статистикалық бюллетені , Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің есептемелері

ҚРҰҚ-дан трансферттер түсімі нәтижесінде 2013 жылы ЖІӨ-ге қатысты 3,9 %-дан 2017 жылы ЖІӨ-ге қатысты 8,1 %-ға дейін және 2020 – 2021 жылдары ЖІӨ-ге қатысты 6,8-5,5 %-ға дейін біртіндеп өсу үрдісі байқалды.

ҚРҰҚ қаражатын пайдаланудың өсуіне және мұнайдың әлемдік бағасының төмендеуіне байланысты 2015 жылдан бастап алғаш рет Ұлттық қордың валюталық активтерінің қысқару үрдісі байқалды, олар 2015 жылдың қорытындысы бойынша 63,4 млрд АҚШ долларын (2013 жылы 70,8 млрд АҚШ долларын) құрады және 2021 жылы 55,3 млрд АҚШ долларына жетті.

Бұған 2014 жылы қабылданған салық-бюджет саясатының ынталандырушы ұстанымы да ықпал етті. Экономиканы қолдау бағдарламалары ҚРҰҚ қаражатын айрықша пайдалану және қосымша сыртқы қарыз алу есебінен қаржыландырылды.

COVID-19 пандемиясы салдарының жалғасы 2014 – 2015 жылдардағы дағдарыстың ауқымына ұқсас экономикаға қатты әсер етті. Экономикалық белсенділіктің төмендеуіне байланысты бюджетке мұнай емес салық түсімдері азайды.

Экономиканы қолдау және әлеуметтік міндеттемелерді толық көлемде орындау жөніндегі шараларды қамтамасыз ету үшін Үкіметтің 2020 жылға арналған дағдарысқа қарсы бағдарламасы шеңберінде республикалық бюджетке ҚРҰҚ-дан қосымша трансферттер тартылды.

ҚРҰҚ қаражаты азаматтарды әлеуметтік қолдауды күшейтуге, оның ішінде халықтың тұрмысы төмен топтарының кірістерін арттыруға және қолдауға, кірісі төмен азаматтардың тұрғын үй мәселелерін шешуге бағытталды.

ҚРҰҚ-дан қосымша алу және бюджет тапшылығының ұлғаюы есебінен мемлекеттік бюджет параметрлерін дәстүрлі теңгерімдеу тапшылық және мұнайға қатысты емес

тапшылық, мемлекеттік борыш және борыштық жүктеме бойынша белгіленген нысаналы мәндердің бұзылуына әкеп соқты.

Бюджет тапшылығының ең төмен мәні 2013 – 2019 жылдары ЖІӨ-ге қатысты 1,9-1,3 % деңгейінде қамтамасыз етілді. 2020 – 2021 жылдары оның мәні тиісінше ЖІӨ-ге қатысты 4-3,1 %-ды құрады.

#### Мемлекеттік борыш

Бюджеттің тапшылығы Үкіметтің оны жабу үшін қарыз алуына және мемлекеттік қарыздың өсуіне ықпал етті.

Мәселен, 2013 жылдан бастап 2021 жылға дейінгі кезеңде мемлекеттік борыш деңгейі ЖІӨ-ге қатысты 12,5 %-дан ЖІӨ-ге қатысты 27,4 %-ға дейін ұлғайды. Осы кезеңде номиналды мәнде мемлекеттік борыш 5 есе өсті (2013 жылғы 4,4 трлн теңгеден 2021 жылы 22,0 трлн теңгеге дейін).

Мемлекеттік борыштың шамамен 80 %-ын 2013 жылғы 4,4 трлн теңгеден 2021 жылы 18,7 трлн теңгеге дейін ұлғайған Үкіметтің борышы құрайды.

Үкіметтік борыштың ұлғаюы оған қызмет көрсету шығындарының өсуіне әкелді. Үкіметтік борышқа қызмет көрсету бойынша республикалық бюджеттің шығыстары 2013 жылғы 177,3 млрд теңгеден 2021 жылы 977,7 млрд теңгеге дейін өсті.

#### Квазимемлекеттік борыш

Квазимемлекеттік сектордың ("Самұрық-Қазына" ҰӘҚ, "Бәйтерек" және "ҚазАгро" холдингтері) борышы 2015 – 2019 жылдар аралығындағы кезеңде тұрақты деңгейде болды және орташа есеппен 14-16 трлн теңгені құрады. 2020 жылдың қорытындысы бойынша холдингтердің борышы 18 трлн теңгеге дейін өсті, бұл ЖІӨ-ге қатысты 26 %-ды құрады.

Бұл ретте квазимемлекеттік сектордың ("Самұрық-Қазына" ҰӘҚ, "Бәйтерек" және "ҚазАгро" холдингтері) сыртқы борышы 2020 жылдың қорытындысы бойынша 2015 жылы 23,9 млрд АҚШ долларынан (8 трлн теңгеге тең) қысқарып, шамамен 16,7 млрд АҚШ долларын (7 трлн теңгеге тең) құрады.

Стратегиялық жоспарлау құжаттарында айқындалған басымдықтар мен мақсаттарға қол жеткізу, бюджет ресурстарының шектеулі болуы жағдайында әлеуметтік-экономикалық дамуда сапалы серпіліс жасау қажеттілігі елдің бюджет саясатын жетілдіру жөніндегі шаралар жүйесін әзірлеу мен іске асырудың, оның ішінде жаңа бюджет қағидалары жүйесін құру негізінде қазіргі бюджет моделін қайта қараудың өзектілігін ұлғайтады.

Соңғы бірнеше жыл бойы реформалардың жүйелі түрде жүргізілуіне және бюджет рәсімдері мен процестерінің жеткілікті түрде жақсы ұйымдастырылған жүйесіне қарамастан, бюджет саласында бірқатар шешілмеген мәселелер қалып отыр.

Жоспарлаудағы жүйелі кемшіліктердің сақталуы стратегиялық және бюджеттік жоспарлау жүйесін трансформациялау бойынша жүргізіліп жатқан реформаларды жоққа шығарады.

Нәтижеге негізделген бюджеттеуді енгізу бойынша іс-шараларды іске асыру барысында қызметтің мақсаттары мен нәтижелерін айқындау және басымдық беру және олардың иерархиясын сақтамау, Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарымен құрылымдық тәртіпте жұмыс істей алатын, осы құжаттарды сапалы әзірлей алатын, олардың декомпозициясын жасай алатын білікті кадрлардың болмау проблемалары анықталды.

Стратегиялық және бюджеттік жоспарлау саласында адами ресурстарды дамыту жөніндегі жүйе тиісті деңгейде ұйымдастырылмаған, сондай-ақ Бюджет кодексінің талаптарына сәйкес бюджеттік бағдарламаларды жоспарлауды, орындауды, нәтижелерге қол жеткізуді, мемлекеттік қаражаттың есебі мен есептілігін жүргізуді қамтамасыз ету бойынша мемлекеттік қызметшілерге жүктелген жауапкершілікпен мөлшерлес бюджеттік жоспарлаумен айналысатын мемлекеттік қызметшілерді факторлық-балдық шәкіл негізінде ынталандыру жүйесі жеткілікті ойластырылмаған.

Процестерді шектен тыс бюрократияландыру, стратегиялық және бюджеттік жоспарлау процестерін автоматтандырудың аяқталмау проблемасы маңызды болып отыр.

2016 жылы "Ақпаратқа қол жеткізу туралы" 2015 жылғы 16 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының нормаларын іске асыру шеңберінде "Электрондық үкімет" веб-порталының құрамдауышы ретінде бюджеттік есептілікті, шоғырландырылған қаржылық есептілікті, азаматтық бюджетті, мемлекеттік аудит және қаржылық есептіліктің нәтижелерін орналастыруды, сондай-ақ бюджеттік бағдарламалар жобаларын және бюджеттік бағдарламалардың іске асырылуы туралы есептерді жария талқылауды қамтамасыз ететін "Ашық бюджеттер" онлайн порталы енгізілді.

Алайда бүгінгі күні портал деректердің жүйесіз болуы, салыстыру үшін ақпараттың болмауы, талқылау үшін мерзімдердің тығыз болуы, ақпарат сапасының төмендігі және оны орналастыру мерзімдерінің бұзылуы себебінен қойылған міндеттерді шешпей отыр.

Осыған байланысты бюджет қаражатының ашықтығы мен есептілігін қамтамасыз етуге бағытталған "Ашық бюджеттер" порталын жетілдіру бойынша жан-жақты талдау жүргізудің және тиімді ұсынымдар әзірлеудің объективті қажеттілігі бар.

Бюджеттік инвестициялық жобаларды іріктеу сапасының төмендеуі республикалық бюджет шығыстарының даму бюджетінің басымдықтарында көрінеді.

Бұдан басқа бюджеттік инвестициялар мен МЖӘ жобаларын жоспарлау кезеңінен бастап нақты пайдалануға беруге дейін олардың тарихи деректерін жинақтай және

сақтай отырып, жоспарланатын және іске асырылатын жобаларды есепке алу және мониторингтеу үшін бюджеттік инвестициялар мен МЖӘ жобалары бойынша бірыңғай деректер базасы жоқ.

ЖСҚ-ны әзірлеу сапасының төмендігі, сондай-ақ жұмыстарды жеткілікті есепке алмау немесе ескірген деректер мен технологияларды пайдалану, құрылыс жұмыстарының сметасын жасау кезінде негізсіз есептемелерді қолдану ЖСҚ-ны түзетуге, құрылыстың нормативтік мерзімдерін ұзартуға, жобаның қымбаттауына және тұтастай алғанда, тиімсіз шығындардың өсуіне алып келеді.

Іске асырылып жатқан МЖӘ жобалары олардың бюджеттік тиімділігі және мемлекеттік қаржыға байланысты тәуекелдерді басқару тұрғысынан қаралмайды, өйткені қарау кезінде МЖӘ бойынша міндеттемелердің МЖӘ жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелердің белгіленген лимиттеріне сәйкестігіне басты назар аударылады. Сонымен қатар соңғы жылдары іске асырылып жатқан МЖӘ жобалары санының ұлғаюына байланысты мемлекеттік міндеттемелердің белгіленген лимиттерін сақтамау тәуекелі бар.

Бюджетаралық қатынастар жүйесінде өңірлер арасындағы өңірлік айырмашылықтар сақталуда.

Қазіргі уақытта төрт өңір: Атырау, Маңғыстау облыстары мен Алматы мен Нұр-Сұлтан қалаларынан басқа, қалған он үш өңір субвенциялық өңірге жатады.

2013 жылы 121,1 млрд теңгені құраған бюджеттік алып қоюлардың жалпы сомасы 2022 жылы 490,4 млрд теңгені құрайды.

2013 жылы 865,8 млрд теңгені құраған бюджеттік субвенциялардың жалпы сомасы 2022 жылы 2 124,7 млрд теңгені құрайды.

2013 – 2022 жылдар кезеңінде субвенциялар көлемінің ұлғаюы бюджеттік алып қоюлардың өсуінен едәуір асып түседі. Мәселен, егер осы кезеңде бюджеттік алып қоюлар көлемі 3 есе өссе, онда субвенциялар 12 есеге жуық өсті.

Бұдан басқа, жергілікті бюджеттердің республикалық бюджеттен бөлінетін қаражатқа жоғары тәуелділігі сақталып отыр. 2013 – 2021 жылдар кезеңінде жергілікті бюджеттің республикалық бюджеттен бөлінетін қаражатқа тәуелділігінің үлесі орта есеппен 57 %-ды құрады.

Өңірлерге республикалық бюджеттен бөлінетін трансферттер көлемі өсіп келеді. Мәселен, 2013 жылы ағымдағы нысаналы трансферттердің көлемі 500,0 млрд теңгеден астам құрады, 2022 жылы олардың көлемі 1 895,3 млрд теңгеге дейін өсті.

Өңірлерге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің ұлғаюы негізінен жаңа нормативтік құқықтық актілерді қабылдаудан туындайтын ЖАО-ның қосымша шығыстарын өтеу қажеттілігімен байланысты.

Бұдан басқа республикалық бюджеттен нысаналы трансферттер есебінен "Ауыл – Ел бесігі" бағдарламасы шеңберінде дәрігерлік амбулаториялар, ауылдық клубтар, дене

шынықтыру-сауықтыру кешендері құрылысын қаржыландыру сияқты ЖАО-ның құзыретіне заңнамалық түрде жататын жергілікті деңгейдегі, оның ішінде құны шағын объектілер мен салалар қаржыландырыла бастады.

Осылайша республикалық бюджеттен бөлінетін трансферттер өңірлердің әлеуметтік-экономикалық проблемаларын шешудің басты көзі болып қала береді.

ЖАО-ның тарапынан трансферттерге тәуелділікті азайтуға және жергілікті бюджеттердің кіріс бөлігін басқа көздер есебінен толықтыруға мүдделіліктің төмендігі байқалуда.

Сонымен бірге бюджетаралық қатынастардың қалыптасқан жүйесі одан әрі жетілдіруге арналған резервтердің бар екенін көрсетеді.

Бюджет кодексінің талаптарына сәйкес жаңа жоспарлы кезеңге арналған бюджетті жоспарлау кезінде мемлекеттік және бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органдардың бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің ұсыныстарын қарауы өткен жылғы даму жоспарларының мақсаттарына және бюджеттік бағдарламалардың көрсеткіштеріне қол жеткізу тиімділігін бағалау нәтижелеріне негізделуге тиіс.

Бұл ретте заңнамада нәтижелерге бағалау жүргізу үшін белгіленген мерзімдер, бюджеттік жоспарлау үшін құжаттарды ұсыну мерзімінен кеш басталады.

Сонымен қатар бюджет шығыстарының тиімділігін бағалаудың қолданыстағы жүйесі, оны бюджет процесінің құрамдас бөлігіне жатқызуға қарамастан, іс жүзінде мақсаттары, мерзімдері және бағалаудың қорытынды есептерін ұсынудың деңгейлері әртүрлі шашыранқы жүйені білдіреді, бұл тұтастай алғанда, бюджетті жоспарлау кезінде оларды ескеруге және шығыстардың тиімділігін арттыру тетіктерінің бірі болуға мүмкіндік бермейді.

Осыған байланысты нәтижелерді бағалау мерзімдерін бюджет шығыстарын жоспарлау процесінің мерзімдерімен үйлестіру мәселесін қарау талап етіледі, бұл бюджетті жоспарлау кезінде қол жеткізілген нәтижелерді негізге алуға мүмкіндік береді.

Квазимемлекеттік сектор қызметінің тиімділігі мәселелері өзекті болып қалуда.

Мемлекеттің экономикаға қатысуының елеулі үлесі сақталып отыр және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің саны әлі де көп, шамамен 6,5 мың ұйымды құрайды.

Квазимемлекеттік сектор тиімділігінің төмендігі, оның мемлекеттік бюджетке тәуелділігі, корпоративтік басқарудың әлсіздігі, мемлекет қатысатын заңды тұлғалар қызметінің жалпы ел мақсаттарымен стратегиялық өзара байланысының болмауы байқалады.

Мемлекеттік меншіктің қолданыстағы сыныптамасы квазимемлекеттік сектор субъектілерін құрудың коммерциялық немесе коммерциялық емес мақсатын көрсетпейді, бұл осындай ұйымдардың ұйымдық-құқықтық нысандарын айқындауда жүйеліліктің болмауына әкеп соғады, бюджеттен қаржыландырудың және мүлікті



есепке алудың әртүрлі жүйесіне әкеледі: мемлекеттік кәсіпорындар мемлекеттік мекемелерге қарағанда жан басына шаққандағы қаржыландырудың жоғары нормативі бойынша қаржыландырылады және мүлікті есепке алу қаржылық есептіліктің әртүрлі стандарттары бойынша жүзеге асырылады.

Кірістерді тануға және мемлекеттік активтер мен міндеттемелерді бағалауға қатысты олқылықтарды шешу талап етіледі. Үкіметтің қаржылық жағдайының объективті және бұрмаланбаған көрінісі және бюджеттік шешімдердің нақты құны үшін шығындарды халықаралық стандарттарға сәйкес нақты есепке алу қажет, бұл әртүрлі әкімшілік салалардағы салыстырмалы тиімділік туралы пайдалы ақпарат бере алады.

Квазимемлекеттік сектордың ақпараттық жабықтығы сақталуда. Компаниялардың құрылымдары, қаржылық қызметтің нәтижелері, төленетін дивидендтер және мемлекет қатысатын заңды тұлғалар қызметінің басқа да аспектілері туралы деректер ашық қолжетімді емес.

Бұдан басқа мемлекеттік және квазимемлекеттік секторлардың, бюджеттен тыс қорлардың барлық институционалдық бірліктері бойынша шоғырландырылған бухгалтерлік есептілікті қалыптастыру мәселесі осы уақытқа дейін толық реттелмеген күйінде қалып отыр.

Қазіргі ахуалды талдауды ескере отырып, мемлекеттік қаржының мынадай негізгі проблемаларын атап өтеміз:

бюджеттің мұнай түсімдеріне тәуелділігі, экономиканы қолдау үшін ҚРҰҚ-дан алып қоюлардың ұлғаюына байланысты ҚРҰҚ активтерінің қысқаруы;

тиімсіз салықтық жеңілдіктердің күшін жоюды, салықтық базаны кеңейтуді, салықты әкімшілендіру шараларын күшейтуді талап ететін мұнай емес салық түсімдерінің жеткіліксіз шоғырлануы;

мемлекеттің квазимемлекеттік сектор тиімділігі төмен экономикаға қатысуының елеулі үлесі;

тиімділігі төмен шығыстардан тиімділігі жоғары шығыстарға қайта бағдарлау және бағалау үшін қосымша құралдардың болмауы, бұл бюджеттік инвестициялардың басымдықтары мен бағыттарында кешенді пайымдауды қалыптастыруға ықпал етер еді

Аталған проблемалардың салдары созылмалы тапшылық және мұнай емес тапшылықтың ұлғаюы, бюджетке борыштық жүктеменің өсуі, белгіленген бюджет қағидаларын сақтау бөлігінде әлсіз қаржылық тәртіп, көлеңкелі экономиканың өсуі болып табылады.

Баяндалғанға сүйене отырып, 2030 жылға дейінгі мемлекеттік қаржыны басқарудың негізгі міндеттерінің бірі бюджеттің кіріс бөлігін нығайту, ҚРҰҚ қаражатын жинақтау, борыш саясатын қайта қарау, бюджет шығыстарының тиімділігі мен экономикалық қайтарымын арттыру, бюджет транспаренттілігін күшейту, оның ішінде бюджет

процесін автоматтандыру және цифрландыру арқылы күшейту мемлекеттік қаржыны шоғырландыру және бюджеттің теңгерімділігі мен орнықтылығын қалпына келтіру болып табылады.

### 3-БӨЛІМ.

#### ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕГЕ ШОЛУ

Соңғы жылдары бюджет реформасына қатысты әртүрлі тәсілдердің ішінде фискалдық қағидалар, шығыстардың басымдығын қайта қарау, бюджеттік жоспарлауды жетілдіру және бюджеттің ашықтығын арттыру ең танымал бағыттар болды.

Бюджеттік немесе фискалдық қағида бюджеттік агрегаттарға сандық шектеулер арқылы салық-бюджет саясатына ұзақ мерзімді шектеулер қояды. Бұл салық-бюджет саясаты үшін жиі өзгертуге болмайтын шекаралар белгіленетінін және кейбір жедел ұсынымдар шығыстар немесе кірістер болсын белгілі бір бюджет құралын шектейтін сандық нысаналы көрсеткішті айқындау арқылы берілетінін білдіреді.

Борыш қағидалары мемлекеттік борыштың шегін немесе мақсатын ЖІӨ-ге қатысты пайызбен белгілейді.

Қағидалардың бұл типі, әдетте, борыштың нысаналы көрсеткішіне жақындатуды қамтамасыз ету тұрғысынан ең тиімді болып табылады.

Бюджет теңгерімінің қағидалары ең алдымен борыш жүктемесінің коэффициентіне әсер ететін және елеулі дәрежеде саясаткерлердің бақылауында тұратын айнымалыны шектейді.

Құрылымдық теңгерім қағидасы мұнайдың алдын ала белгіленген болжамды бағасына сүйенеді. Бұл тәсілде бағаның өзгеруіне байланысты шығыстар мен мұнай кірістерінің ауытқуының байланысы іс жүзінде үзіледі, бұл мұнай бағасы құбылмалылығының салық-бюджет саясатының циклдік ауытқуларына ықпалын болдырмайды. Мұнайдың болжамды бағасы ұзақ мерзімді тарихи және болашақ бағаларға негізделуге тиіс.

Кесімді баға жоғарыдан мұнайдың 30 жылдық орташа бағасы (50\$/bbl) деңгейінде формальды түрде шектеу болған кезде бюджеттік жоспарлау кезеңінде мұнайдың бағасы бойынша сараптамалық бағалауды (халықаралық қаржы ұйымдарының (бұдан әрі – МҚҰ) бағалауы бойынша консенсус-болжам негізінде) қолдану жолымен бағаланатын болады.

Құрылымдық теңгерім қағидасына сәйкес мемлекеттік шығыстар экономикалық цикл ескеріле отырып түзетілген кірістерге сәйкес келетін мөлшерде жоспарлануға тиіс.

Шығыстар қағидалары жалпы, негізгі немесе ағымдағы шығыстарға қойылатын шектеулерді белгілейді.

Мұндай лимиттер, әдетте, абсолютті шамаларда немесе өсу қарқынында, ал кейде негізінен үш жылдан бастап бес жылды құрайтын уақыт шегінде ЖІӨ-ге қатысты пайызбен белгіленеді.

Бұл қағидалар кіріс бөлігін шектемейтіндіктен, борыштың орнықтылығын қамтамасыз ету мақсатына тікелей байланысты емес. Алайда олар борыш немесе бюджет теңгерімі қағидаларымен бірге жүрген кезде орнықтылыққа сәйкес келетін қажетті фискалдық шоғырландыруды іске қосуға арналған операциялық құрал бола алады.

Бұдан басқа күтпеген кіріс түсімдері уақытша жоғары, ал тапшылықтың жалпы шектеулерін сақтау оңай болған кезде экономикалық циклдің өсуі уақытында олар шығыстарды шектей алады.

Кірістер туралы қағидалар кірістердің шегін немесе ең төмен деңгейін белгілейді және кірістердің жиналуын арттыруға және/немесе шамадан тыс салық ауыртпалығын болдырмауға бағытталған.

#### Қағидаларды санатқа бөлу

Қағида түрі	Артықшылықтары	Кемшіліктері
Борыш қағидасы	Борыштың орнықтылығымен тікелей байланыс. Бақылау және қоғамға түсіндіру оңай	Экономикалық тұрақтандыру функциясы жоқ (проциклді болуы мүмкін). Қағида уақытша шаралардың көмегімен орындалуы мүмкін. Үкіметке тәуелді емес оқиғалар берешекке әсер етуі мүмкін
Шығыстар қағидасы	Нақты жедел басшылық. Экономикалық тұрақтандыруды қамтамасыз етеді. Бюджет мөлшерін реттейді. Салыстырмалы түрде бақылау оңай	Борыштың қолайлы деңгейімен тікелей байланысты емес, өйткені кіріс бөлігіне ешқандай шектеулер жоқ. Егер шегіне жету үшін қағидада қамтылмаған шығыстар санаттарына ауысу болса, шығыстарды бөлуде жағымсыз өзгерістерге әкелуі мүмкін
Кірістер қағидасы	Бюджеттің мөлшерін басқарады. Кірістер саясаты мен басқаруды жақсартуы мүмкін. Проциклдік шығыстарды болдырмауы мүмкін (күтпеген кірістерді пайдалануды шектейтін қағидалар)	Қолайлы борыш деңгейімен тікелей байланысты емес, өйткені шығыс бөлігінде шектеулер жоқ (күтпеген кірістерді пайдалануды шектейтін қағидаларды қоспағанда). Экономиканы тұрақтандыру функциясы жоқ (проциклді болуы мүмкін)

Ымыраға келуді назарға ала отырып, көптеген елдер екі немесе одан да көп фискалдық қағидаларды біріктіреді.

Мысалы, шығыстар қағидасымен қатар алынған борыш қағидасы борыштың қолайлы деңгейімен байланысты қамтамасыз ете алатын, сондай-ақ кейбір контрциклділікке жол беріп және бюджет мөлшеріне бағдарлана отырып, саясаткерлерге қысқа мерзімді және орта мерзімді операциялық шешімдер қабылдауға көмектесер еді.

Дәл осылайша бұған борыш қағидасы мен циклдік тұрғыдан түзетілген бюджет теңгерімін қатар қолдану есебінен қол жеткізуге болар еді.

ЭЫДҰ елдерінде неғұрлым жиі қолданылатын қағидалар бюджеттің борышы мен теңгерімін шектейді және көбіне бұл қатар жүреді.

Ұлттық фискалдық қағидаларда да шығыстар қағидалары басым. Көбінесе олар борыштың орнықтылығына неғұрлым сенімді негіз беру үшін бюджет немесе борыш теңгерімінің қағидаларымен бірге қолданылады.

Кірістер қағидаларының атқаратын рөлі әлдеқайда шектеулі, олар мемлекеттік қаржының орнықтылығын қамтамасыз етуге сәйкес келмейтіндіктен солай болуы мүмкін.

ЭЫДҰ елдерінде қағидаларды имплементациялауды қамтамасыз етуге арналған заңнамалық база басқару типіне және елге байланысты ерекшеленеді. Ұлттық шығыстар, теңгерім және борыш қағидаларының негізгі бөлігі заңнамалық нормаларда бекітілген. Қолданыстағы кіріс қағидаларының аз бөлігі саяси міндеттемелерді, коалициялық келісімдер мен заңнамалық нормаларды бірге қолдану есебінен іске асырылады. Тұтастай алғанда, теңгерім мен борыш қағидаларының көпшілігі халықаралық шарттарда (Еуропалық Кеңес (бұдан әрі – ЕК) шеңберінде) белгіленген ұлттықтан жоғары қағидалар болып табылады.

### **Автоматты түрде түзету тетіктері**

Қағидаларды автоматты түрде түзету тетіктері олардың күшін арттыруы мүмкін, бірақ олар әзірше аздаған қағидаларға ғана енгізілген. Қағидалардың басқа да элементтеріне қатысты жағдайдағыдай тетікті нақты айқындау және оны заңнамада бекіту олардың сақталуына ықпал етуі мүмкін, бірақ түбінде, саяси ерік маңызды.

Борыш шегін ЖІӨ-ге қатысты 60 %-да белгілейтін Польша мен Словакияның борышына қатысты қағидалар шекті мәндерді қамтиды, оларға қол жеткізгеннен кейін осы қағиданы бұзбау үшін автоматты түрде іс-қимылдарға бастама жасалады.

Мысалы, Словакия жағдайында борыштың ЖІӨ-ге қатынасы 50 %-ға жеткенде, қаржы министрі парламентке өсудің себептерін түсіндіріп, борышты азайту шараларын ұсынуға міндетті. ЖІӨ-нің 53 %-ы деңгейінде министрлер кабинеті борышты қысқарту және жалақыны тоқтата тұру бойынша шаралар топтамасын қабылдауға тиіс. Деңгей 55 % болған кезде шығыстар автоматты түрде 3 %-ға қысқарады, ал ЕК қорлары бірлесіп қаржыландырған шығыстарды қоспағанда, келесі жылы бюджеттік шығыстар тоқтатыла тұрады. ЖІӨ 57 % болған кезде министрлердің кабинеті теңгерімделген

бюджетті ұсынуға тиіс. Ең дұрысы, егер тиімді іс-қимылдар ертерек жасалса, кейінірек триггерлік нүктелер талап етілмейді.

### **Қосалқы уағдаластықтар**

Фискалдық қағидаларды тиімді орындау мен мониторингтеу көбінесі бірқатар көмекші тетіктер мен жақсы институционалдық әлеуетті талап етеді.

Аустралия, Франция, Швеция және Біріккен Корольдікте пайдаланылатын орта мерзімді бюджеттік шеңберлер басымдықтарды белгілейді, көптеген жылдардағы шеңберде кірістерді, сол сияқты шығыстарды бюджеттік қаржыландыру деңгейімен бірдей деңгейде ұсынады және басқарады. Бұл үкіметтерге бірнеше жыл бойы қазіргі және ұсынылып отырған саясаттың әсерін көрсетуге, болашақ бюджеттік басымдықтарды белгілеуге және түптеп келгенде, мемлекет шығыстарының жақсы бақылануына қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Міндеттемелерді бақылау, мерзімі өткен берешектерді және ақша қаражатын басқару жүйелерін мониторингтеу сияқты бюджетті атқарудың тиімді жүйелері бюджет нәтижелерінің бюджеттік қаржыландыруға сәйкес келуі үшін қажет.

Салық-бюджет қағидалары әдетте рәсімдеу талаптары мен ашықтық талаптарын, ал кейбір жағдайларда сандық қағидаларды белгілейтін қаржылық жауапкершілік туралы заңдарда қолдау табуы мүмкін.

Кейбір елдерде, мысалы, Перуде, Испанияда фискалдық жауапкершілік туралы заңдарда ұлттық фискалдық қағидалардың нақты сандық мақсаттары қамтылған. Басқа елдерде (мысалы, Аустралия мен Жаңа Зеландия) қаржылық жауапкершілік туралы заңдар рәсімдік аспектілерге көбірек назар аударады, ашықтық талаптары мен үкіметтің фискалдық стратегияны бюджет құжаттарында егжей-тегжейлі сипаттауы қажеттілігін белгілейді.

Экономикасы дамыған елдердің көбі тәуелсіз органдарды өздерінің қаржылық қағидаларына деген сенімді одан әрі арттыру үшін пайдаланады.

Мысалдардың бірі Швед салық-бюджет саясаты жөніндегі кеңесі болып табылады, ол бюджеттік теңгерім қағидасының сақталуын қадағалайды, ағымдағы салық-бюджет саясатының бюджеттің орнықтылығына сәйкестігін, сондай-ақ бюджеттің ашықтығы мен болжамдардың сапасын бағалайды. Салықтық кеңестер немесе тәуелсіз комитеттер де түйінді бюджеттік болжамдар мен әдіснамаларды ұсына алады, мысалы, Чилиде қағидаларды орындау кезінде түйінді факторлар болып табылатын әлеуетті ЖІӨ-ні және шикізат тауарларының анықтамалық бағаларын есептеу үшін ұсынылады. Дағдарыстан кейін кейбір елдер (Ирландия, Португалия, Румыния, Біріккен Корольдік) фискалдық кеңестер құрды.

**Бюджеттік тәуекелдер және мемлекеттік қаржының ұзақ мерзімді орнықтылығы туралы есепті әзірлеу жөніндегі тәжірибе** ЭЫДҰ-ға мүше жекелеген елдерде:

- 1) фискалдық (бюджеттік) тәуекелдер туралы есеп;

2) ұзақ мерзімді орнықтылық туралы есеп жеке-жеке дербес құжаттар ретінде қалыптасатынын көрсетеді.

Бюджеттік тәуекелдер туралы есеп (бұдан әрі – БТЕ) бюджеттік тәуекелдерді басқару жүйесінің соңғы (түпкілікті) құрамдауышы болып табылады, ол тәуекелдерді айқындау мен талдауды (1-қадам); тәуекелдерді азайтуды (2-қадам); провизиялар/резервтер құруды (3-қадам); қалдық тәуекелдермен жұмысты (4-қадам) қамтиды.

Бұл ретте бюджеттік тәуекелдерді басқару жүйесінің негізгі қағидаттары мыналар болып табылады:

тәуекелдің барынша қолайлы деңгейін ескере отырып, саясат шараларын тандау;  
тәуекелдерді басқару үшін барынша көп мүмкіндіктері бар органдарға тәуекелдерді бекіту;

пайданы/шығасыларды және тәуекелдердің басымдылығын талдау негізінде тәуекелдерді азайту стратегиясын әзірлеу;

"теріс пайдалану және масылдық тәуекелін" жою.

БТЕ-де орта және ұзақ мерзімді перспективада бюджеттік басқару және тұрақтылық үшін проблемаларға әкеп соқтыруы мүмкін бюджеттік болжамдардың әлеуетті тәуекелдері айқындалады.

Халықаралық практикаға сәйкес БТЕ-де макроэкономикалық конъюнктура үшін әлеуетті тәуекелдер айқындалады, өйткені макроэкономикалық тәуекелдер жиі туындайды және бюджеттік позицияға елеулі әсер етеді.

ЭЫДҰ-ға мүше жекелеген елдер бюджеттік тәуекелдерді талдауды іске асырды, онда жыл сайынғы бюджеттік құжаттаманың жекелеген тараулары/бөлімдері түрінде не дербес құжат түрінде нәтижелер ашып көрсетіледі. Филиппин, Грузия, Руанда, Уганда және Гана сияқты елдер де БТЕ шығарады, Оңтүстік Африка Республикасы және Кения бюджет саясаты туралы жылдық есепте бюджеттік тәуекелдердің талдауын ашып көрсетеді.

Көптеген елдер үшін БТЕ-нің құрылымы жалпы ұқсас және мыналарды қамтиды: өткен макроэкономикалық күйзелістер мен экономикаға әсер етуді беру тетіктерінің нақты сипаттамасы; бюджет құрамдауыштарына (кіріс және шығыс бөліктеріне) ықпалдың сипаттамасы; болжамды қателіктерді талдау; әртүрлі макроэкономикалық сценарийлердің және/немесе болжамды эмпирикалық әсерлердің есептемесі; шартты міндеттемелер бойынша тәуекелдердің сипаттамасы; өзге де тәуекелдердің сипаттамасы.

Жекелеген елдер бюджеттік тәуекелдерді талдаумен қатар ұзақ мерзімді бюджеттік орнықтылықтың талдауын да шығарады, ол әдетте, БТЕ-ге қарағанда мерзімділігі аз дербес құжат түрінде жарияланады.

Ұзақ мерзімді бюджеттік орнықтылық туралы есеп (бұдан әрі – ҰБОЕ) қысқа және орта мерзімді экономикалық болжамдау шегінен асып түсетін кезеңде бюджет позициясына теріс әсер етуі мүмкін ЖІӨ өсуінің базалық көрсеткіштерінің, бюджет

шығыстары мен кірістерінің трендтерін айқындау үшін әзірленеді. Мысалы, халықтың қартаюының ЖІӨ өсуіне, әсіресе зейнетақымен қамсыздандыру және денсаулық сақтау шығыстарына әсері. 2012 жылы Канада Қаржы министрлігі елдің зейнетақы төлемдері мен борышы бойынша "Халықтың қартаюының экономикалық және фискалдық көрсеткіштерге әсері туралы есеп" (Economic and Fiscal Implications of Canada's Aging Population) атты 2050 жылға дейінгі ұзақ мерзімді фискалдық болжам әзірледі.

Бұдан басқа бюджеттік тәуекелдер және мемлекеттік қаржының ұзақ мерзімді орнықтылығы туралы талдамалық есептерді қалыптастыру Қазақстан Республикасының Үкіметі мен жұртшылықтың мемлекеттік қаржы үшін бюджеттік тәуекелдердің ауқымы мен көздері туралы хабардар болуын арттырады, тәуекелдерді тежеу жөніндегі шараларды қолдану үшін ынталандыруды күшейтеді, сондай-ақ мемлекеттік қаражатты басқару мәселелерінде Қазақстан Республикасының Үкіметі шешімдерінің тиімділігі мен нәтижелілігін және инвесторлар мен халық тарапынан сенім деңгейін арттырады.

### **Блоктық бюджетті қолдану тәжірибесі**

Блоктық бюджетті қолдану тәжірибесі Сингапур Республикасының бюджет жүйесінде барынша қолданылады. Бұл жерде әрбір министрлік бойынша "бюджеттік блоктар" немесе "блоктық бюджет" (Block-budget) жүйесі бар. Бұл "блок" соңғы жеті жылдағы шығыстарды ескере отырып, ұзақ мерзімді перспективаға қалыптастырылады.

Мұндай блок бюджетте ЖІӨ үлесі ретінде белгіленеді, яғни әрбір министрлік бюджетінің көлемі ЖІӨ-ге қатысты пайыз түрінде айқындалды. Мысалы, Білім министрлігінің жоғарғы шегі жылына ЖІӨ-нің 4 %-ына тең болуы мүмкін.

"Блок" шеңберінде министрліктер әртүрлі қызмет түрлері арасындағы қаражаттың түпкілікті көлемін айқындауда дербестікке ие, яғни бір министрлік ішінде шығыстарды бөлу министрліктің өз ұйғарымы бойынша жүргізіледі.

Бюджетті атқару барысында бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері қаражатты басқаруда толық дербестікке ие, бюджеттік "блок" шеңберінде қаражатты қайта бөлуді келісудің қажеті жоқ.

Бес жылдық жоспарлау кезеңінде министрліктер келесі жылдары қаржыландыру есебінен бір жыл ішінде қаражатты қарызға ала алады және бір жыл ішінде қаржыландыруды келесі жылға қалдыра алады. Бес жылдық кезең ішінде шығыстар лимиті бекітілген, бірақ әрбір жеке жыл ауыспалы жыл болып табылады.

Блоктық бюджеттің артықшылығы – мұндай тетік үлкен болжамдылықты және бюджет шығыстарының анағұрлым тұрақты құрылымын қамтамасыз етеді.

### **ЭЫДҰ елдерінің бюджет шығыстарының шолуын қолдану тәжірибесі**

Шығыстарға шолулар ЭЫДҰ елдерінде кеңінен пайдаланылады, бірақ олар ауқымы мен мақсаттары бойынша ерекшеленеді.

Бір типі – шығыстарға "жан-жақты" шолу. Әдетте, ол жалпы шығыстарды көптеп қысқарту қажеттілігі болған кезде немесе саяси мақсаттарға сәйкес шығыстарды

стратегиялық қайта бөлу үшін жүзеге асырылады. Ұлыбритания мен Ирландия "жан-жақты" тәсілдің үлгісі болып табылады, олар бұл тәсілді қатаң үнемдеу кезеңінде жалпы қысқартуларға қол жеткізу үшін пайдаланған. Канада, Дания мен Нидерландыда қолданылатын неғұрлым стандартты тәсіл саланың немесе бағдарламаның шығыстарына неғұрлым шектеулі шолу жасауды білдіреді. Инновацияларға немесе үкіметтің негізгі құралдарын басқаруға арналған шығыстар сияқты салаларда деңгейлес шолу мысалдары да бар.

Қаражатты тиімді үнемдеу немесе басқа салаларға қайта бөлу мүмкіндігін айқындаудан басқа мұндай шолулар бар шығыстардың үкіметтің стратегиялық басымдықтарымен және мақсаттарымен үйлесімділігін тексеруде маңызды рөл атқаруы мүмкін.

Бюджет шығыстарына шолу:

тұрақты сипаттағы функциялар мен міндеттемелерді іске асыруға арналған шығыстардың оңтайлы көлемі мен құрылымын сақтауға;

мемлекеттік саясаттың басым бағыттарын қаржыландыруды қамтамасыз ету мақсатында бюджет қаражаты әкімшілерін бюджет шығыстарын оңтайландырудың ішкі резервтерін іздеуге ынталандыруға;

тиісті іс-шаралардың орындылығы мен өзектілігін, оларды іске асыру және қаржылық қамтамасыз ету тетіктерін, мемлекеттік саясат мақсаттарына қол жеткізу бойынша нәтижелер мен баламалы құралдардың болуын үнемі бағаламай, қаражат бөлудің көлемін дәстүрлі жоспарлаудан алшақтауға;

бюджет теңгерімділігі нашарлаған жағдайда бюджет шығыстарын желілік қысқарту практикасын барынша азайтуға;

ұзақ мерзімді перспективада – бюджет шығыстарының құрылымын қаржылық және әлеуметтік-экономикалық орындылығы тұрғысынан неғұрлым оңтайлы жағдайда ұстауға мүмкіндік береді.

Қазақстанға қарағанда шет елдер МЖӘ жобалары үшін бюджеттік міндеттемелерге шектеулер белгілеген кезде негізінен елдің ЖІӨ бағдарланады.

#### 4-БӨЛІМ.

#### МЕМЛЕКЕТТІК ҚАРЖЫНЫ БАСҚАРУДЫ ДАМУ ПАЙЫМЫ

Бюджет-салық саясатының негізі қысқа мерзімді кезеңде макроэкономикалық және бюджеттік тұрақтылықты қамтамасыз етуге, орта мерзімді кезеңде бюджеттің орнықтылығына қол жеткізуге ықпал етуге және Үкіметтің даму саласындағы ұзақ мерзімді мақсаттарына сәйкес келуге тиіс.

Әлемдік экономиканы қалпына келтіру қарқыны да, ауқымы да әлі белгісіз болып отыр. Мемлекеттік борыштың өсуі мен әлемдегі бюджет тапшылығының жоғары



болуы аясында сыртқы қаржыландыруға қол жеткізу шектеулі болады, кірістерді ұлғайту мүмкіндігі шектеулі екенін ескере отырып, ірі тапшылықты қаржыландыру әлі де қиын міндет болып отыр.

Бюджеттік шоғырландыру стратегиясын бастау қажет. Бюджетті сәтті шоғырландыру үшін:

- 1) салық-бюджет саясатының мықты іргетасын қалау;
- 2) мұнайға қатысты емес кірістерді жұмылдыру және салық жүйесін қайта қарау;
- 3) жеке сектор үшін ынталандыруды бұрмалайтын тиімділігі төмен шығыстарды қысқарту және қаражатты өнімділікті арттыратын шығыстарға қайта бағыттау қажет.

Бюджеттің орнықтылығын қамтамасыз ету және фискалдық саясаттың құбылмалылығын төмендету икемді және контрциклдік фискалдық қағидалар жүйесі есебінен қамтамасыз етілетін болады.

Бюджеттік қағидалар жүйесіне қойылатын маңызды талап қағидалардың түрлі элементтерінің өзара үйлесімділігі болып табылады, ондай жағдайда қағидалардың біреуін таңдау қалғандарының орындалуына ықпал етеді.

ҚРҰҚ-дан берілетін кепілдендірілген трансферт жөніндегі контрциклдік қағида мұнайдың бағасы жоғары болған кезде ҚРҰҚ-да қаражатты көбірек жинақтауға және мұнайдың бағасы төмен болған кезде бюджетті қолдауға мүмкіндік береді.

Бюджет теңгерімінің нысаналы көрсеткіштері орта мерзімді перспективаға арналған шығыстардың шекті мәндерін белгілеу арқылы іске асырылатын болады.

Шығыстардың шекті мәндері ҚРҰҚ-дан берілетін трансферттерді қысқарту және мемлекеттік борыш деңгейін қауіпсіз деңгейлерде ұстап тұру бойынша болжамды жолды, тиісті кезеңге арналған шынайы макроэкономикалық болжамдар мен кіріс болжамдарын көрсетуге тиіс.

2023 жылдан бастап республикалық бюджет шығыстарының өсу қарқынының жоғарғы лимитін оларды инфляция бойынша мақсатқа ұлғайтылған алдыңғы 10 жылдағы ЖІӨ-нің орташа нақты өсуімен шектей отырып, белгілеу жоспарлануда. Өсу қарқынын шектеу кейін барлық бюджет шығыстары үшін номиналды шығыстар шегіне айналуы мүмкін.

Болашақ шығыстар қажеттіліктері мен күтпеген факторлардан (мысалы, дүлей зілзалалар, қолайсыз макроэкономикалық соққылар, мұнай бағасының күрт төмендеуі және тағы басқа) туындайтын үрдістерге байланысты белгісіздіктерді назарға ала отырып, түпкілікті шығыстардың шектен аспауын кепілдендіру үшін шығыстар лимитіне қарағанда жоспарланатын шығыстар неғұрлым төмен деңгейде белгіленуге тиіс. Бұл күтпеген мән-жайларға арналған резерв күтпеген шығыстарды еңсеру үшін үкіметке маневр қорын, сондай-ақ болжаудағы қателіктер шамасын айқындайды.

COVID-19 коронавирус инфекциясының пандемиясы салдарының ел экономикасына теріс әсері етуінен орын алған Қазақстандағы бюджет тапшылығының

ұлғаюы, нақты ЖІӨ-нің төмендеуі және ұлттық валютаның әлсіреуі борыштың өсуінің негізгі себебі болды.

2021 жылдың қорытындысы бойынша Еуразиялық экономикалық одаққа (бұдан әрі – ЕАЭО) қатысушы елдер үшін белгіленген лимит 50 % болса, мемлекеттік борыштың ЖІӨ-ге қатысты деңгейі 27,4 %-ды құрады.

ЕАЭО туралы шартқа сәйкес, осы индикатор Шартта белгіленген сандық мәндерге сәйкес келмеген жағдайда мүше мемлекеттер шаралар, оның ішінде бірлескен шаралар әзірлеп, іске асырады, сондай-ақ қажет болған жағдайда Еуразиялық экономикалық комиссия (бұдан әрі – ЕЭК) бекітетін тәртіпке сәйкес экономикалық жағдайды тұрақтандыруға бағытталған ЕЭК ұсынымдарын ескереді.

ЕАЭО туралы шартта белгіленген шекті мәннен асып кетуге жол бермеу мақсатында аралық шектеулер тетігін (автоматты борыштық тежегіштер) көздеу қажет, оларға қол жеткізілген кезде негізгі индикатордың бұзылуын болдырмау үшін белгілі бір қадамдарға автоматты түрде бастама жасалады.

Мұнайдың ұзақ мерзімді бағаларын бағалауға, фискалдық қағидалардың орындалуына мониторинг пен бақылауды қамтамасыз етуге Экономикалық саясат жөніндегі кеңес (бұдан әрі – ЭСК) белсенді қатысатын болады. ЭСК-нің қатысуы фискалдық қағидалар жүйесінің қатаңдығы мен ашықтығын арттыруға көмектеседі.

Осылайша әрбір қағида бір-бірін өзара байланыса толықтыратын макроэкономикалық тұрақтылықты күшейтуге ықпал ететін бюджет қағидаларының тиімді жүйесі құрылады.

Бюджет қағидаларының тиімді жүйесін құрудан басқа мемлекеттік қаржының орнықтылығын қамтамасыз ету саласындағы маңызды міндет бюджеттік тәуекелдер және мемлекеттік қаржының ұзақ мерзімді орнықтылығы туралы талдамалық есепте көрсетілетін бюджеттік тәуекелдерді және мемлекеттік қаржының ұзақ мерзімді орнықтылығын есепке алу мен талдау болып табылады.

Осыған байланысты 2022 жылдан бастап енгізілетін бюджеттік тәуекелдер және мемлекеттік қаржының ұзақ мерзімді орнықтылығы туралы талдамалық есепте мемлекеттік қаржының орнықтылығына әсер ететін макроэкономикалық, бюджеттік, әлеуметтік және басқа да тәуекелдердің талдауы, сондай-ақ ұзақ мерзімді сипаттағы тәуекелдер қамтылуы тиіс.

Бюджеттік тәуекелдерді толық ашу макро-фискалды стресс-тестілеу қолданыла отырып, осы нәтижелер мемлекеттік қаржының экстремалды макроэкономикалық күйзелістерге беріктігін бағалау үшін пайдаланыла отырып, борыштық тәуекелдерді бағалауға негізделуі тиіс.

2020 жылы ел Президенті Қазақстан халқына Жолдауында үнемді және жауапты бюджет саясатының элементтерін қамтамасыз ету үшін түйінді бюджет коэффициенттерінің жиынтығын әзірлеу қажет екенін атап өтті.

ҚРҰҚ тұжырымдамасында және бюджет саясаты жүйесінде, сондай-ақ ӘЭДБ салық-бюджет саясатын және республикалық бюджет жобасын қалыптастыруға, мемлекеттік сектордың қарыз алуын жоспарлауға қатысты бюджеттік коэффициенттер жиынтығы қамтылған.

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық комиссия туралы шартта бюджеттік және борыштық көрсеткіштер мен ЕАЭО-ға мүше мемлекеттер экономикалық саясатты қалыптастыруда сүйенуге тиіс сандық мәндер белгіленген.

Сонымен бірге бюджет саясатының тиімділігі мен орнықтылығына кешенді талдау мен бағалау жүргізу кезінде осы құжаттарда көрсетілген көрсеткіштер елдегі фискалдық жағдай мен бюджет саясатының ықтимал тәуекелдері туралы тұтас түсінік қалыптастыруға жеткіліксіз.

Борыштың қалыптасуына талдау жүргізіледі. МЖӘ жобалары шеңберінде туындайтын квазимемлекеттік және шарттық міндеттемелерді қоса алғанда, барлық тікелей және жанама мемлекеттік міндеттемелерді талдау және бағалау ұсынылады. Талдауда әртүрлі макроэкономикалық факторлардың елдің ішкі және сыртқы борышын қалыптастыруға әсерін ескеру қажет.

Ашықтық жылдық қаржылық есептілікте мемлекеттік кепілдіктер мен шартты міндеттемелерді ашып көрсету арқылы жақсарады.

Қаржы министрлігінің мемлекеттік бағалы қағаздар (бұдан әрі – МБҚ) нарығының өтімділігін арттыру және кірістіліктің тәуекелсіз қисығын құру мақсатында бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган Ұлттық Банкпен (бұдан әрі – ҰБ) бірлесіп дәйекті жұмыс жүргізеді.

Ішкі қор нарығының дамуы мен өсуінің негізгі факторларының бірі жергілікті нарыққа шетелдік инвесторларды тарта отырып, базаны ұлғайту болып табылады, бұл ұлттық қор нарығының өтімділігін арттыруға және қарыз алу құнын төмендетуге мүмкіндік береді.

Бұл шаралар кешенін, атап айтқанда, МБҚ-ны дамушы елдердің халықаралық индекстеріне қосу жөніндегі іс-шараларды жүргізуді, сондай-ақ шетелдік инвесторлардың бағалы қағаздардың ішкі нарығына қол жеткізуін қамтамасыз ете отырып, халықаралық клирингтік жүйені енгізуді және МБҚ-ға сұранысты ұлғайтуды талап етеді.

Шығарылатын МБҚ өтімділігі мен тартымдылығын арттыру ішкі нарықта мемлекет үшін қарыз алудың нарықтық құнын қалыптастыруға оң ықпал етеді.

Бюджеттік жоспарлаудың тиімділігін арттыру жөніндегі міндет бюджетті жоспарлау кезінде пайдаланылатын әдістер мен құралдарды жетілдіруді талап етеді.

Осыған байланысты мемлекеттік органдарға тұрақты орта мерзімді лимиттер шегінде өз бюджетін дербес жоспарлауға мүмкіндік беретін бюджетті жоспарлаудың блоктық тетігінің элементтерін енгізу бойынша тәсілдерді пысықтау жоспарлануда.

Бюджеттік бағдарламаларды іске асырудың икемділігін, оның ішінде оларды стратегиялық мақсаттар мен ұлттық жобалардың айналасында одан әрі ірілендіру жолымен арттыру жөнінде шаралар қабылданатын болады.

Бөлінген бюджет қаражатын игеру практикасынан кету біртіндеп жүзеге асырылатын болады, бұл жыл соңында асығыс және әрдайым тиімді бола бермейтін шығыстарды болдырмауға мүмкіндік береді, бюджет ресурстарын үнемді және тиімді пайдалануды қамтамасыз етеді және жобаның жылдық құнын емес, жалпы құнын басқаруға мүмкіндік береді.

Мемлекеттік шығыстар саласында тиімділікті арттыруға зор мүмкіндіктер бар, алайда жалпы мемлекеттік шығыстарды қысқартуға ғана негізделген бюджетті шоғырландыру орынсыз.

Мұнайға қатысты емес тапшылықты қысқартудың қажеттілігі шығыстарда қандай да бір маңызды ұлғайтулар жүргізбес бұрын тиімсіз пайдаланылатын қаражат мемлекет мақсаттарын, оның ішінде, әсіресе, мұнайға қатысты емес сауда секторларында өнімділікті арттыру және нарыққа бағдарланған экономикалық өсуді ынталандыру, неғұрлым өнімді экономикада анағұрлым сапалы жұмыс орындарын құру жөніндегі мақсаттарды қолдайтын неғұрлым өнімді шараларға бағытталатын мемлекеттік шығыстар мен кірістерді түзетуді жүзеге асыру қажет екенін білдіреді.

Осы мақсатта шығыстарға шолу енгізілетін болады, бұл ресурстарды шығыстардың жаңа басымдықтарына сәйкес қайта бөлуге мүмкіндік береді.

Аталған іс-шаралар мемлекеттік қаржының күйзелістерге орнықтылығын нығайтуға және контрциклдік шаралардың тиімділігін арттыруға бағытталған.

## 5-БӨЛІМ.

### МЕМЛЕКЕТТІК ҚАРЖЫНЫ БАСҚАРУ САЯСАТЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАТТАРЫ МЕН ТӘСІЛДЕРІ

#### 5.1. Мемлекеттік қаржыны басқару саясатының негізгі қағидаттары

Қойылған міндеттерді тиімді шешу мақсатында негізгі қағидаттар мыналар болуға тиіс:

бірыңғайлық қағидаты – Қазақстан Республикасында бірыңғай заңнамалық және нормативтік құқықтық базаны, ақша-кредит, бюджет және салық жүйелерін ұйымдастыру мен олардың жұмыс істеуінің бірыңғай қағидаттарын қолдану;

ұзақ мерзімді орнықтылық қағидаты – бюджет қағидаларының жүйесін қалыптастыру және белгіленген бюджет қағидаларын сақтай отырып, мемлекеттік қаржыны басқару саясатын іске асыру;

теңгерімділік қағидаты – қабылданатын міндеттемелердің ресурстарға сәйкестігі;

транспаренттілік қағидаты – мемлекеттік немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді қоспағанда, мемлекеттік қаржы саласындағы

нормативтік құқықтық актілерді, бекітілген бюджеттерді, даму жоспарларын және олардың атқарылуы туралы есептерді жариялау, сондай-ақ қоғам мен бұқаралық ақпарат құралдары үшін міндетті түрде ашық болу;

толықтық қағидаты – есептіліктерде Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген барлық түсімдер мен шығыстарды есепке алудың толықтығы;

тиімділік қағидаты – орта мерзімді және ұзақ мерзімді перспективада мемлекеттік борыш, бюджет тапшылығы, бюджеттің мұнайға қатысты емес тапшылығы, ҚРҰҚ азаймайтын қалдығы және валюталық активі бойынша нысаналы көрсеткіштерді қамтамасыз ету;

үнемділік пен жауапкершілік қағидаты – бюджетті қалыптастыру кезінде сандық шектеулер мен белгіленген қағидаларды қатаң сақтау.

## 5.2. Мемлекеттік қаржыны басқару саясатының негізгі тәсілдері

Бюджеттің теңгерімділігін, шынай ЖІӨ-нің одан әрі өсуін және әлеуметтік қорғауды нығайтуды қамтамасыз ету бойынша қойылған міндеттерді ескере отырып, мемлекеттік қаржыны басқару саясаты мынадай тәсілдер негізінде қалыптасатын болады:

сақталуына тәуелсіз бағалау жүргізе отырып, мұнай бағасының ауытқуына тәуелсіз, негізделген және икемді фискалдық қағидаларды белгілеу;

бюджеттік параметрлерге сандық шектеулерді қатаң сақтау және фискалдық шектеулер шегінде бюджет шығыстарының көлемін айқындау;

бюджеттік тәуекелдердің алдын алу және олардың теріс салдарын барынша азайту бойынша шаралар қабылдау;

әлеуметтік-экономикалық саясаттың мақсатына сәйкес бюджет шығыстарына басымдық беру;

әлеуметтік-экономикалық әсері неғұрлым көп болатын бюджет қаражатын тиімді бөлу;

ҚРҰҚ-да қаржы ресурстарын жинақтауды жалғастыру;

салық саясатының күшейіп келе жатқан міндеттемелерге барабар болуы;

жеке сектор инвестицияларын алмастырмай, оларды ынталандыру;

өңірлік даму мәселелерін шешуде жергілікті органдардың қаржылық дербестігін кеңейту және жауапкершілігін арттыру;

халықты бюджеттік басқаруға тарта отырып, бюджетті жоспарлау мен атқарудың барлық кезеңдеріндегі ашықтық пен айқындық;

цифрландыру мен автоматтандыру есебінен мониторингті және әкімшілендіруді қамтамасыз ету.

## 5.3. ҚРҰҚ қаражатын қалыптастыру және пайдалану саясаты

ҚРҰҚ негізгі мақсаты болашақ ұрпақ үшін жинақтауларды қалыптастыру және республикалық бюджеттің әлемдік шикізат нарықтарындағы ахуалға тәуелділігін төмендету арқылы қаржы ресурстарын жинақтау болып табылады.

ҚРҰҚ функциялары жинақтау және тұрақтандыру болып табылады.

ҚРҰҚ қалыптастыру және пайдалану мына қағидаттарға негізделеді:

транспаренттілік – ҚРҰҚ қаражатын республикалық бюджет есебінен ғана ел экономикасына бағыттау, оның ішінде ҚРҰҚ мен квазимемлекеттік сектор субъектілері арасындағы кез келген қаржылық қатынастар;

есептілік – кірістілік бойынша нәтижелер соңғы 5 және 10 жылға және басқарудың басынан бастап көрсетілетін ҚРҰҚ бекітілген (жаңартылған, түзетілген) көрсеткіштерін, ҚРҰҚ қалыптастыру және пайдалану туралы есептерді, ҚРҰҚ инвестициялық басқару жөніндегі есептерді және ҚРҰҚ жылдық аудиттелген қаржылық есептілігі (құрылған кезден бастап) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің веб-сайтында және "Әділет" Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесінде міндетті түрде жариялау;

толықтық – Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген барлық түсімдер мен шығыстардың ҚРҰҚ туралы есептілікте көрсетілуі;

уақтылылық – тиісті нормативтік құқықтық актілерде белгіленген мерзімде және тәртіпті сақтай отырып, Ұлттық қордың қолма-қол ақшасын бақылау шотына (бұдан әрі – ҚАБШ) енгізу және оны ҰБ-дегі Үкімет шоттарына аудару;

тиімділік – активтерді сақтау қажеттілігіне қарай Ұлттық қордың қаражатын басқару.

ҚРҰҚ қалыптастыру

ҚРҰҚ қаражатын жинақтау:

1) корпоративтік табыс салығы, жер қойнауын пайдалануға баламалы салық, пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салық, бонустар, экспортқа рента салығы, үстеме пайда салығы, өнімді бөлу жөніндегі үлес және өнімді бөлу туралы келісімшарт бойынша қызметін жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушылардың қосымша төлемі жататын мұнай секторы ұйымдарынан түсетін тікелей салықтар (жергілікті бюджеттерге есептелетін салықтарды қоспағанда);

2) мұнай секторы ұйымдары жүзеге асыратын операциялардан түсетін басқа да түсімдер (жергілікті бюджеттерге есептелетін түсімдерді қоспағанда), оның ішінде мұнай келісімшарттары талаптарының бұзылғаны үшін түсетін түсімдер (жергілікті бюджеттерге есептелетін түсімдерді қоспағанда);

3) республикалық меншікті жекешелендіруден түсетін түсімдер;

4) ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың және олардың еншілес, тәуелді және Үкімет айқындайтын тізбе мен тетік бойынша олармен үлестес болып табылатын өзге де заңды тұлғалардың активтерін бәсекелес ортаға беруден түсетін түсімдер;

5) ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін сатудан түсетін түсімдер;

6) ҚРҰҚ басқарудан түсетін инвестициялық кірістер;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де түсімдер мен кірістер есебінен жүзеге асырылады.

ҚРҰҚ ең жоғары мөлшері шектелмейді.

ҚРҰҚ қаражатын пайдалану

Орта және ұзақ мерзімді перспективада ҚРҰҚ пайдаланудың саясаты мен көлемі ҚРҰҚ валюталық активтерінің қысқаруына жол бермеу және оларды болашақ ұрпақ үшін жинақтау қажеттілігі негізге алына отырып жүзеге асырылатын болады.

ҚРҰҚ:

1) ҚРҰҚ-дан республикалық бюджетке жыл сайынғы кепілдендірілген трансферт түрінде;

2) ҚРҰҚ-дан республикалық бюджетке нысаналы трансферт түрінде;

3) ҚРҰҚ басқаруға және жыл сайынғы аудитті жүргізуге байланысты шығыстарды жабуға пайдаланылады.

Тұрақтандыру функциясын іске асыру мақсатында ҰБ қаржы нарығындағы қалыптасқан жағдайға байланысты ҰБ Басқармасы белгілеген тәртіппен ҚРҰҚ-ның активтерін айырбастауды және қайта айырбастауды жүргізеді. Бұл операциялар кепілдік берілген және нысаналы трансферттерді бөлу үшін жүргізіледі және ҰБ-ның интервенцияларына жатпайды. ҚРҰҚ-дан кепілдендірілген және нысаналы трансферттер бюджеттік рәсімдерге сәйкес республикалық бюджет арқылы өтуге тиіс.

Мемлекеттік, квазимемлекеттік және жеке сектор субъектілерінің қазақстандық бағалы қағаздарды, акциялар пакеттерін, қазақстандық компаниялардың қатысу үлестерін сатып алуына, екінші деңгейдегі банктерді қорландыруына, заңды және жеке тұлғаларға кредит беруіне, активтерді міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету ретінде пайдалануына тыйым салынады.

Бюджет пен ҚРҰҚ теңгерімділігін қамтамасыз етуге осы Тұжырымдамада көзделген бюджет қағидаларында белгіленген шектеулер есебінен қол жеткізілетін болады.

Кепілдендірілген трансферт

2023 жылдан бастап кепілдендірілген трансферт мұнайдың есептік бағасына ("кесімді" бағасына) қарай болжанатын мұнай секторынан ҚРҰҚ-ға түсетін түсімдердің көлемінен аспайтын мөлшерде айқындалатын болады.

Аталған бюджеттік қағида ҚРҰҚ активтерін одан әрі жинақтауға бағытталады және мұнайға қатысты емес тапшылықты азайтатын болады.

Нысаналы трансферттер

ҚРҰҚ-дан бөлінетін нысаналы трансферттер:

экономиканың құлдырауы немесе экономиканың өсу қарқынының баяулауы кезеңдеріндегі дағдарысқа қарсы бағдарламаларды;

ұлттық ауқымдағы әлеуметтік маңызы бар жобаларды, стратегиялық маңызды инфрақұрылымдық жобаларды қаржыландырудың балама көздері болмаған кезде

қаржыландыру үшін Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасы бойынша ғана бөлінетін болады.

Нысаналы трансферттер кепілдендірілген трансферттен тыс бөлінетін болады. Бұл ретте ҚРҰҚ-дан берілетін нысаналы трансферттер есебінен мемлекеттің ағымдағы шығыстарын қаржыландыруға/бірлесіп қаржыландыруға тыйым салынады.

Республикалық бюджетке ҚРҰҚ-дан тартылған нысаналы трансферттің сомасы қаржы жылының қорытындысы бойынша пайдаланылмаған немесе толық пайдаланылмаған жағдайларда пайдаланылмаған сома бюджет қаражатының қалдықтары есебінен келесі қаржы жылында ҚРҰҚ-қа қайтарылуға жатады.

ҚРҰҚ пайдалану бойынша шектеулер

Жинақтау функциясын орындау үшін ҚРҰҚ-да төмендемейтін қалдық белгіленген, сондай-ақ ҚРҰҚ ең көп мөлшері шектелмеген.

ЖІӨ-нің болжамды мәнінен төмендетілмейтін қалдық тиісті жылдың соңына кемінде 25 %-ды құрайтын болады.

ҚРҰҚ активтерінің орта мерзімді кезеңде одан әрі қысқаруын болдырмау және ұзақ мерзімді перспективада қаражат жинақтауды қайта бастау мақсатында 2030 жылы ҚРҰҚ-ның валюталық активтері болжамдар бойынша 100,0 млрд АҚШ долларына дейін құрайды.

Тұрақтандыру функциясын іске асыру республикалық бюджетке жыл сайынғы кепілдендірілген трансфертті қамтамасыз етуді, сондай-ақ экономикалық құлдырау немесе экономиканың өсу қарқынының төмендеуі кезеңдерінде экономикалық өсуді ынталандыруға және ұлттық ауқымдағы әлеуметтік маңызы бар жобаларды, стратегиялық маңызды инфрақұрылымдық жобаларды іске асыруға бағытталған дағдарысқа қарсы бағдарламаларды қаржыландыру үшін нысаналы трансферттерді пайдалануды көздейді.

ҚРҰҚ қаражатын қазақстандық эмитенттердің ішкі қаржы құралдарына инвестициялауды қоса алғанда, ҚРҰҚ қаражатын кез келген өзгеше пайдалануға тыйым салынады.

Көрсетілген мақсатқа қол жеткізу үшін 2030 жылға дейінгі кезеңде:

- 1) ҚРҰҚ активтерін ұлғайту;
- 2) бюджеттің теңгерімділігін қамтамасыз ету және бюджеттің мұнай кірістеріне тәуелділігін төмендету.
- 3) Ұлттық қордың активтерін сақтау міндеттерін шешу көзделеді.

ҚРҰҚ-дан бөлінген қаражаттың мақсатты, заңды және тиімді пайдаланылуын мониторингтеуді ҚРҰҚ-дан бөлінген қаражаттың жұмсалыуына мониторинг жүргізу жөніндегі комиссия жүзеге асырады.

ҚРҰҚ қаражатын қарқынды жинақтау, сондай-ақ оның активтерін тиімді басқару Қазақстан Республикасының орнықты дамуында шешуші рөл атқарады, мемлекеттік



сектордың қарыз алуын дұрыс жоспарлауды және фискалдық орнықтылықты қолдау жөнінде шаралар қабылдауды талап етеді.

Осылайша, қарыз алудың барабар деңгейін айқындау ҚРҰҚ жинақталған активтерін ескере отырып, сараланған тәсілді талап етеді.

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының активтерін басқару

ҚРҰҚ активтерін сенімгерлік басқаруды ҰБ, оның қызметін жалпы үйлестіруді – Ұлттық қорды басқару жөніндегі кеңес туралы ережеге сәйкес Ұлттық қорды басқару жөніндегі кеңес жүзеге асырады.

Жеке құжат – Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен бекітілетін, ҚРҰҚ активтерін басқару бөлігінде қолданыстағы ҚРҰҚ тұжырымдамасының барлық ережелері көрсетілетін, Ұлттық қордың активтерін басқару тұжырымдамасын әзірлеу ұсынылады.

#### 5.4. Салық-бюджет саясаты

##### 5.4.1. Бюджет қағидалары жиынтығын айқындау

Мемлекеттік қаржының орнықтылығын арттыру және фискалдық саясаттың құбылмалылығын төмендету бюджет қағидаларының жүйесін айқындау бюджет қағидалары шеңберінде бюджет саясатын қалыптастыру арқылы қамтамасыз етілетін болады.

Бюджет қағидалары контрциклдік және қосалқы болып бөлінеді.

Контрциклдік бюджет қағидалары негізгі болады, ҚРҰҚ-дан кепілдендірілген трансферт туралы қағиданы және республикалық бюджеттің шығыстары туралы қағиданы қамтиды.

ҚРҰҚ-дан кепілдендірілген трансферт туралы қағидаға сәйкес ҚРҰҚ-дан кепілдендірілген трансферт мұнайдың бағасына ("кесімді баға") болжанатын, мұнай секторы ұйымдарынан ҚРҰҚ-ға түсетін түсімдер көлемінен аспауға тиіс.

Мұнайға "кесімді" баға ҰБ-мен келісу бойынша Ұлттық экономика министрінің бұйрығымен бекітілетін қағидаларға сәйкес және ЭСК қатысқан жағдайда айқындалатын болады.

ҚРҰҚ-ның жинақтау функциясын күшейту үшін "кесімді" баға өндірудің пандемияға дейінгі ең жоғары деңгейінен (90,5 млн тонна) асатын мұнай өндіру көлемінің өсуіне түзетілетін болады. Өндірудің көрсетілген деңгейінен асқан кезде кесімді баға төмендеу жағына қарай түзетілетін болады.

Мұнайға кесімді бағаны айқындау кезінде консерватизмнің жеткілікті деңгейі ҚРҰҚ қаражатының сақталуын және жинақталуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, бұл мұнай қорлары сарқылғаннан кейін экономиканың тұрақты өсуін қолдауға мүмкіндік береді.

2024 жылдан бастап ҚРҰҚ-дан республикалық бюджетке бөлінетін кепілдендірілген трансферт мөлшері Ұлттық экономика министрінің бұйрығына сәйкес



Мұнайға қатысты емес тапшылық, ЖІӨ-ге %	8,1	7,3	6,7	6,0	<5,9	<5,9	<5,5	<5,5	5,0
---	-----	-----	-----	-----	------	------	------	------	-----

Мұнайға қатысты емес тапшылық бойынша нысаналы мәндерге қол жеткізу бюджет тапшылығын, ҚРҰҚ трансферттерін басқару, шығыстардың шекті мәндерін белгілеу, сондай-ақ мұнайға қатысты емес кірістердің өсуін ынталандыру есебінен қамтамасыз етілетін болады.

Мемлекеттің таза активтері туралы қағида үкіметтің сыртқы борышының, кепілдендірілген борыштың және квазимемлекеттік сектордың сыртқы борышының ҚРҰҚ валюталық активтеріне қатынасымен айқындалатын мемлекеттің таза активтерін қысқартуға жол бермеуге бағытталған.

Бюджет қағидалары жүйесіне қойылатын маңызды талап әртүрлі элементтерінің бір-бірімен келісілуі, онда қағидалардың біреуін орындау басқалардың орындалуына ықпал етеді.

Бюджет қағидалары жүйесінің ажырамас бөлігі борыш туралы қағида болады.

Борышты басқару саясаты 2030 жылға дейінгі кезеңде үкіметтің борышын ЖІӨ-ге қатысты 30 %-дан аспайтын деңгейде және мемлекеттің борышын 35 %-дан аспайтын деңгейде ұстап тұруға бағытталатын болады.

Үкіметтің борышына қызмет көрсету жөніндегі шығыстар республикалық бюджет шығыстарының 15 %-ынан аспауы тиіс (борыштық жүктеме деңгейі).

Үкіметтің борышын белгіленген шектерде ұстап тұру үшін 2030 жылы бюджет тапшылығының деңгейін ЖІӨ-ге қатысты 2,0 %-ға дейін жоспарлы төмендету жоспарлануда.

Мұнай бағасының өсуі және шикі мұнайға салық салынатын экспорт көлемінің сақталуы немесе оның ұлғаюы және тиісінше бюджетке шикі мұнайға кедендік әкету бажы түсімдерінің ұлғаюы кезінде тапшылық қысқаратын болады. Шикі мұнай бағасы төмендеген кезде тапшылық экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін параметрлер шегінде ұлғаюы мүмкін.

Бюджет қағидасы ұғымы, қағидалардан ерекшеліктер, бюджет қағидалары жүйесін айқындау мәселесі, түзету, қағидалардан ауытқу ұғымдары Бюджет кодексінде бекітілетін болады.

ҚРҰҚ-дан бөлінетін кепілдендірілген трансферт туралы қағидалардың нысаналы бағдары Бюджет кодексінің 24-бабының 2-тармағына сәйкес жыл сайын Қазақстан Республикасының заңымен бекітіледі.

Республикалық бюджет тапшылығының және мұнайға қатысты емес тапшылықтың мөлшері Бюджет кодексінің 71-бабының 3-тармағына сәйкес жыл сайын республикалық бюджет туралы заңда бекітіледі.

Республикалық бюджеттің шығыстары, мемлекеттің таза активтері мен борышы туралы қағидалардың нысаналы бағдарлары Бюджет кодексінің 61-бабына сәйкес жасалатын республиканың ӘЭДБ-ның құрамында белгіленуге тиіс.

Өзгеретін экономикалық жағдайларға бейімделген және экономикадағы сілкіністерге жауап бере алатын бюджет қағидалары ең тиімді деп танылды.

Экономикалық өрлеу кезеңінде бюджет қағидаларының нысаналы бағдарларына қол жеткізу бағытына назар аударылса, ал экономиканың құлдырау кезеңінде тиісті түзетулердің мүмкіндіктері шектеулі болуы мүмкін.

Дағдарыс жағдайларында (энергия көздеріне, әлемдік бағалардың бір мезгілде төмендеуі, пандемияға байланысты экономикалық өсу қарқынының күрт төмендеуі және өзге де) нысаналы бағдарлар баяулау кезеңінде экономикалық дамуды ынталандыру үшін бюджет қаражатын пайдалану әлеуетін шектемеуі үшін үш жыл ішінде көрсеткіштерді міндетті қалпына келтіру тетігімен бюджет қағидаларын уақытша жұмсарту/ олардан уақытша ауытқу тетігі көзделетін болады.

Бюджет қағидаларының нысаналы бағдарларын түзетуді екі жағдайда:

экономикалық өсу мен бюджет кірістерінің төмендеуіне, мемлекет міндеттемелерінің және бюджеттің меншікті кірістерімен жабылмайтын бюджет шығыстарының өсуіне әкеп соққан дағдарысты және төтенше жағдайлар туындаған кезде;

нысаналы бағдар мәндерінің есептік деректерге сәйкес белгіленген нысаналы бағдарлардан нақты ауытқуы кезінде жүзеге асыруға болады.

Дағдарыстық және төтенше жағдайларда нысаналы бағдарларды түзету бюджет заңнамасына сәйкес нысаналы бағдарларды белгілейтін құжаттарға өзгерістер енгізу арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.

Бұл ретте республиканың ӘЭДБ-ның құрамында республикалық бюджеттің бюджеттік параметрлерінде түзетілетін нысаналы бағдарларды көрсетумен, алдағы үш жыл ішінде бастапқы нысаналы бағдарға қайтару жөніндегі іс-қимыл жоспарын әзірлей отырып, нысаналы бағдарларды уақытша түзетудің болжамды траекториясы әзірленуі тиіс.

Бюджет қағидалары жұмысының тиімділігі жүргізіліп отырған бюджет саясатының сенімділігі мен инвесторлардың сенімін арттыратын берік институционалдық тетіктермен де нығайтылатын болады.

Бюджет қағидалары жұмысының тиімділігін қамтамасыз ету және фискалдық тәртіпті күшейту үшін ЭСК тартылатын болады.

ЭСК бюджет қағидалардың нысаналы бағдарларын қарастыру жүзеге асыратын болады. Кеңестің қызметі тұтастай алғанда бюджет қағидалары жүйесінің қатандығы мен ашықтығын арттыруға көмектеседі.

2020 жылы халықаралық тәжірибені ескере отырып, бюджеттік тәуекелдер туралы есепті әзірлеудің әдіснамалық тәсілдерін түсіну үшін Халықаралық валюталық қор

техникалық көмек көрсетті. Сарапшылар бюджеттік тәуекелдер туралы есептің негізін құрайтын талдау жүргізуді ұйымдастыру алдағы бірнеше жыл ішінде елеулі инвестицияларды, үйлестіруді және ресурстар бөлуді талап ететінін және Бюджет кодексінің нормасын сапалы іске асыру үшін (74-баптың 1-тармағының 1-1) тармақшасы) жұмыстың негізгі бағыттарын кезең-кезеңімен жүзеге асыру:

2022 жылы бюджеттік тәуекелдер туралы бірінші есепті әзірлеу және оны 2023 – 2025 жылдары басымдыққа сәйкес бюджеттік тәуекелдерді талдау бойынша пысықтау және бюджеттік стресс-тест жүргізу; демографиялық процестердің үрдістерін, мысалы, халықтың қартаюының және дамудың басқа да процестерін ескере отырып, ұзақ мерзімді бюджеттік орнықтылықты болжау моделін ғылыми институттармен бірлесіп пысықтау;

2026 жылдан бастап ұзақ мерзімді болжамдар модельдерін дамытуды ескере отырып, 3-5 жылда 1 рет кезеңділікпен мемлекеттік қаржының ұзақ мерзімді орнықтылығы туралы есепті әзірлеу ұсынылғанын атап өтті.

Осылайша 2022 жылы бюджет заңнамасының нормасын іске асыру үшін басымдыққа сәйкес тәуекелдерді кезең-кезеңімен талдап, ұзақ мерзімді бюджеттік орнықтылық болжамының моделін әзірлей отырып, Қазақстан Республикасында бюджеттік тәуекелдер туралы бірінші талдамалық есепті жыл сайынғы негізде дайындау көзделген. 2026 жылдан бастап экономикалық және ғылыми институттардың әлеуетін пайдалана отырып, ұзақ мерзімді экономикалық болжамдау модельдерін (10 және одан да көп жыл) әзірлеу үшін қаржы ресурстарын қамтамасыз етуді ескере отырып, мемлекеттік қаржының ұзақ мерзімді орнықтылығы туралы есептің құрамдастарын енгізу бөлігінде талдамалық есепті біртіндеп кеңейту жоспарланып отыр.

Бюджеттік және борыштық тәуекелдердің мониторингі үшін индикаторларды пайдалану жөніндегі халықаралық ұйымдардың ұсынымдарын, сондай-ақ талдамалық құрал ретінде бюджеттік практиканы ескере отырып, мемлекеттік қаржының теңгерімділігіне баға беруге мүмкіндік беретін бюджеттік коэффициенттердің тізбесі қалыптастырылатын болады. Көрсеткіштер тізбесі, тұтастай алғанда, макроэкономикалық тұрақтылық, бюджет орнықтылығы және экономикалық өсу, сондай-ақ Ұлттық қордың активтерін сақтау және қаржылық орталықсыздандыру саясатының тиімділігі жөніндегі коэффициенттерді қамтиды.

Осыған байланысты 2022 жылдан бастап 2023 – 2025 жылдарға арналған республикалық бюджет жобасын қалыптастыру кезінде бюджеттік тәуекелдер және мемлекеттік қаржының ұзақ мерзімді орнықтылығы туралы талдамалық есепте республикалық бюджет параметрлерінің макроэкономикалық күйзелістерге төзімділігін бағалай отырып, бюджеттік тәуекелдерді ашудың жоспарлануына байланысты бюджеттік коэффициенттер тізбесі осы құжаттың құрамында көрсетілетін болады.

Бұл фискалдық тәртіпті қамтамасыз ету жөнінде жүргізіліп жатқан жұмыстың үйлесімдігі мен тұтастығын қамтамасыз етуге және Парламент пен жұртшылыққа Үкімет жүргізіп отырған бюджет саясатының тиімділік дәрежесін бағалауға мүмкіндік береді.

#### **5.4.2 Бюджеттің кіріс бөлігін нығайту (салық саясаты)**

##### **Кіріске салық салуды жетілдіру**

##### **Корпоративтік табыс салығын салуды қайта қарау**

Бүгінгі күні Қазақстанда КТС мөлшерлемесі экономиканың барлық секторлары үшін 20 %-ды құрайды. ЭЫДҰ елдерінде КТС мөлшерлемелері 20 %-дан 40 %-ға дейін құрайды: АҚШ-та – 40 %-ға дейін, Францияда – 38 %, Жапонияда – 33 %, Германияда – 30 %, Норвегияда – 27 %, Канадада – 26 %, Финляндияда – 20 %.

Бұл ретте соңғы жылдары тиімді мөлшерлеме 2,9 %-дан 3,8 %-ға дейін өзгеріп отыр. Төмен тиімді мөлшерлеме себептерінің бірі – әртүрлі жеңілдіктердің болуы. Жалпы бұл жеңілдіктер әлемдік тәжірибеге сәйкес келеді және Қазақстанның инвестициялық тартымдылығына бағытталған. Бұл ретте әлемдік тәжірибе жеңілдіктер жоғары базалық мөлшерлемелер аясында берілетінін көрсетеді.

Сондай-ақ көптеген елдерде табыс салығының мөлшерлемелері салаға байланысты өзгеріп отырады немесе белгілі бір салалардағы компаниялардың кірістеріне қосымша салықтар салынады.

Осыған байланысты КТС мөлшерлемесін қайта қарау мәселесі зерделеніп, қаралатын болады.

##### **Трансферттік баға белгілеуді жетілдіру**

Трансферттік баға белгілеуді және капиталды елден шығаруды бақылау шараларын күшейту мақсатында трансферттік баға белгілеу туралы заңнаманы жетілдіру ұсынылады.

Осыған байланысты:

трансферттік баға белгілеу бойынша ЭЫДҰ талаптарына сәйкес келтіру;

елден капиталды шығаруға қарсы іс-қимыл жасау және халықаралық іскерлік операцияларда және халықаралық іскерлік операцияларға байланысты мәмілелерде мемлекеттік кіріс ысырабын болдырмау мақсатында Қазақстан Республикасының тауар биржаларында жасалған мәмілелерді трансферттік бақылаудан босатуды алып тастау;

БРИКС елдерінің үлгісі бойынша халықаралық іскерлік операцияларда тараптар ашықтығының болмауы жөніндегі проблеманы шешу үшін трансферттік заңнама бойынша бақылауды күшейту мақсатында өзара байланысты тараптарды айқындауды кеңейту;

ЭЫДҰ елдерінің практикасы бойынша бағалар мен рентабельділіктің (маржиналдықтың) нарықтық диапазонын айқындау кезінде процентильдерді қолдану бойынша шаралар қолданылатын болады.

## **Капиталдың шығарылуына, оның ішінде дивидендтерге салық салуды жақсарту бөлігінде бақылауды күшейту**

Компаниялар іс жүзінде елден капиталды шығару мен салық салудан жалтарудың әртүрлі схемаларын қолданатынын атап өткен жөн.

Бұл – салық салынатын базаны негізсіз азайту тәуекелдерін тудыратын материалдық емес қызметтерді көрсету бойынша үлестес тұлғалар арасындағы мәмілелер.

Сонымен қатар жосықсыз компаниялар шикізат өнімдерін төмен бағамен экспорттау схемаларын қолданады.

Мұндай фактілер салықтық тексерулер барысында анықталады.

Сондай-ақ инвестиция тартуды ынталандыру мақсатында дивидендтерді салық салудан босату бойынша жеңілдіктер енгізілгенін атап өтеміз.

Алайда бұл шара айқын нәтиже көрсетпей отыр.

Көптеген дамушы елдер (РФ, Беларусь, Қытай, Үндістан) бейрезиденттерге төленетін дивидендтерді салық салудан босатпайды.

Кіріс пен капиталға қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық салудан жалтаруға жол бермеу туралы 55 конвенцияның (бұдан әрі – Конвенция) бірде-бірінде дивидендтерді салық салудан толық босату туралы ережелер жоқ. Мұндай конвенцияларда 5 % және 10 % мөлшерінде төмендетілген мөлшерлеме көзделген (Конвенцияның 10-бабы).

Конвенцияға сәйкес дивидендтер түріндегі кірістерге қолданылатын салық мөлшерлемесі:

34 елде – 5 % (Аустрия, Ұлыбритания, БАӘ, АҚШ, Нидерланды, Германия);

18 елде – 10 % (Қытай, Ресей, Түркия, Чехия, Малайзия);

Пәкістанда – 12,5 %;

Грузия мен Беларусьте – 15 %.

Осыған байланысты дивидендтерді салық салудан босату бойынша жеңілдіктерді қайта қарау және бірыңғай салық мөлшерлемесін белгілеу, сондай-ақ үлестес тұлғалар көрсететін материалдық емес қызметтер бойынша шегерімдерді пайдалануды шектеу ұсынылады.

### **Жанама салық салуды жетілдіру**

Халықаралық тәжірибе Ұлыбританияда ҚҚС мөлшерлемесі 5 %-дан 20 %-ға дейін өзгертінін көрсетеді. 20 % мөлшерлеме көптеген тауарлар мен қызметтерге қатысты, ал төмендетілген мөлшерлемелер (5 %) кейбір тауарларға (жанармай, негізгі азық-түлік түрлері, кітаптар, дәрі-дәрмектер, балалар киімі) ғана қатысты.

Осыған ұқсас тәжірибе ЕО елдерінде, сондай-ақ ТМД-ның кейбір елдерінде қолданылады: Беларусьте ҚҚС-тың үш мөлшерлемесі (20 %, 10 %, 0,5 %), Ресейде ҚҚС-тың екі мөлшерлемесі (20 %, 10 %), Молдовада ҚҚС-тың екі мөлшерлемесі (16 %, 10 %) қолданылады.

Қазақстанда бизнесті мемлекеттік қолдау және дамыту мақсатында 2001 – 2009 жылдар аралығында ҚҚС мөлшерлемесі жүйелі түрде 20 %-дан 12 %-ға дейін төмендетілді.

Бұл ретте экономиканың әртүрлі басым салалары үшін салықтық жеңілдіктер қолданылады.

Осылайша бірыңғай жер салығын төлеушілер болып табылатын шаруашылық және фермерлік қожалықтар айналым көлеміне қарамастан ҚҚС төлеу міндетінен босатылады. Жеңіл және тамақ өнеркәсібі өнімдерін өндіру үшін ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру және қайта өңдеуде ҚҚС-тың есептелген сомасын 70 %-ға төмендету көзделген.

Қазақстан Республикасы Үкіметі айқындайтын арнайы инвестициялық келісімшарттар жасасу жөніндегі уәкілетті органмен жасалған арнайы инвестициялық келісімшарт шеңберінде заңды тұлға көлік құралдары және (немесе) ауыл шаруашылығы техникасы құрамындағы шикізатты және (немесе) материалдарды, сондай-ақ "Qyzylyjar" арнайы экономикалық аймағының еркін қоймасы немесе еркін кедендік аймағы кедендік рәсімімен орналастырылған олардың компоненттерін импорттауға ҚҚС-тан босату көзделген. Дәрілік заттардың импорты да ҚҚС-тан босатылады.

Бұдан басқа салық төлеушілер Қазақстанда өндірілмейтін жабдықтар мен тауарлардың импорты бойынша есепке алу әдісімен ҚҚС төлеу тетігін белсенді пайдаланады, бұл ҚҚС-тан босатуға ұқсас. Бұл – ауыл шаруашылығы техникасы, автомобиль көлігінің жүк жылжымалы құрамы, тікұшақтар мен ұшақтар, теміржол локомотивтері мен вагондар және басқалар.

Осылайша ҚҚС жүктемесін төмендетудің икемді тетіктері бар.

Негізгі экономикалық әріптестермен салыстырғанда ҚҚС мөлшерлемесінің төмен болуы осы елдерден Қазақстанға тауарлардың экспортын тиімді етеді, бұл отандық бизнестің бәсекеге қабілеттілігіне теріс әсер етеді.

Осыған байланысты ҚҚС салық салуды жетілдіру мәселесі зерделеніп, қаралатын болады.

### **Акциз саясатын жетілдіру**

Бензин мен дизель отынына бағаны мемлекеттік реттеудің болмауы нарықтың қолайлы конъюнктурасы үшін жағдай туғызды, бұл өз кезегінде өндірушілер мен делдалдардың маржасын ұлғайтуға негіз болды.

Бұл ретте соңғы уақытта акциз мөлшерлемелері өзгерген жоқ.

Бұдан басқа Ресей Федерациясында жүргізіліп жатқан салық маневріне орай акциздің мөлшері жыл сайын артып келеді, бұл ресейлік жанармай бекеттерінде бағаның жыл сайын өсуіне алып келеді.

Сондай-ақ 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап ЕАЭО мұнай және мұнай өнімдерінің бірыңғай нарығының жұмыс істеуі жоспарланып отыр ("Еуразиялық экономикалық



одақтың мұнай және мұнай өнімдерінің ортақ нарықтарын қалыптастыру туралы" Жоғары еуразиялық экономикалық кеңестің 2018 жылғы 6 желтоқсандағы № 23 шешімі).

Аталған факторлар Қазақстанда жанар-жағармай бағасының өсуіне алып келуі мүмкін.

Осыған байланысты өнім берушілер өндірушілер маржасының бір бөлігін акциздер арқылы алып қою ұсынылады.

### **Тау-кен-металлургия кешеніне (бұдан әрі – ТМК) салық жүктемесін қайта қарау**

Жер қойнауын пайдаланушыларға салық салудың әлемдік практикасы экономиканың шикізат секторына салынатын салық жүктемесі, әдетте, шикізаттық емес сектордың салық жүктемесінен асатындай болып құрылған, өйткені жер қойнауын пайдаланушылар елдің стратегиялық қорларын пайдаланады.

Бұл ретте ТМК-ға салық жүктемесі 8-9 %-дан аспайды, мұны экономиканың шикізаттық емес секторымен салыстыруға болады.

2020 жылдан бастап және 2021 жыл ішінде негізгі металдарға (мыс, алюминий және т.б.) бағаның өсуі үрдісінің байқалғанын атап өту қажет.

Осылайша 2 жыл ішінде мыс пен алюминий бағасы 1,5 еседен астам өсті. Қалған негізгі позициялар бойынша, жалпы алғанда, соңғы 5-6 жылда бағаның өсу серпіні байқалды, бұл саланың кірістілігінің өсуімен расталады.

Бұл ретте салық мөлшерлемесі өзгерген жоқ.

Осыған байланысты табиғи ресурстарды өндіру мен сатудан түсетін табысты арттыру мақсатында тау-кен секторына ПҚӨС салық мөлшерлемесі арқылы салық жүктемесін қайта қарау ұсынылады.

### **Салық жеңілдіктерін оңтайландыру және тиімділігін арттыру**

Көбінесе қандай да бір салықтық ерекшелік салықтық жеңілдік ретінде қабылданады, дегенмен экономикалық мәні бойынша мұндай ерекшелік салықтық жеңілдік болып табылмайды.

Мұндай ерекшеліктерсіз тиісті салалардағы қаржылық-экономикалық операциялар орындылығын жоғалтады.

Сонымен қатар, уақыт өте келе өзектілігін жоғалтатын жеңілдіктер бар. Талдау қорытындылары бойынша мұндай жеңілдіктер ерекшеліктерге ұсынылатын болады.

Дивидендтер бойынша жеңілдік уақытында инвестицияларды тартуды ынталандыру үшін енгізілді.

Алайда бұл шара айқын нәтиже бермейді. Осыған байланысты дивидендтерді салық салудан босату бойынша жеңілдіктерді алып тастау ұсынылады.

Салықтық жеңілдіктерді талдау бойынша жұмыс бюджеттің кіріс бөлігін орындау мен экономиканың сапалы өсуін ынталандыру арасындағы теңгерімді сақтауды ескере отырып жалғасатын болады.

### **Цифрлық майнингке салық салу**

Қазақстан цифрлық активтерді өндіру бойынша әлемдік көшбасшылардың біріне айналды және Қытай, АҚШ, Канада және Ресеймен бәсекелеседі. Ел халықаралық бизнес-қоғамдастық арасында Қазақстанға инвестициялардың негізгі демеушілері болып табылатын ірі инвестициялық компаниялардан тікелей шетелдік инвестицияларды тартады.

2021 жылғы деректер бойынша әлемдік майнингтің 6 % Қазақстанға тиесілі.

2022 жылдың басында 139 ұйым цифрлық майнинг саласындағы қызметпен айналысады. Ал 11 ұйым цифрлық майнинг инфрақұрылымын ұсынумен айналысады.

Цифрлық майнингті мемлекеттік реттеу және Қазақстанда заңнамалық деңгейде криптовалюталарды өндіру саласын ынталандыру үшін 2022 жылдан бастап цифрлық майнинг үшін төлемақы енгізілді.

Майнинг кезінде тұтынылған электр энергиясының 1 квт/сағ үшін төлем мөлшерлемесі 1 теңге.

Криптовалюталарды өндіруден қаржылық қайтарымды күшейту мақсатында майнинг үшін төлемақы мөлшерлемесін ұлғайту ұсынылады.

### **Салықтық және кедендік әкімшілендірудің тиімділігін арттыру**

Соңғы жылдары мемлекеттік кірістер органдарының жұмысы "Электрондық шот-фактуралар" АЖ, "Виртуалды қойма" модулі, "Таңбалау", "Тәуекелдерді басқару жүйесі", онлайн-БКМ қолдану бастамаларын іске асыру жолымен қашықтан әкімшілендіруге қайта бағдарланған.

Бұл тәсілдер бюджеттің кіріс бөлігін, оның ішінде салық салуды реттеу, салықтық және кедендік әкімшілендіруді жақсарту, сондай-ақ заңсыз кәсіпкерлік қызметке бақылауды күшейту бойынша пәрменді шаралар қабылдау арқылы арттыруға бағытталған.

Іске асырылатын бастамалар құжаттық және физикалық қадағалануды қамтамасыз ететін, салықтық және кедендік әкімшілендіруді цифрландыруға бағытталған ақпараттық жүйелер кешені болып табылады.

Салықтық және кедендік әкімшілендіруді цифрландыру шеңберіндегі барлық іс-шаралар мен жобалар мемлекеттік реттеудің, сондай-ақ республикалық бюджеттің кіріс бөлігінің тиімділігі мен ашықтығын арттырады.

Салықтық және кедендік әкімшілендірудің тиімділігін, сондай-ақ салықтардың жиналуын тұрақты жақсарту мақсатында осы бағыттағы жұмыс жалғастырылатын болады.

### **5.4.3 Бюджет шығыстарының тиімділігі мен экономикалық қайтарымдылығын арттыру**

Бюджеттің тұрақтылығын және бюджет қаражатын басқарудың икемділігін арттыру мақсатында нәтижелерге бағдарланған бюджеттеу қағидаттарын назардан тыс қалдырмай, блоктық бюджеттің жекелеген элементтерін енгізу ұсынылады.

Бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджет қаражатын басқару бойынша дербестігін арттыру блоктық бюджет элементтерінің бірі болып табылады. Бюджетті жоспарлаудың блоктық тетігі мемлекеттік органдарға тұрақты орта мерзімді лимиттер шегінде өз бюджетін дербес жоспарлауға мүмкіндік береді.

Қазіргі уақытта бюджеттік бағдарламалардың бір әкімшісінің бюджеттік бағдарламаларының арасында қаражатты қайта бөлу бюджетті нақтылау кезінде ғана мүмкін болады.

Бюджеттік бағдарламалар әкімшілеріне бір бюджеттік бағдарлама шеңберінде бюджеттік кіші бағдарламалар, іс-шаралар, жобалар және т.б. арасында қаражатты дербес қайта бөлу құқығын беру арқылы бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджетті атқару процесінде дербестігін кеңейту ұсынылады.

Блоктық бюджет кезінде бюджеттік бағдарламалар әкімшілері бюджет қаражатын басқару бойынша кеңейтілген өкілеттіктерге ие болады және ұзақ мерзімді мақсаттарға көбірек назар аударылады, осыған байланысты тікелей игеру бюджетті атқарудың мақсаты болып табылмайды.

Блоктық бюджеттің мұндай элементі бюджет қаражатын игермегені үшін жауапкершіліктен бас тартуды білдіреді.

Сондықтан "бюджет қаражатын игермегені" үшін жауаптылықты "нәтижеге қол жеткізбегені" үшін жауаптылыққа ауыстыру ұсынылып отыр.

Бұл ретте бюджеттік бағдарламалардың әкімшілеріне Үкімет пен ЖАО шешімі бойынша пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) бюджет қаражатын келесі жылы толық пайдалану құқығын беру жоспарлануда.

Бұл жыл соңында асығыс және әрқашан тиімді бола бермейтін шығыстарды болдырмауға мүмкіндік береді, бюджет ресурстарын анағұрлым үнемді және тиімді пайдалануды қамтамасыз етеді және жобаның жылдық құнын емес, жалпы сомасын басқаруға мүмкіндік береді.

Сондай-ақ бюджеттің тиімділігін арттыру және процесті бюрократиядан арылту үшін бірқатар шаралар ұсынылады.

ӘЭДБ-ны бір рет маусымда қалыптастыру орынды болады деп пайымдалады (қазір ол 2 кезеңде – ақпанда және тамызда қалыптастырылады). Бұл өткен жылдың статистикалық деректерін есепке алуға және бюджет параметрлерін қайта қарауды жүргізбеуге мүмкіндік береді.

Ұлттық басымдықтарға қол жеткізу және мемлекеттік жоспарлау жүйесіне бағындыру үшін бюджет шығыстарын мемлекеттік органның даму жоспарларының мақсаттары мен нысаналы индикаторларының басымдылығы негізінде айқындау қажет. Бұл ретте ұлттық жоба оған негіз болуға тиіс.

Бюджетті жоспарлау кезінде өткен жылғы бағалау нәтижелерін ескеру қажет. Ол үшін бағалау жүргізу мерзімін (шілде, тамыз) және бюджетті қалыптастыру рәсімдерін (наурыз) сәйкестендіру талап етіледі.

Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жөніндегі уәкілетті органдар орталық және жергілікті мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігіне бағалау жүргізеді. Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық және жергілікті уәкілетті органдар бюджеттік инвестициялардың, концессиялық жобалардың, МЖӘ жобаларының іске асырылуына бағалау жүргізеді. Бағалау нәтижелері бойынша шілдеде, тамызда ұсынымдар қалыптастырылады.

Бұл ұсынымдарды мемлекеттік органдар – мемлекеттік органның даму жоспарларын жасаған кезде, бюджеттік жоспарлау және мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органдар – лимиттерді қалыптастыру және даму жоспарларының жобалары мен бюджеттік бағдарламалар жобаларын қарау кезінде пайдалануы тиіс.

Әзірлеу сатысында республикалық бюджет жобасына алдын ала бағалау жүргізіледі. Бұл тетікті жергілікті бюджеттерге және бюджеттерді нақтылау рәсімдеріне де қолдану қажет.

Бюджетті атқару бөлігінде бюджеттік тәртіпті арттыру және бюджет процесін жеңілдету шараларының бірі бюджетті нақтылауды бірінші жартыжылдықтың қорытындысы бойынша жүргізу болып табылады.

Сонымен бірге, үнемділік пен жауапкершілік қағидаттарын қамтамасыз ету мақсатында бюджетті жоспарлау кезінде оларға қатысты шығыстардың экономикалық әсерін бағалау тетігін бюджеттік инвестициялар мен субсидияларды жоспарлау кезеңінде ғана емес, сол сияқты іске асырудың қорытындысы бойынша да қолдану ұсынылады.

Бұл үшін орталық уәкілетті орган деңгейінде де, мемлекеттік органдар – бюджеттік бағдарламалар әкімшілері деңгейінде де әдіснамалық негіз әзірлеу талап етіледі.

Сонымен қатар, бюджет қаражатын жоспарлау мен пайдаланудың тиімділігін арттыру мақсатында бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің жауапкершілігін арттыру жоспарлануда.

Нәтижелерге бағдарланған бюджетті пайдаланудың табыстылығы, сондай-ақ бюджет қаражатының нәтижелілігі мен тиімділігі стратегиялық және бюджеттік жоспарлау саласында жұмыс істейтін кадрлар біліктілігінің кәсіби деңгейіне тікелей байланысты. Өйткені аталған қызметкерлер жыл ішінде бюджеттік бағдарламаларды іске асырудың тиімділігін зерделейді және талдау нәтижелері бойынша бағдарламаны және/немесе оның түрлі іс-шараларын одан әрі іске асыру қажеттігін айқындайды, сондай-ақ қаржыландыру баламалары мен ұсынымдарды сипаттай отырып, шешу жолдарын әзірлейді.

Экономикалық басқарудың тиімділігі мен нәтижелілігін арттыру, сондай-ақ жоспарлау сапасын арттыру мақсатында стратегиялық және бюджеттік жоспарлау саласындағы адами ресурстарды дамыту жөніндегі шаралардың кешенді жоспарын әзірлей отырып, бюджеттік жоспарлауға тартылған мамандардың рөлі мен құзыретін күшейту қажет.

Мемлекеттік органдар қызметкерлерінің стратегиялық және бюджеттік жоспарлау саласындағы функционалдық міндеттері олардың жұмысының талдамалық құрамдас бөліктерін күшейтуге баса назар аудара отырып, түбегейлі қайта форматталуы тиіс.

Жыл бойы бюджеттік талдаушылар объектілерге барып бюджеттік бағдарламаларды іске асырудың тиімділігін зерделеуі және талдаудың нәтижелері бойынша бағдарламаны және/немесе оның түрлі іс-шараларын одан әрі іске асыру қажеттігін айқындауға, сондай-ақ қаржыландыру баламалары мен ұсынымдарды сипаттай отырып, шешу жолдарын әзірлеуге.

Жұмыс мазмұнының өзгеруіне байланысты мемлекеттік органдардың даму жоспарлары мен бюджетін жоспарлауды және орындауды қамтамасыз етумен айналысатын қызметкерлер, жүктелетін жауапкершіліктің мөлшеріне сай олардың еңбекақысын көтерумен "А" функционалдық блогына жатқыза отырып, бюджеттік талдаушылар болуға тиіс.

Бюджеттік талдаушыларды стратегиялық және бюджеттік жоспарлаудың негізгі аспектілеріне, оның ішінде қаржылық емес көрсеткіштерді әзірлеу бойынша оқытуды ұйымдастыруды тұрақты негізде жүргізу қажет.

Бюджет шығыстарының тиімділігін арттыруға бағытталған және әлеуметтік-экономикалық саясаттың мақсаттарына сәйкес оларға басымдық беруді қамтамасыз ететін құралдардың бірі ретінде мемлекеттік қаржыны басқару жүйесіне бюджет шығыстарын шолуды енгізу қажет.

Мемлекеттік органдардың бюджет шығыстарына тұрақты шолулар жүргізуін практикаға енгізу бюджет қаражатын үнемдеу және мемлекеттік саясаттың басымдықтары арасында қайта бөлу әлеуетін айқындау үшін тиімділігі төмен шығыстарды анықтауға мүмкіндік береді.

Бюджет шығыстарына шолулар жүргізу деңгейлес шолулар қолданыла отырып, әрбір бес жыл сайын барлық бюджет шығыстарын қамти отырып, кең ауқымды топқа арналған есеп түрінде бюджет шығыстарын шолу нәтижелерін жариялау міндеттілігімен (таратылуы шектелген мәліметтерді қоспағанда) жүзеге асырылатын болады.

Мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін, бюджеттік жоспарлау сапасын арттыру, бюджет қаражатының нәтижелілігі мен тиімділігін жақсарту мақсатында бюджеттік жоспарлауда шешімдер қабылдау кезінде бюджет шығыстарын қол жеткізілген нәтижеге қарай жоспарлау қағидатын енгізе отырып, бағалау нәтижелерінің қолданылуын жақсарту қажет.

Өткен жылғы бюджеттік инвестицияларды бағалау, стратегиялық мақсаттарға қол жеткізу және бюджеттік бағдарламаларды іске асыру нәтижелері жоспарлы кезеңге арналған бюджетті әзірлеу кезінде ескерілуге тиіс.

Бұл міндетті іске асыру үшін бағалаудың нәтижесі бойынша қорытындылар қалыптастыру мерзімдерін бюджетті қалыптастыру және ресурстарды бөлу жөніндегі шешімдерді қабылдау процестерімен үндестіру қажет.

Сонымен бірге мемлекеттік органдар қызметінің, мемлекеттік мүлікті басқарудың, бюджеттік инвестицияларды іске асырудың тиімділігін бағалаудың нәтижелері азаматтық қоғам мен өкілді органдар үшін қолжетімді болуға тиіс.

Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті мен облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың тексеру комиссиялары жүргізетін бағалаудың нәтижелері Парламент пен мәслихатқа ұсынылатын республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуы туралы есепке қорытындылардың құрамына енгізілуі, сондай-ақ мемлекеттік органдардың интернет ресурстарында орналастырылуға тиіс.

Сонымен бірге бюджеттік инвестицияларды іске асыруды, бюджеттік бағдарламалардың іске асырылуымен және бюджет қаражатымен өзара байланысты даму жоспарларының мақсаттарына қол жеткізуді бағалау нәтижелерін Парламент пен мәслихатқа ұсынылатын, осы есептерді мемлекеттік органдардың интернет ресурстарында міндетті түрде орналастыра отырып, бюджет шығыстары бойынша жылдық талдамалық есептің құрамына енгізу қажет.

Мемлекеттік мүлікті басқарудың тиімділігін бағалау нәтижелері Қоғамдық кеңестердің отырыстарында, квазимемлекеттік сектор субъектілеріне бюджеттен қаражат бөлу туралы мәселелерді талқылау кезінде Парламент пен мәслихатта белсенді талқылануы және республикалық және жергілікті бюджеттер туралы ақпараттың құрамына енгізілуі тиіс.

Нәтижелерді бағалау бюджет қаражаты мен мемлекет активтерінің нәтижелілігі мен тиімділігін арттыру жөніндегі тұжырымдарды ғана емес, сол сияқты ұсынымдарды да қамтуы, сондай-ақ мемлекет ресурстарын неғұрлым тиімді бөлуге ықпал ету тиіс.

Бюджетаралық қатынастар саясаты жалпы одан әрі фискалдық орталықсыздандыру бағытына сәйкес келуі тиіс.

Мемлекет басшысының бюджетаралық қатынастарды реформалау шеңберіндегі соңғы тапсырмалары аясында ЖАО-ның одан әрі қаржылық дербестігін арттыруға баса назар аудара отырып, бюджетаралық қатынастар жүйесін жетілдіру қажет.

ЖАО-ның республикалық бюджет қаражатына тәуелділігін қысқарту мақсатында салық түсімдерінің жекелеген түрлерін жергілікті деңгейге беру, республикалық және жергілікті бюджеттер арасындағы қарсы трансферттерді барынша азайту тәсілдері пысықталатын болады.

Сонымен қатар жалпы сипаттағы трансферттерді есептеу кезінде бұрын республикалық бюджеттен нысаналы трансферттер түрінде қаржыландырылған шығындарды жергілікті бюджеттердің шығыс базасына барынша беру мәселелері пысықталатын болады.

ЖАО-ның қаржылық дербестігі мен жауапкершілігін кеңейту мақсатында субвенциялар мен алып қоюларды есептеу кезінде де жергілікті бюджеттер базасына нысаналы даму трансферттерін беру және оларды өңірлерге бөлу тәсілдерін қайта қарау ұсынылады.

Нәтижесінде ЖАО-ға өңірлердің республикалық бюджетке тәуелділігін біртіндеп төмендете отырып, өңірлік экономиканы дамыту және жергілікті бюджеттер кірістерін ұлғайту үшін қосымша ынталандыру пайда болады.

2022 жылы бюджетаралық қатынастар жүйесін одан әрі жетілдіру мақсатында жалпы сипаттағы трансферттерді есептеу әдістемесі одан әрі жетілдірілетін болады, оның негізінде келесі 2023 – 2025 жылдарға орта мерзімді кезеңге арналған Заң әзірленетін болады.

Сонымен қатар бюджет заңнамасында орталық органдар мен ЖАО-лардың жалпы сипаттағы трансферттердің есептеулеріне берілетін ақпараттың негізділігі, дұрыстығы үшін жауапкершілігін көздеу жоспарлануда.

Бюджетаралық қатынастарды қалыптастыруға ұсынылған жаңа тәсілдерді іске асыру оны жергілікті бюджеттердің бюджеттік қамтамасыз етілуін теңестіру мақсаттарына қол жеткізу тұрғысынан жақсартуға мүмкіндік береді.

### **Бюджет шығыстарының есептілігін және бақылауда болуын қамтамасыз ету**

Бюджет шығыстарының тиімділігін арттырудың қажетті шарты бюджет шығыстарының есептілігін және бақылауда болуын қамтамасыз ету болып табылады.

Сондықтан мемлекеттік басқару секторы операцияларының сыныптамасын одан әрі мемлекеттік қаржы статистикасы жөніндегі халықаралық стандарттардың және ұлттық шоттар жүйесінің талаптарымен үйлестіру, сондай-ақ бюджеттік (бухгалтерлік) есепке алуды жүргізу, бюджеттік (бухгалтерлік) және өзге де қаржылық есептілікті жасау үшін сыныптаманың осындай түрін қолдануға қойылатын бірыңғай талаптарды белгілеу қажет.

Мемлекеттік басқару секторын, оның ішінде ақпараттық базаны қалыптастыра отырып және белгіленген өлшемшарттарға сәйкес мемлекеттік басқару секторына енгізуге жататын заңды тұлғаларды іріктей отырып қамтуды біртіндеп кеңейту қажет.

Бұл ретте мемлекеттік басқару секторын толық қамтамасыз ету маңызды. Мемлекеттік басқарудың әрбір деңгейіне қатысты қалыптастырылатын статистика осы секторды құрайтын барлық бірліктерді қамтуы тиіс.

Озық шетелдік тәжірибе көрсетіп отырғандай, республикалық және жергілікті деңгейдегі мемлекеттік және квазимемлекеттік секторларды, сондай-ақ Ұлттық қор мен бюджеттен тыс қорларды қамтитын мемлекеттің шоғырландырылған қаржылық есептілігін жасауға кезең-кезеңімен көшу қажет болып табылады.

Дәл осындай қаржылық есептілік елдің қаржылық жағдайының тұтас көрінісін қамтамасыз етеді.

Шоғырландыру периметрін және бухгалтерлік есептіліктің шоғырландырылатын көрсеткіштерінің объектілерін кеңейту, сондай-ақ сегменттер бойынша есептілікті қалыптастыру шоғырландырылған бухгалтерлік есептіліктің толықтығы мен дұрыстығын, қаржылық талдаудың, мониторингтеудің және мемлекеттік қаржыны басқарудың сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Осыған байланысты халықаралық стандарттарға сәйкес жасалған елдің шоғырландырылған қаржылық есептілігіне кезең-кезеңімен көшу жөніндегі шаралар іске асырылатын болады.

2023 жылға арналған республикалық бюджет жобасын қалыптастырудан бастап Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының және Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының түсімдері мен шығыстарының болжамы үш жылдық кезеңге арналған республикалық бюджет туралы заң жобасына жеке қосымшада көрсетілетін болады. Көрсетілген қорлардың нақты түсімдері мен шығыстары туралы ақпарат Үкіметтің республикалық бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есебінде көрсетілетін болады.

Бұл бюджеттен тыс қорлар шығыстарының айқындығын арттырады.

Бұдан басқа:

Халықаралық валюта қорының нұсқаулығына сәйкес мемлекеттік қаржы статистикасы бойынша ақпаратты қалыптастыру әдіснамасының толық қолданылуын қамтамасыз ету;

мемлекеттік сектор ұйымдары үшін бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік қағидалары мен рәсімдерін жетілдіру;

"Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ішкі мемлекеттік аудит пен қаржылық бақылау жүйесін жетілдіру және дамыту;

ішкі мемлекеттік қаржылық бақылауды ұйымдастыруды жетілдіру;

бюджет процесінің ашықтығын қамтамасыз ету және оған азаматтық қоғам институттарын тарту қажет.

2022 жылы мақсаты бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның бірыңғай электрондық платформасында бұлтты бухгалтерияны енгізу туралы мәселені пысықтау болып табылатын "Мемлекеттік мекемелердегі бухгалтерлік есептің бірыңғай ақпараттық жүйесі" пилоттық жобасы (бұдан әрі – "БЕ БАЖ") аяқталатын болады.

Перспективада ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті орган "БЕ БАЖ"-да, мемлекеттік органдардың бухгалтерлік есебіне (шоғырландырылған қаржылық есептілік аудиті жүргізілетін объектілерде) электрондық мониторинг жүргізетін болады, онда қол жеткізу мен аудитордың кабинеті көзделеді.

Бұл онлайн режимде бюджеттік мониторинг жүргізу жолымен мемлекеттік шығыстардың тиімділігін бақылауды күшейтуге мүмкіндік береді.



Бюджет процесін автоматтандыру шеңберінде 2020 жылы мемлекеттік жоспарлаудың ақпараттық жүйесі (бұдан әрі – МЖАЖ) мен "Ашық бюджеттер" порталы арасында бюджеттік өтінімдердің деректерін беру бойынша интеграция іске асырылды.

2022 жылы бюджеттік бағдарламаларды "Ашық бюджеттер" порталына ("Бюджеттік бағдарламалар" жаңа модулін әзірлеу бойынша жұмыстар аяқталғаннан кейін) МЖАЖ беру бойынша интеграцияны іске асыру жоспарланып отыр.

Осылайша "Ашық бюджеттер" порталында және "Халықтық қатысу бюджеті" модулінде орналастырылатын деректер МЖАЖ-дан келіп түседі, ол өз кезегінде онлайн бюджеттік мониторингті іске асыратын жүйемен интеграцияланатын болады.

Қазынашылық жүйесін одан әрі дамыту қазынашылық органдарының да, қазынашылық жүйесін пайдаланушылардың да қаржылық тәртіп үшін тиісті жауапкершілікті бекітуі арқылы оның функционалдығын жетілдіруді көздейді.

Перспективада қазынашылық органдары БҚС-ғы қаражат қалдықтарын және өтімділікті басқару жөніндегі құралдарды дамытады, оның ішінде ақша қаражатының қозғалысын болжауды дамыту, бюджет тапшылығын қаржыландыру үшін ақша қаражатын тарту құралдарын кеңейту және уақытша бос қаражатты түрлі қаржы құралдарына орналастыру жолымен дамытатын болады.

Қазынашылық төлемдер жүйесіне қатысушылар қатарына барлық мемлекеттік ұйымдарды қосу жолымен ҚАБШ мен қызмет көрсететін ұйымдардың санын ұлғайту көзделіп отыр.

Қазынашылық жүйесін дамыту ақша қаражатын бюджет қаражатын алушыларға жеткізудің жеделдігін арттыруға, бүкіл бюджет процесінің айқындылығы мен ашықтығын қамтамасыз ете отырып, өтімділіктің жеткілікті көлемде болуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

### **Мемлекеттік инвестициялық саясатты, оның ішінде мемлекеттік-жекешелік әріптестік міндеттемелерін басқару**

Бюджеттің тиімді күрделі шығыстары ұзақ мерзімді экономикалық өсудің негізін қалыптастырудың тиімді құралы бола алады.

Мемлекеттік инвестициялық саясаттың құрамдас бөлігі ретінде бюджеттік инвестициялық саясаттың негізгі бағыттары Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі инвестициялық саясаты тұжырымдамасында айқындалатын болады.

Бюджеттік инвестициялық саясаттың басты мақсаты ел халқының жоғары өмір сүру сапасын қамтамасыз етуге ықпал ететін жаңғыртуды, құрылымдық қайта құруларды және ұлттық экономиканың тұрақты өсу қарқынын қамтамасыз етуге бағытталған инвестициялық жобаларды іске асыру үшін қолайлы жағдайлар жасау болып табылады. Бұл бағыттағы жұмыс бюджеттік инвестициялардың әлеуметтік-экономикалық тиімділігі ескеріле отырып, жүргізілетін болады.

Мемлекет жобаларды іске асыруға бюджет қаражатын тартуды кезең-кезеңімен азайтатын болады және бюджеттік инвестициялық жобаларды 100 % тиімді игеруді қамтамасыз етуге және ұлттық жобалар шеңберінде жеке бастамаларды іске асыруға жәрдемдесуге баса назар аударады.

Бұл ретте салық-бюджет тұрақтылығын сақтау мақсатында мемлекеттік инвестициялар ерекше жағдайларда ғана жеке капитал жетіспейтін жоғары технологиялық және капиталды көп қажет ететін жобаларға бағытталатын болады және олар сапалы инвестицияларды болжайды. Мұндай инвестициялар кемсітусіз, деңгейлес сипатқа ие болады.

Сонымен бірге бюджеттік инвестицияларды жекелеген мониторингтеу және бағалау рәсімдерін жетілдіру жөніндегі жұмыс жалғасатын болады.

2021 жылдан бастап бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері бюджетті жоспарлау кезеңінде бюджеттік инвестицияларды іске асыру үшін мәлімделетін шығыстардың экономикалық тиімділігіне бағалау жүргізеді.

Бұл ретте аяқталған бюджеттік инвестицияларды бағалау жөніндегі қолданыстағы заңнама жобаның жоспарланған нәтижелерін қол жеткізілген нәтижелермен ғана салыстыру мақсатын қойып отыр.

Бюджет шығыстарының ең жақсы тиімділігін қамтамасыз ету мақсатында бюджеттік инвестицияларды іске асырудан болатын әлеуметтік-экономикалық әсерге бағалау жүргізу тетігі жетілдірілетін болады.

Ел экономикасына қосымша инвестициялар көлемін тарту мақсатында Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі инвестициялық саясаты тұжырымдамасына сәйкес МЖӘ тетіктерін трансформациялауды қоса алғанда, инвестициялардың баламалы көздерін дамыту бойынша шаралар қабылданатын болады.

МЖӘ қолдауға арналған мемлекеттік шығыстардың тиімділігін арттыру үшін МЖӘ бойынша жобаларды іске асыру үшін экономиканың басым салаларының тізбесін айқындай отырып, МЖӘ тетігін ең көп нәтиже алынатын салаларға шоғырландыру бойынша жұмыс жүргізілетін болады.

МЖӘ одан әрі дамытуда МЖӘ жобаларын іске асыруға мемлекеттің қатысуын кезең-кезеңімен қысқарту мақсатында негізінен бюджеттен тыс қаражат есебінен іске асырылатын жобаларға басымдық беріледі.

МЖӘ саласындағы заңнамаға тиісті түзетулер әзірлей отырып, МЖӘ жобаларын іріктеу, дайындау және басқару жүйесін жетілдіру тетікті одан әрі дамытудың негізгі бағытына айналады.

МЖӘ жобаларын іріктеу жүйесіне жаңа тәсілдерді әзірлеу кезінде мемлекеттік сатып алу рәсімдерін болдырмау үшін МЖӘ пайдалануға жол бермеу, жобаның бастамашылары мен мемлекет арасында жауапкершілікті, міндеттемелерді,

кепілдіктерді, тәуекелдер мен кірістерді теңгерімді бөлуді қамтамасыз ету, сондай-ақ МЖӘ жобаларын іріктеудің және оларға қойылатын талаптардың қатаң және бағаланатын өлшемшарттарын енгізу сияқты талаптар ескерілетін болады.

МЖӘ жобаларын жоспарлау және іске асыру сапасын арттыру мақсатында МЖӘ бойынша қабылданған мемлекеттік міндеттемелердің тиімділігін бағалаудың қажетті әдістемесін әзірлей отырып, мемлекеттік әріптестердің (бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің) құзыреттерін арттыру бойынша шаралар қабылданатын болады.

Сонымен бірге МЖӘ жұмсалатын шығыстарды ұзақ мерзімді жоспарлауды қамтамасыз ету мақсатында төлемдер шарттарын, сондай-ақ мемлекеттік әріптестің жобаға қатысу үлесін және МЖӘ жобасына қатысты қоса қаржыландыруды қолдану мүмкіндігін айқындайтын өлшемшарттарды нақтылай отырып, МЖӘ жобаларын мемлекет тарапынан қоса қаржыландыруға қатысты нақты заңнамалық негіз белгілеу мәселесі пысықталатын болады.

МЖӘ және концессиялар саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік органдардың МЖӘ шарттары бойынша қаржылық міндеттемелерді қабылдау мүмкіндігі үкімет пен өңірлердің лимиттерімен шектеледі.

Қазақстан Республикасының МЖӘ жобалары бойынша лимиттерді айқындау саласындағы қолданыстағы заңнамасының, атап айтқанда шектеуге жататын мемлекеттік қолдау шаралары түрлерінің басқаша түсінілуін болдырмау мақсатында мемлекеттік міндеттемелер құрамына енгізуге жататын мемлекеттік қолдау шараларын (ИШӨ, ОШӨ, БЖС, қоса қаржыландыру, кепілдіктер, субсидиялар) нақтылауға қатысты лимиттерді айқындау әдістемесіне іріктемелі өзгерістер енгізу мәселесі пысықталады.

Мемлекеттің шартты, оның ішінде МЖӘ жобалары бойынша міндеттемелерін мониторингтеу бөлігінде жобалардың рентабельділігін егжей-тегжейлі бағалауды, өзін-өзі ақтау мерзімін және мемлекет шығыстарының барынша әлеуетті көлемін қамтуы тиіс, жобалардың қаржылық-экономикалық негіздемесіне бақылауды күшейту қажет.

МЖӘ жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелердің, оның ішінде мемлекеттік концессиялық міндеттемелердің, Қазақстан Республикасының Үкіметі мен жергілікті атқарушы органдардың лимиттерін айқындау әдістемесі жаңартылатын болады.

Инвестор шығындарын өтеу көзін міндетті түрде көрсете отырып, есептеу кезінде өтеу үшін ұсынылатын инвестор шығындарының түрлерін нақтылау жөніндегі талаптарды заңнама деңгейінде регламенттеу жоспарланып отыр.

### **Мемлекеттік мүлікті басқарудың тиімділігі**

Жекешелендіру тетіктерін жетілдіру, сондай-ақ мемлекет қатысатын ұйымдар үшін рұқсат етілген қызмет түрлерінің тізбесін оңтайландыру тәсілдерін қайта қарау жолымен мемлекеттің экономикаға қатысуын одан әрі қысқарту бойынша жұмыс жүргізілетін болады.

Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің нарықпен бәсекелестігі тұрғысынан тұрақты талдау осы жұмыс бағыттарының біріне айналуы тиіс. Егер кәсіпорын жеке сектор ұйымдары жұмыс істейтін салада жұмыс істесе, онда бәсекелестікті болдырмау үшін оны жою не жекешелендіру туралы мәселе қойылуға тиіс.

Мемлекеттік басқаруды жаңғыртудың маңызды бөлігі квазимемлекеттік секторды реформалау болады. Бұл елдің стратегиялық міндеттерін іске асырудағы квазимемлекеттік сектордың рөлін қайта ойластыруды талап етеді.

Бұл бағытта ұйымдар қызметінің ерекшелігіне қарай квазимемлекеттік сектор субъектілерін құрудың шарттары мен нысандарын заңнамалық түрде қайта қарау қажет.

Мемлекеттік мүлікті есепке алуды жетілдіру мақсатында мемлекеттік меншік тізілімін өзектілендіре отырып, тұрақты негізде мемлекеттік мүлікке түгендеу жүргізуді қамтамасыз ету қажет. Түгендеудің қорытындысы есепке алуды ретке келтіру жөніндегі шараларды қабылдау үшін ғана емес, сондай-ақ мемлекеттік мүлікті басқару тиімділігі мен жоспарлау сапасын арттыру үшін де қызмет етуі тиіс.

Назарды ұйымдастырушылық мәселелерінен олардың бәсекеге қабілеттілігі, рентабельділігі мен қаржылық тұрақтылығы тұрғысына ауыстыру жолымен қолданыстағы мемлекеттік мүлікті басқару тиімділігін бағалау жетілдірілетін болады.

Пайдаланушылар үшін ашық, қолжетімді және ыңғайлы бірыңғай ақпараттық ресурсты құра отырып, квазимемлекеттік сектор қызметінің ашықтығын қамтамасыз ету қажет. Ақпараттық ресурста квазимемлекеттік сектор туралы қажетті талдамалық ақпарат қамтылуы тиіс.

Жер, су шаруашылығының су тоғандарын, орман ресурстарын, жер қойнауын пайдалану құқықтарын, радиожиілік спектрін және мемлекеттің түрлі мемлекеттік меншік объектілерімен операциялар жасауға айрықша құқықтарын қоса алғанда, мемлекеттің басқа да активтерін беруге жария сауда-саттықты мемлекеттік мүлік тізілімінің [www.gosreestr.kz](http://www.gosreestr.kz) веб-порталы арқылы электрондық форматқа көшіру қажет.

Бұдан басқа квазимемлекеттік сектордың қызметіне күнделікті араласуға және ұйымның стратегиясына қайшы келетін міндеттерді күштеп таңуға жол бермейтін ЭЫДҰ-ның стандарттары бойынша квазимемлекеттік сектордың мемлекеттік органдармен өзара қарым-қатынасын құруға көшу қажет.

### **5.5. Мемлекеттік борышты басқару саясаты**

Мемлекеттік борышты басқару саясаты валюталық тәуекелдерді азайтуға, бюджетке борыштық жүктеменің өсуін шектеуге, дефолтқа жол бермеуге, сондай-ақ сыртқы қарыздарды пайдаланудың тиімділігі мен тәртібін арттыруға бағытталатын болады.

Қарыз алу мәселелерінде орталық мемлекеттік органдар мен ЖАО, ұлттық холдингтерді үйлестіруді, борыш бойынша тиісті лимиттер белгілеуді қоса алғанда,

мемлекеттік және квазимемлекеттік міндеттемелерді басқару саясатын мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган қалыптастыратын болады.

Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган мемлекеттік басқару секторының борышын және мемлекеттің шартты міндеттемелерін реттеу жөніндегі саясаттың орындалуын қамтамасыз етеді, сондай-ақ мемлекеттік борыштың және мемлекет бақылайтын ұйымдар борышының жай-күйіне мониторинг жүргізеді.

ҰБ сыртқы сектор статистикасын қалыптастыру жөніндегі халықаралық әдіснаманы басшылыққа ала отырып, мемлекет бақылайтын ұйымдардың және жеке сектордың сыртқы борышының жай-күйіне мониторинг жүргізеді, елдің сыртқы борышының жай-күйіне бағалау жүргізетін болады.

Сонымен қатар мемлекеттік борышты басқару жүйесінде ЭСК осы Тұжырымдамада белгіленген борыш бойынша шектеулер мен қағидалардың орындалуын қарайтын болады.

Мемлекеттік борышты басқару саясаты мынадай қаржылық шектеулер мен қағидалар шегінде жүзеге асырылады.

Борыштық тұрақтылықты сақтап тұру мақсатында мемлекеттік борыш пен квазимемлекеттік сектордың борышы жиынтығында ЖІӨ-ге қатысты 60 %-дан аспауға тиіс.

Бюджетке борыштық жүктемені шектеу мақсатында үкіметтік борышқа қызмет көрсету жөніндегі шығыстар республикалық бюджет шығыстарының 15 %-ынан аспауға тиіс.

Жалпы мемлекеттік борыш ЖІӨ-ге қатысты 35 %-дан аспайтын деңгейде сақталады

Мемлекеттік борыштың, үкіметтік борыштың және борыштық жүктеменің көрсетілген деңгейлері асып кеткен жағдайда мемлекеттік және үкіметтік борыштың жай-күйі мен құрылымы егжей-тегжейлі талданатын болады.

Қажет болған жағдайда даму бағдарламаларына қаржыландыруды тарту және/немесе шетел қатысатын жобаларды іске асыру мерзімдері, бюджет шығыстарын оңтайландыруды және теңгерімделген бюджетті қамтамасыз етуді қоса алғанда, бюджет тапшылығының деңгейін түзетуін қоса алғанда, борышты қысқарту бойынша шаралар қабылдау бөлігінде түзетулер енгізілетін болады.

Сонымен қатар резиденттердің сыртқы қарыз алуын ынталандырмауға немесе шектеуге бағытталған жанама шаралар (арнайы валюталық режимді енгізу, пруденциялық нормативтерді реттеу және т.б.) күшейтілуі мүмкін.

Мемлекеттік борышты басқару әдістерін жетілдіру:

1) қолайсыз нарықтық жағдайлар кезеңінде қаржыландыруды тартуда барынша икемділікке қол жеткізуге мүмкіндік беретін, Қаржы министрлігі Қазынашылық комитетінің (бұдан әрі – Қазынашылық) шоттарында ірі кассалық артық қаражатты қалыптастыру және қолдау;

2) асып кеткен кезде мемлекеттік органдар шектеу шараларын қабылдайтын, квазимемлекеттік сектор борышының деңгейі бойынша жаңа "алдын алу" ковенанттарын белгілеу сияқты іс-шараларды да қамтуы мүмкін.

Елдің қаржылық тұрақтылығын қолдау мақсатында Үкіметтің сыртқы борышын (мемлекет кепілдік берген сыртқы борышты қоса алғанда) және квазимемлекеттік сектордың сыртқы борышын басқару саясаты ҚРҰҚ пайдалану саясатымен байланыстырылуы тиіс.

Жиынтық сыртқы борышты басқару үшін жиынтығында ҚРҰҚ валюталық активтерінің көлемінен аспауға тиіс, Үкіметтің сыртқы борышы (мемлекет кепілдік берген сыртқы борышты ескере отырып) мен квазимемлекеттік сектор субъектілерінің сыртқы борышының көлемі бойынша шектеулер қолданылатын болады.

Осылайша елдің таза теріс сыртқы борышы сақталады.

Осыны ескере отырып, квазимемлекеттік сектордың сыртқы борышын лимиттеу де жалғасады. Квазимемлекеттік сектордың қарыз алуы жөніндегі жоспарлар Үкімет жанындағы Квазимемлекеттік сектордың сыртқы борышының шекті көлемін айқындау мәселелері жөніндегі арнайы комиссия арқылы міндетті келісуден өтетін болады.

Сыртқы борыштың шекті лимиті айқындалатын квазимемлекеттік сектор субъектілерінің тізбесі кеңейтіледі.

Квазимемлекеттік сектордың сыртқы борышының шекті көлемі бірінші кезекте ҚРҰҚ валюталық активтерінің жиынтық сыртқы борыштан асып кетуіне жол бермеу жөніндегі талапты сақтау негізге алына отырып, айқындалатын болады.

Бұдан басқа валюталық тәуекелдерді төмендету мақсатында квазимемлекеттік сектор субъектілері қажет болған кезде квазимемлекеттік сектордың сыртқы борышының шекті көлемін айқындау мәселелері жөніндегі комиссияның ұсынымы бойынша шетел валютасында жаңа қарыздарды хеджирлейтін болады.

Халықаралық әдіснама мен практикаға сәйкес елдің борыштық тұрақтылығы бір немесе бірнеше параметрлердің мәнімен біркелкі сипатталмауы мүмкін. Сондықтан уәкілетті мемлекеттік органдар тұрақты негізде, оның ішінде бюджеттік тәуекелдер және мемлекеттік қаржының тұрақтылығы туралы жыл сайынғы талдамалық есепті дайындау шеңберінде борыштық тұрақтылыққа кешенді талдау жүргізетін болады.

Борыштық тұрақтылықты арттыру үшін борыштық тұрақтылықты мониторингтеу мен бағалаудың талдамалық құралдары жетілдірілетін, борыштық тұрақтылықтың қолданыстағы индикаторларына түгендеу жүргізілетін және жаңа индикаторлары белгіленетін болады.

Бюджеттік тәуекелдер және мемлекеттік қаржының ұзақ мерзімді тұрақтылығы туралы талдамалық есепті әзірлеу шеңберінде борыштық тұрақтылықты бағалау және болжау, сондай-ақ түрлі макро-фискалдық күйзелістер (ЖІӨ-нің нақты өсуін төмендету

, пайыздық мөлшерлеменің өсуі, мемлекеттің шартты міндеттемелерін іске асыру) іске асырылған жағдайда борыш траекториясын бағалауға бағытталған макро-фискалдық стресс-тестілеуді жүргізу құралдары пысықталатын болады.

ЖАО-ның борыштық тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында ЖАО борышының лимиттерін айқындау жөніндегі тәсілдер қайта қаралатын болады. Бұл ретте жергілікті атқарушы органның борышын өтеуге және оған қызмет көрсетуге арнаған шығыстар жергілікті бюджеттің меншікті кірістері мен жалпы сипаттағы трансферттер сомасының 10 % тең мөлшерден аспауы тиіс.

### **Мемлекеттік қарыз алу саясаты**

Республикалық бюджет тапшылығын қаржыландыру қажеттіліктеріне сәйкес мемлекеттік қарыз алудың ашық және болжамды саясаты жүргізіледі.

Мемлекеттік қарыз алу негізінен ішкі нарықта жүзеге асырылатын болады.

Капитал сыртқы нарықтарға шыққан жағдайда, бірінші кезекте кірістіліктің қолайлы деңгейін ескере отырып, теңгемен қаржыландыру құралдары қаралатын болады.

"Астана" халықаралық қаржы орталығы (бұдан әрі – АХҚО) бағалы қағаздар нарығының артықшылықтарын пайдалану мақсатында 2018 – 2019 жылдардағы еурооблигациялар мен 2020 жылы рубль облигацияларын шығару тәжірибесі бойынша АХҚО биржасында шетелдік валютада МБҚ шығару жөніндегі жұмысты жалғастырады.

Халықаралық қаржы ұйымдарынан және шетелдік банктер мен ұйымдардан қарыз алу ұлттық валютадағы қаржы құралдарына және нарықтық конъюнктураға сәйкес келетін қарыз алу шарттарымен ұзақ мерзімді өтімділігі бар құралдарға артықшылық бере отырып, жүзеге асырылатын болады.

Бұл ретте "өзін-өзі ақтамайтын" инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру үшін сыртқы қарыздар мен мемлекеттік кепілдікпен алынатын қарыздардан бас тарту жоспарланып отыр.

Шет мемлекеттердің үкіметтік ұйымдарынан қарыз алу мемлекеттің мүдделеріне сай келетін қолайлы қаржылық және заңдық шарттармен елдің экономикалық және стратегиялық мүдделерінің сақталуы ескеріле отырып қаралады.

Кепілдендірілген сұраныс қамтамасыз етілген жағдайда, сондай-ақ халықаралық нарық тарапынан қарыз алудың қолайлы жағдайларында еурооблигацияларды ұлттық валютада не ұлттық валютамен құбылмалылығы ұқсас өзге де валюталарда шығарудың баламалы нұсқаларын қарау үшін капиталдың ішкі нарықтарындағы жағдайға тұрақты талдау жүргізілетін болады.

Ішкі нарықта жеткілікті өтімділік және капиталдың сыртқы нарығының қолайлы конъюктурасы болмаған кезде шетел валютасында деноминацияланған

еурооблигацияларды шығарудың түрлі нұсқаларының мүмкіндігін қарастыру үшін борыштық капиталдың халықаралық нарықтары конъюнктурасын мониторингтеу тұрақты негізде жүзеге асырылады.

Қарыз алуды мониторингтеуді күшейту үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі мен халықаралық қаржы ұйымдары арасындағы Әріптестік туралы негіздемелік келісімдерді іске асыру жөніндегі үйлестіру кеңесінің (бұдан әрі – Үйлестіру кеңесі) құзыреті кеңейтілетін болады.

Үкіметтік қарыздар мен мемлекеттік кепілдікпен берілетін қарыздар есебінен қаржыландыру жоспарланып отырған барлық жобалар, сондай-ақ ХҚҰ-мен әріптестік туралы барлық жаңа халықаралық шарттар мен үкіметтік келісімдер Үйлестіру кеңесі арқылы өтетін болады. Бұдан басқа Үйлестіру кеңесінің бір функциясы үкіметтік қарыздар мен мемлекеттік кепілдікпен берілетін қарыздар есебінен жобалардың іске асырылуының тиімділігін бағалау жөніндегі есептерді қарау болмақ.

### **Мемлекеттік борыш статистикасын жетілдіру**

Мемлекеттік борыштың статистикасын жетілдіру және оны халықаралық әдіснамаға сәйкес келтіру шеңберінде мемлекеттік борыштың құрамында қысқа мерзімді ноталары кредиттік тәуекелге ұшырамайтын және дефолт мүмкіндігін болдырмайтын ұлттық валютаның жалғыз эмитенті ретінде ҰБ-ның борышы ескерілмейді.

ҰБ-ның ішкі борышы ақша-кредит саясатының құралы болып табылатын қысқа мерзімді ноталар түрінде болады, банк жүйесінің өтімділігін реттеуге арналған және бюджет шығыстарын қаржыландыру үшін пайдаланылмайды.

Мұндай тәсіл ҰБ мен бюджеттің атқарылуы жөніндегі уәкілетті органның борыштық міндеттемелеріндегі функционалдық айырмашылықтарды ескергенде, орынды болып табылады.

Квазимемлекеттік сектордың міндеттемелерін толық есепке алу үшін бюджеттің атқарылуы жөніндегі орталық уәкілетті орган ұлттық операторлардың, мемлекеттік кәсіпорындардың және коммуналдық меншіктегі кәсіпорындардың ішкі және сыртқы борышына мониторинг жүргізетін болады.

### **Мемлекеттік бағалы қағаздардың ішкі нарығын дамыту**

Борыштық саясат борыштық құралдардың ішкі нарығының дамуына жәрдемдесетін болады. МБҚ-ның белсенді нарығын дамыту отандық бағалы қағаздар нарығын дамытуға қолайлы ықпал етеді. Бұл нарықтағы жеткілікті өтімділікті қолдауға ықпал ететін МБҚ бастапқы және қайталама нарықтарын одан әрі дамытуды білдіреді.

Ішкі МБҚ нарығын дамыту мақсатында МБҚ шығару негізінен кірістілік деңгейі мен бағалы қағаздар нарығына қатысушылар үшін мерзімдері қолайлы ұлттық валютамен ішкі нарықта жүзеге асырылатын болады.



Бюджеттің атқарылуы жөніндегі уәкілетті органның МБҚ мен ҰБ ноталарын нарықтық сұраныс пен ұсыныстың негізінде бастапқы нарықта тұрақты орналастыра отырып, кірістіліктің нарықтық және әділ қисығын құру бойынша жұмыс жалғасады.

Нарыққа қатысушылардың қызығушылығын арттыру мақсатында шығарулар санын қысқарта отырып, МБҚ эмиссиясының көлемін ірілендіру жоспарлануда.

Мемлекеттік борыштың оңтайлы құрылымын қалыптастыру құралы ретінде кері сатып алу және нарықтық конъюнктура қолайлы болған кезде МБҚ шығарылымдарын шешуші мерзімдерде жете орналастыру тәжірибесі қолданылатын болады.

Бұл МБҚ-ның өтеу графигін оңтайландыруға, эталондық шығарылымдарды құруға, сондай-ақ мемлекеттік борыш фрагментациясын төмендете отырып, айналымдағы МБҚ шығарылымдарын ірілендіруге мүмкіндік береді.

Негізінен нарықта неғұрлым сұранысқа ие болып табылатын, айналыс мерзімі 10 жылға дейінгі МБҚ орналастырылады.

Сонымен қатар ұлттық валютадағы МБҚ ұлттық эталондық шығарылымдары құрылатын болады.

МБҚ шығару жөніндегі жоспарлар мен графиктер олардың қатаң сақталуын қамтамасыз ете отырып, алдын ала жарияланады.

МБҚ орналастыруда нарыққа қатысушылардың үлесін арттыру жоспарланып отыр.

МБҚ өтеу графигін оңтайландыру және инвесторлар арасында неғұрлым көп сұранысқа ие айналыс мерзімі қысқа облигациялар шығаруды қамтамасыз ету мақсатында ішкі қор нарығында МБҚ кері сатып алу тетіктерін әзірлеу жөнінде шаралар қабылданатын болады.

МБҚ-ны дамушы елдердің халықаралық индекстеріне қосу бойынша жұмыс жүргізіледі.

Халықаралық депозитарийлер арқылы шетелдік инвесторлардың қазақстандық қор нарығына қол жеткізуі қамтамасыз етіледі.

### **5.6. Бюджет процесінің айқындылығын және ашықтығын арттыру**

Бюджет процесінің айқындылығы мен ашықтығы:

жүргізілетін бюджет саясаты туралы ақпараттың қолжетімділігі;

қоғамдық ресурстарды пайдалану көздері мен бағыттары туралы ақпараттың қолжетімділігі;

бюджет процесінің бастапқы кезеңдерінде азаматтардың пікірлерін ескере отырып, қоғамдық қатысуды дамыту, азаматтардың әлеуметтік белсенді бөлігінің бюджет қаражатын пайдалану бағыттары туралы негізделген пікірін қалыптастыру;

бюджет ресурстарын жұмсаудың басым баптарын талқылауға жұртшылықтың кеңінен қатысуы қағидаттарының сақталуын болжайды.

Бюджет туралы ақпаратқа нысаналы аудиторияны азаматтар, қоғамдық ұйымдар, сарапшылар қоғамдастығы, бұқаралық ақпарат құралдары

(бұдан әрі – БАҚ), бизнес өкілдері, саяси қайраткерлер, мемлекеттік билік және жергілікті өзін-өзі басқару органдары құрайды.

Бюджет мәселелерінде жұртшылықпен өзара іс-қимыл тетіктерінің тиімділігін арттыру үшін ақпараттың құрамы мен мазмұны тұрғысынан қолжетімділігін қамтамасыз ету маңызды. Бюджеттік деректердің, олардың егжей-тегжейлік дәрежесі көрсетіле отырып, практикалық мәнге ие болуы, қисынды дәйектілікпен құрылуы және онлайн-порталда машинада оқылатын нысанда ұсынылуы тиіс.

Мемлекеттік және жергілікті басқару органдарының жұртшылықпен интернет ақпараттық-телекоммуникациялық желісі арқылы коммуникациясының негізгі порталы "Ашық бюджет" порталы болып табылады, мұнда бюджеттік деректер өздерінің кәсіби мақсаттарында бюджет туралы ақпаратты пайдаланатын мүдделі қолданушылардың кең ауқымы үшін ұсынылған.

Азаматтар порталда бағдарлана алуы және қажетті ақпаратты оңай табуы үшін "Ашық бюджеттер" порталында ақпараттың нақты санаттарға бөлінуі, ақпаратты іздеу құралдары жақсартылуы тиіс.

"Ашық бюджеттер" порталында бюджет процесінің барлық кезеңдерінде бюджеттік сыныптамаға сәйкес нақтыланған деректердің, сондай-ақ жартыжылдық және жылдық негізде бюджеттің атқарылуы бойынша, мемлекеттік борыш бойынша талдамалық ақпараттың жариялануын қамтамасыз ету қажет.

Халықты қоғамдық қаржыны басқаруға тарту тәсілі ретінде "Азаматтық бюджет" жобасы азаматтарға мемлекеттік шешімдер қабылдау процесіне өзінің қатыстылығын сезінуге, сондай-ақ билік органдары қабылдайтын шешімдерге ықпал етуге немесе бюджеттен қаржыландырудың бірінші кезектегі объектілері мен бағыттарын айқындауға мүмкіндік береді. Аудандық деңгейдегі (өңірлік маңызы бар қала деңгейі) азаматтық бюджеттер де әрбір аумақтың БАҚ баспасөзінде жариялануы тиіс.

Қоғамдық кеңестердің рөлін қайта қараудың маңызы зор.

Қоғамдық кеңестер жергілікті деңгейде бюджетті бірлесіп жоспарлаудың пайдалы құралы бола алады.

Бюджетті бекіту кезінде қоғамдық сараптама жүргізу үшін орталық мемлекеттік органдар мен әкімдіктер жанынан құрылған қоғамдық кеңестер алаңын пайдалану жоспарлануда.

Бүгінгі таңда Бюджет кодексінде әкімдіктердің жергілікті бюджеттердің жобаларын талқылауды және олардың орындалуы туралы жылдық есептерін қоғамдық кеңестерде өткізу көзделген.

"Қоғамдық кеңестер туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен қоғамдық кеңестерге белгілі бір өкілеттіктер берілген.

Қоғамдық кеңес коммерциялық емес ұйымдардың өкілдерімен және азаматтармен бірге бюджеттік бағдарламаларды іске асырудан азаматтар үшін жағымсыз салдарды және қоғамдық мүдделерді анықтау үшін қоғамдық мониторинг жүргізе алады.

Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттер мен аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, ауылдық округтер бюджеттерінің инфрақұрылымдық және әлеуметтік бастамаларына қоғамдық сараптау бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері бюджеттік өтінім жасағанға дейін жүргізіледі.

Қоғамдық сараптамаға бірінші кезекте жергілікті бюджеттердің елді мекендердегі әлеуметтік инфрақұрылымды абаттандыру және дамыту жөніндегі шығыстарын жатқызу қажет.

Сонымен қатар қабылданатын бюджеттік шешімдер бойынша да жұртшылықпен кері байланысты ұйымдастыру жоспарлануда.

Қоғамдық кеңестерге жұртшылық өкілдерінің неғұрлым көп енуі мәселесі қаралатын болады.

Мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарында атауын, басшының деректерін (Т.А.Ә. (бар болса), телефон) көрсете отырып, тауарды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) жеткізуші туралы ақпаратты міндетті түрде жариялау қажет. Мемлекеттік сатып алудың қорытындысы бойынша тауар (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) бірлігінің құны туралы ақпаратты да орналастыру қажет.

### **5.7. Бюджет процесін автоматтандыру және цифрландыру**

Бюджет процесін автоматтандыру және цифрландыру бюджеттің кіріс бөлігін арттыру, көлеңкелі экономика деңгейін төмендету, ресурстарды стратегиялық басымдықтарға сәйкес ұтымды пайдалану, мемлекет пен азаматтардың өзара іс-қимылы және сенім деңгейін арттыру үшін маңызды.

Салықтық бақылау рәсімдерін толыққанды цифрландыруды және салық міндеттемелерінің орындалуына қашықтан мониторинг жүргізу керек. Мұндағы жұмыстың негізгі бағыттары ұлттық қадағалап отыру жүйесін, электрондық шот-фактураларды, тауарларға арналған электрондық жүкқұжаттарды, тауарларды таңбалау жүйесін, электрондық бюджеттік жоспарлау, мемлекеттік қолдау шараларына бюджет шығыстарының тиімділігін талдау АЖ енгізу, жасанды интеллект, big data, блокчейн технологияларын енгізу болып табылады.

Салық және кеден жүйесі кабинеттерін біріктіре отырып, салық төлеушінің бірыңғай кабинетінің үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету және E-Salyk-Azamat тегін мобильді қосымшасын белсенді түрде ілгерілету маңызды (жеке тұлғалар үшін).

Кәсіпкерлерге тұтынушылардан банктік мобильді қосымшалар арқылы түсетін ақша аударымдарын фискалдау проблемасын шешуге назар аударудың маңызы зор.

Жер қойнауын пайдалану, офшорларға транзакциялар саласында салық салуды жетілдіру, елден капитал шығаруға бақылауды күшейту, сондай-ақ декларациялау және әріптес елдер арасындағы кедендік статистикадағы алшақтықтар өзекті мәселелер болып табылады.

Алда басым транзиттік бағыттар бойынша кеден бекеттерін жаңғырту және автоматтандыру, кедендік ресімдеу уақытын қысқарту міндеті тұр.

Әкімшілендіру процестерін автоматтандыру және адами факторды болдырмау мақсатында "Экспорттық бақылау" модулі іске қосылды және навигациялық пломбаларды пайдалану басталды. "Экспорттық бақылау" модулі Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті ішкі жергілікті желісі бойынша немесе INTERNET арқылы жұмыс істейтін "ЭШФ" АЖ арқылы жүзеге асырылады.

Осыған байланысты салықтық және кедендік әкімшілендіруді одан әрі цифрландыру жөніндегі жұмыстар жалғасатын болады.

Бюджет процесін автоматтандыру мен цифрландыру барлық төрт кезенді: бюджетті жасау, қарау, бекіту және атқаруды қамтуы тиіс.

Бюджеттік жоспарлау процесін автоматтандыру ағымдағы сипаттағы бюджеттің барлық шығыстары бойынша заттай нормалардың болуын қамтамасыз ете отырып, оларды заттай нормалардың болуы, толықтығы мен өзектілігі тұрғысынан жыл сайын түгендеумен қоса жүргізілуі тиіс. Заттай нормалар болмаған кезде тиісті салалардың (аялардың) уәкілетті органдары бюджет заңнамасында белгіленген тәртіппен заттай нормаларды әзірлеу және бекіту жөнінде шаралар қабылдауы тиіс.

Бюджет процесін автоматтандыру және цифрландыру мемлекеттік дерекқорлармен интеграцияны ескере отырып жүзеге асырылуы тиіс.

Барлық мемлекеттік қолдау алушылардың мониторингі есебінен мемлекеттік ақшаны жұмсаудың тиімділігін арттыру жөніндегі ақпараттық жүйені пысықтау жөніндегі міндет мемлекеттік қолдау шараларының тиімділігін бағалаудың арнайы әдістемесін бекітуді талап етеді.

Мемлекеттік шығыстардың тиімділігін бақылауды күшейту мақсатында онлайн режимде бюджеттік мониторинг жүргізу қажет.

Бюджеттік мониторингті онлайн режимде жүргізу ақпараттық жүйелерді пайдалана отырып, бюджет процесін оның барлық кезеңдерінде (жоспарлау, сатып алу, орындау және аудит) қадағалауды білдіреді.

Бұл тетік уақтылы ден қоюға және пәрменді басқарушылық шешімдер қабылдауға, оның ішінде өңірлер бөлінісінде ресурстарды өнімді бөлуге мүмкіндік береді.

Бюджеттік мониторингті енгізу де мемлекеттік сатып алу рәсімдерін өткізу және өнім берушілермен шарт жасасқанға дейін қорытынды шығару кезінде бұзушылықтардың жолын кесу бөлігінде елеулі нәтиже берген қолданыстағы "Камералдық бақылау" практикасына ұқсас ден қою шараларын қабылдау үшін нысаналы индикаторларға сәйкес келмеу тәуекелдері (жоспар/факт) туралы "сигнал беретін" болады.

Мониторинг қолданыстағы "е-Қаржымині", "Мемлекеттік жоспарлаудың ақпараттық жүйесі", "Электрондық мемлекеттік сатып алудың" автоматтандырылған



Р/с №	Атауы	Аяқтау нысаны	Орындалу мерзімі	Жауапты орындаушылар	1	2	3	4	5
1. ҚРҰҚ қаражатын қалыптастыру және пайдалану саясаты									
1-нысаналы индикатор. Мұнайға қатысты емес тапшылық деңгейін 2030 жылы ЖІӨ-ге қатысты 5 %-ға дейін, оның ішінде мына жылдар бойынша: 2021 жылы ЖІӨ-ге қатысты 10,0 %-ға дейін; 2022 жылы ЖІӨ-ге қатысты 8,1 %-ға дейін; 2023 жылы ЖІӨ-ге қатысты 7,3 %-ға дейін; 2024 жылы ЖІӨ-ге қатысты 6,7 %-ға дейін; 2025 жылы ЖІӨ-ге қатысты 6,0 %-ға дейін; 2026 жылы ЖІӨ-ге қатысты < 5,9 %-ға дейін; 2027 жылы ЖІӨ-ге қатысты < 5,9 %-ға дейін; 2028 жылы ЖІӨ-ге қатысты < 5,5 %-ға дейін; 2029 жылы ЖІӨ-ге қатысты < 5,5 %-ға дейін төмендету.									
1.	"Елдің бесжылды қ кезеңге арналған әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерін қалыптастыру үшін бюджеттік параметрлерді болжау әдістемесін және Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика	бұйрық жобасы	2023 жылғы 1-тоқсан	ҰЭМ ҰБ (келісу бойынша)					

<p>министрі нің 2021 жылғы 2 маусымд ағы № 154 бұйрығы на ҚРҰҚ-да ғы қаражаты ның төмендет ілмейтін қалдығы н есептеу әдістемес ін бекіту бөлігінде өзгерісте р енгізу</p>			
<p>2.</p> <p>"Ұлттық басқаруш ы холдингт ердің, ұлттық холдингт ердің, ұлттық компания лардың және олардың еншілес, тәуелді және олармен үлестес болып табылаты н өзге де заңды тұлғалар дың активтері н бәсекелес ортаға беруден Қазақста н Республи</p>	<p>Қазақста н Республи касының Үкіметі қаулысы ның жобасы</p>	<p>2022 жылғы 2-тоқсан</p>	<p>ҰЭМ, ҰБ ( ) келісу бойынша )</p>

	касынын Ұлттық қорына түсетін түсімдер дің қағидала рын бекіту туралы" Қазақста н Республи касы Үкіметіні ң 2018 жылғы 4 маусымд ағы № 323 қаулысы на өзгерісте р енгізу			мүдделі МО
3.	ҚРҰҚ активтері н басқару тұжырым дамасын әзірлеу	Қ Р Президен т і Жарлығы ның жобасы	2022 жылғы 2-тоқсан	ҰБ ҰЭМ Қаржыми ні
2. Салық-бюджет саясаты				
2.1. Бюджеттік қағидалар жиынтығын айқындау				
2-нысаналы индикатор. Бюджет тапшылығын 2030 жылы ЖІӨ-ге қатысты 2 %-ға дейін, оның ішінде мына жылдар бойынша: 2021 жылы ЖІӨ-ге қатысты 3,1%-ға; 2022 жылы ЖІӨ-ге қатысты 3,3%-ға дейін; 2023 жылы ЖІӨ-ге қатысты 3,1%-ға; 2024 жылы ЖІӨ-ге қатысты 2,9%; 2025 жылы ЖІӨ-ге қатысты 2,7%; 2026 жылы ЖІӨ-ге қатысты 2,5%; 2027 жылы ЖІӨ-ге қатысты 2,3 %; 2028 жылы ЖІӨ-ге қатысты 2,1 %; 2029 жылы ЖІӨ-ге қатысты 2,1% төмендету				
4.	Қ Р Бюджет кодексіне бюджетті к қағидала р бойынша өзгерісте р енгізу жөніндегі з а ң	Қазақста н Республи касы Заңының жобасы	2024 жыл	ҰЭМ, Қаржыми ні, ҰБ ( келісу



	жобасын әзірлеу			бойынша )
5.	<p>Бюджеттік тәуекелдер және мемлекеттік қаржының ұзақ мерзімді орнықтылығы туралы талдамалық есепті жасау кезінде ұзақ мерзімді бюджеттік орнықтылықты болжау модельдерін қолдану бойынша ұсынымдар әзірлеу</p>	<p>талдамалық зерттеулер</p>	<p>2022 – 2026 жж. жыл сайын</p>	<p>ҰЭМ, "ЭЗИ" АҚ (келісу бойынша)</p>
	<p>"Қаржылық есептілік нысандарын және оларды жасау мен ұсыну қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2017 жылғы 1</p>			

<p>6.</p>	<p>тамыздағы № 468 бұйрығына, "Бюджеттік бағдарламалар әкімшілері мен бюджеттік атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдардың шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрі нің 2016 жылғы 6 желтоқсандағы № 640 бұйрығына жылдық қаржылық есептілікте мемлекеттік кепілдіктер мен шартты міндетте</p>	<p>бұйрық жобасы</p>	<p>2023 жыл</p>	
-----------	---	--------------------------	-----------------	--

	р д і ашуды қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылдау бөлігінде өзгерістер енгізу			Қаржыми ні, ҰЭМ
2.2. Бюджеттің кіріс бөлігін нығайту (салық саясаты)				
7.	Трансферттік баға белгілеуді жетілдіру, сондай-ақ капиталдың шығарылуына бақылауды күшейту	Қазақстан Республикасы Заңының жобасы	2022 жылғы желтоқсанда	Қаржыми ні, ҰЭМ, мүдделі МО
	Салықтық заңнамамен кірістерге салық салу, оның ішінде дивидендтер түрінде салық салуды жетілдіру, ҚИК салық салуды жетілдіру, материалдық емес қызметтер бойынша шегерімг			ҰЭМ, Қаржыми

8.	е шектеу енгізу; жанама салық салу; ПҚӨС мөлшерл емелерін ұлғайту жолымен ТМК-ге салық жүктемес і н арттыру; тиімсіз салықтық жеңілдікт ерді қысқарту ; цифрлық майнинг үшін төлем мөлшерл емесін қайта карау бөлігінде жетілдіру	Қазақста н Республи ка с ы Заңының жобасы	2022 жылғы желтоқса н	н і , мүдделі МО, " Атамекен " ҰКП ( келісу бойынша )
9.	Салықты қ және кедендік әкімшіле ндіруді одан әрі цифрлан дыру	Үкіметке ақпарат	2022 жылғы желтоқса н	Қаржыми н і, ҰЭМ
2.3. Бюджет шығыстарының тиімділігі мен экономикалық қайтарымдылығын арттыру				
10.	Бюджетті жоспарла у кезіндегі блоктық тетік элементт ерін енгізу жөніндегі	Қазақста н Республи ка с ы Заңының жобасы	2022 жылғы маусым	ҰЭМ, Қаржыми н і ,

	з а н жобасын әзірлеу			мүдделі МО
11.	" Б " корпусын ы н мемлекет т і к әкімшілік лауазымд арын функцио налдық	бұйрық жобасы	2022 жылғы мамыр	МҚІА, Қаржыми ні, ҰЭМ
	блоктар бойынша бөлу жөніндегі әдістемес ін бекіту туралы" Қазақста н Республи касының Мемлеке ттік қызмет істері агенттігі төрағасы ның 2021 жылғы 11 тамыздағ ы № 138 бұйрығы н а толықты рулар енгізу			
12.	Стратеги ялық және бюджетті к жоспарла у саласынд а адами ресурста р д ы дамыту жөніндегі шаралард	бірлескен бұйрық жобасы	2022 жылғы желтоқса н	МҚІА, ҰЭМ, Қаржыми ні ,

ы ң кешенді жоспары н әзірлеу			мүдделі МО
" Қазақста н Республи касы Үкіметіні ң және жергілікт і атқаруш ы органдар дың мемлекет тік-жеке шелік әріптесті к жобалар ы бойынша мемлекет тік міндетте мелерінің , оның ішінде мемлекет			

13.	<p>тік концессиялық міндеттемелерінің лимиттерінің айқындау әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 26 қарашадағы № 731 бұйрығына әдістемені жетілдіру бөлігінде өзгерістер енгізу туралы</p>	бұйрық жобасы	2022 – 2023 жылдар	ҰЭМ,
-----	---	---------------	--------------------	------

				Қаржыми ні
14.	Мемлекеттік инвестициялық жобалардың экономикалық тиімділігі бойынша ұсынымдар әзірлеу	зерттеулер	2022 – 2023 жылдар	ҰЭМ
15.	МЖӘ тетіктерінің мемлекеттік сатып алу рәсімдеріне қатыспау үшін пайдалануды болдырмау және жоба бастамашылары мен мемлекет арасындағы міндеттерді, міндеттемелерді, кепілдіктерді, тәуекелдер мен кірістерді теңгерімді бөлуді қамтамасыз ету мақсатында жаңа тәсілдерін әзірлеу.	Қазақстан Республикасы	2022 жылғы маусым	ҰЭМ



	<p>МЖӘ тетіктері не жаңа тәсілдерді әзірлеу, іріктеудің және оларға қойылатын талаптардың қатаң және бағаланатын өлшемшарттарын енгізу. Іске асырылып жатқан және іске асыруға жоспарланған МЖӘ жобалары талаптарына сәйкестігін еталдау жүргізу</p>	<p>касы Заңының жобасы</p>	
<p>16.</p>	<p>Бюджет кодексіне бюджет шығыстарына шолу, қазынашылық органдарының қызметін жетілдіру жөніндегі нормалардың регламенттеу бойынша ұсыныста</p>	<p>Қазақстан Республикасы Заңының жобасы</p>	<p>2024 жыл</p> <p>ҰЭМ, Қаржымині,</p>

	р енгізу бөлігінде өзгерістер енгізу жөніндегі Қазақстан Республикасы Заңының жобасын әзірлеу			мүдделі МО
17	Бюджет кодексіне халықаралық стандарттарға сәйкес жасалған елдің шоғырландырылған қаржылық есептілік кезең-кезеңмен өтуін қамтамасыз ету бөлігінде өзгерістер енгізу жөніндегі Қазақстан Республикасы Заңының жобасын әзірлеу	Қазақстан Республикасы Заңының жобасы	2028 жыл	Қаржы министрі, Есеп Комитеті (келісу бойынша)
	Жалпы сипаттағы трансферттерді есептеудің жаңа әдістемесін ескеріп,			

<p>18. 2023 – 2025 жылдарға арналған республикалық және жергілікті бюджеттер арасындағы жалпы сипаттағы трансферттер туралы Қазақстан Республикасы Заңының жобасын әзірлеу</p>	<p>Қазақстан Республикасы Заңының жобасы</p>	<p>2022 жылғы тамыз</p>	<p>ҰЭМ, Қаржымыні</p>
<p>Бюджетаралық қатынастарды реформалау бөлігінде "</p>			

19.	<p>Қазақста н Республи касының кейбір заңнамал ы қ актілерін е Мемлеке т басшысы н ы ң жекелеге н тапсырма ларын іске асыру мәселеле р і бойынша өзгерісте р мен толықты рулар енгізу туралы" Қазақста н Республи касы Заңының жобасын әзірлеу</p>	<p>Қазақста н Республи касы Заңының жобасы</p>	2022 жыл	ҰЭМ,
-----	--	--	----------	------

				мүдделі МО
20.	"Жалпы сипаттағы трансфертердің есеп-кисаптар әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 11 желтоқсандағы № 139 бұйрығына өзгерістер енгізу	ҰЭМ бұйрық жобасы	2022 жыл	ҰЭМ, мүдделі МО
21.	"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілерінде мемлекеттік мүлікті басқаруды жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы"	Қазақстан Республикасы Заңының жобасы	2023 жыл	ҰЭМ, Қаржы министрі, Есеп комитеті (келісу)

	Қазақста н Республи касы Заңының жобасын әзірлеу			бойынша )
22.	Мемлеке ттің әртүрлі мемлекет тік меншік объектіле рімен операция жасауға айрықша құқықтар ын қоса алғанда, жер, су шаруашы лығы су айдындар ын, орман ресурста рын, жер қойнауын пайдалан у құқықтар ын, радиожіі лік спектрін және мемлекет тің басқа да активтері н беруге жария сауда- саттықты мемлекет тік мүлік тізіліміні ң www.gosr eestr.kz веб-порта л ы	Қазақста н Республи касының Үкіметін е есеп	2022 – 2023 жылдар	Қаржыми ні, АЕО ( келісу бойынша

	арқылы электрондық форматқа көшіру			), мүдделі МО
--	------------------------------------	--	--	---------------

### 3. Мемлекеттік борышты басқару саясаты

3-нысаналы индикатор. Мемлекеттік борышты 2030 жылы ЖІӨ-ге қатысты 35,0 %-дан асырмай сақтау, оның ішінде Үкімет борышын ЖІӨ-ге қатысты 30,0 %-дан асырмай, оның ішінде: - мемлекеттік борышты 2021 жылғы ЖІӨ-ге қатысты 27,4 %-дан асырмай; 2022 жылы ЖІӨ-ге қатысты 31,7 %; 2023 жылы ЖІӨ-ге қатысты 32,6 %; 2024 жылы ЖІӨ-ге қатысты 33,1 %; 2025 жылы ЖІӨ-ге қатысты 33,3 %; 2026 жылы ЖІӨ-ге қатысты 33,6 %; 2027 жылы ЖІӨ-ге қатысты 33,8 %; 2028 жылы ЖІӨ-ге қатысты 33,8 %; 2029 жылы ЖІӨ-ге қатысты 33,7 %; 2030 жылы ЖІӨ-ге қатысты 35,0 % сақтау;

- Үкімет борышын 2021 жылғы ЖІӨ-ге қатысты 23,0 %-дан асырмай; 2022 жылы ЖІӨ-ге қатысты 25,5 %; 2023 жылы ЖІӨ-ге қатысты 26,8 %; 2024 жылы ЖІӨ-ге қатысты 27,7 %; 2025 жылы ЖІӨ-ге қатысты 28,3 %; 2026 жылы ЖІӨ-ге қатысты 28,9 %; 2027 жылы ЖІӨ-ге қатысты 29,5 %; 2028 жылы ЖІӨ-ге қатысты 29,6 %; 2029 жылы ЖІӨ-ге қатысты 29,8 %; 2030 жылы ЖІӨ-ге қатысты 30,0 % сақтау.

23.	Бюджет кодексіне Ұ Б борышын мемлекеттік борыш құрылымынан алып тастау, қарыздар мен мемлекеттік кепілдіктер беруге қойылатын талаптарды жетілдіру бөлігінде өзгерістер енгізу	Қазақстан Республикасы Заңының жобасы	2022 жыл	ҰЭМ, Қаржы министрі, ҰБ (келісу бойынша)
	" Қазақста			

<p>24. Республиканың Үкіметі мен халықаралық қаржы ұйымдары арасындағы әріптестік туралы негіздемелік келісімдерді іске асыру жөніндегі үйлестіру Кеңесін құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 9 маусымдағы № 632 қаулысына оның құзыретінен кеңейту бөлігінде толықтырулар енгізу</p>	<p>Қазақстан Республикасының Үкіметінің жобасы</p>	<p>2022 жылғы 3-тоқсан</p>	<p>ҰЭМ, Қаржымині, мүдделі МО, мүдделі ұйымдар (келісу бойынша)</p>
<p>" Үкіметтік борыштың және жергілікті атқарушы органының лимитін, мемлекет</p>			



25.	<p>тік кепілдіктер мен мемлекет кепілгерліктерін беру лимиттерін айқындау ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 15 маусымдағы № 906 қаулысына өзгерістер енгізу</p>	<p>Қазақстан Республикасының Үкіметінің жобасы</p>	<p>2022 жылғы 4-тоқсан</p>	<p>ҰЭМ, Қаржымені, мүдделі МО</p>
26.	<p>"Квазимемлекеттік сектордың сыртқы және ішкі қарыздарына мониторинг жүргізу және бақылау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 20 сәуірдегі № 210 қаулысы</p>	<p>Қазақстан Республикасының Үкіметінің жобасы</p>	<p>2022 жылғы 4-тоқсан</p>	

	на өзгерісте р енгізу Обновле нный			Қаржыми ні, ҰЭМ
4. Бюджет процесінің айқындығын және ашықтығын арттыру				
27.	Қаражатты игеруден/ игермеуден нәтижелерге қол жеткізуге ауысу шеңберін де бағалау нәтижелерінің пайдалы болуы мен қолданылуына баса назар аударатырып, бағалау және мониторинг түрлерін жүйелеу	ПӘ-ге ұсыныстар	2023 жыл	Есеп комитеті, СЖРА (келісу бойынша), ҰЭМ, Қаржыми ні
	"Ашық бюджеттер" онлайн-порталының жұмысын жақсарту : "Ашық бюджеттер" порталында азаматтар үшін бюджетті	"Ашық бюджетті		

28.	к акпаратт ы берудің бірыңғай форматы н енгізу, нақты атау және кұрылым дау; "Ашық бюджетт е р " порталын д а қажетті акпаратт ы іздеу құралдар ы н жақсарту	е р " порталын ы ң жетілдірі лген функцио налы	2023 – 2025 жылдар	ЦИДАӨ М , Қаржыми н і , мүдделі МО
29.	Бюджетті к материал дарды, талдамал ы қ акпаратт ы ұсынуды ң интеракт ивті нысандар ы н пайдалан у	"Ашық бюджетт е р " порталын ы ң жетілдірі лген функцио налы	2023 – 2026 жылдар	ЦИДАӨ М , Қаржыми н і , мүдделі МО
30.	"Ашық бюджетт е р " интернет - порталын ың ашық материал дарын пайдалан а отырып , мобильді қосымша ларды және/ немесе	мобильді к сервис	2026 – 2027 жылдар	ЦИДАӨ М , Қаржыми н і ,

	сервисте р д і әзірлеу			мүдделі МО
5. Бюджет процесін автоматтандыру және цифрландыру				
31.	"Онлайн бюджеттік мониторинг" енгізу	ақпараттық жүйе	2022 – 2024 жылдар	Қаржымені, мүдделі МО
32.	"Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есептің бірыңғай ақпараттық жүйесін" енгізу	ақпараттық жүйе	2024 – 2025 жылдар	Қаржымені, мүдделі МО

Ескертпе: аббревиатуралар мен қысқарған сөздер:

АЕО	–	Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі "Ақпараттық-есептеу орталығы" акционерлік қоғамы
АҚШ	–	Америка Құрама Штаттары
"Атамекен" ҰКП	–	"Атамекен" Қазақстан Республикасының ұлттық кәсіпкерлер палатасы
АХҚО	–	"Астана" халықаралық қаржы орталығы
ӘӘДБ	–	әлеуметтік-экономикалық даму болжамы
БАҚ	–	бұқаралық ақпарат құралдары
БЖС	–	басқаруды жүзеге асырғаны үшін сыйақы
"БЕ БАЖ"	–	"Бухгалтерлік есептің бірыңғай ақпараттық жүйесі" пилоттық жобасы
БҚШ	–	бірыңғай қазынашылық шот
БТЕ	–	бюджеттік тәуекелдер туралы есеп
Бюджет кодексі	–	Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі

Бюджет саясаты тұжырымдамасы	–	Қазақстан Республикасының жаңа бюджет саясатының тұжырымдамасы
ЕЭО	–	Еуразиялық экономикалық одақ
ЕК	–	Еуропалық кеңес
Есеп Комитеті	–	Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті
ЕЭК	–	Еуразиялық экономикалық комиссия
ЖАО	–	жергілікті атқарушы органдар
ЖСҚ	–	жобалау-сметалық құжаттар
ЖІӨ	–	жалпы ішкі өнім
ИШӨ	–	инвестициялық шығындардың өтемақысы
КТС	–	корпоративтік табыс салығы
ҚАБШ	–	қолма-қол ақшаны бақылау шоты
Конвенция	–	Табыс пен капиталға қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық салудан жалтаруға жол бермеу туралы конвенция
Қазынашылық	–	Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті
Қаржымині	–	Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі
ҚҚС	–	қосылған құн салығы
ҚРҰҚ	–	Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры
ҚРҰҚ тұжырымдамасы	–	Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры қаражатын қалыптастыру және пайдалану тұжырымдамасы
МБҚ	–	мемлекеттік бағалы қағаздар
МЖӘ	–	мемлекеттік-жекешелік әріптестік
МЖӘ туралы заңы	–	"Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы" Қазақстан Республикасының Заңы
МЖАЖ	–	мемлекеттік жоспарлаудың ақпараттық жүйесі
МҚІА	–	Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі
МО	–	мемлекеттік органдар
ОШӨ	–	операциялық шығындардың өтемақысы

ПӘ	–	Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігі
"Самұрық-Қазына" ҰӘҚ	–	"Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамы
СЖРА	–	Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі
ҰБ	–	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі
ҰБОЕ	–	ұзақ мерзімді бюджеттік орнықтылығы туралы есеп
ҰЭМ	–	Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі
Үйлестіру кеңесі	–	Қазақстан Республикасының Үкіметі мен халықаралық қаржы ұйымдары арасындағы әріптестік туралы негіздемелік келісімдерді іске асыру жөніндегі үйлестіру кеңесі
ХҚҰ	–	халықаралық қаржы ұйымдары
ЦДИАӨМ	–	Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі
ШОБ	–	шағын және орта бизнес
ЭЗИ	–	"Экономикалық зерттеулер институті" акционерлік қоғамы
"ЭШФ" АЖ	–	"Электрондық шот-фактуралар" ақпараттық жүйесі
ЭЫДҰ	–	Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы